



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2 -ШІ ТОМЫ

Мазмұны**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ****ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп.....	1
Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп.....	3
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп.....	4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп.....	5

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1	Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі.....	7
2	Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері.....	8
3	Жаңа есептік ережелер.....	23
4	Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар.....	27
5	Сегменттер бойынша ақпарат.....	35
6	Байланысты тараптармен жүргізілген есептесулер мен операциялар.....	39
7	Негізгі құралдар.....	43
8	Материалдық емес активтер.....	44
9	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар.....	45
10	Өзге ұзақ мерзімді активтер.....	47
11	Тауар-материалдық қорлар.....	48
12	Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге дебиторлық берешек.....	48
13	Өзге қысқа мерзімді активтер.....	50
14	Ақша қаражаттары және оның эквиваленттері.....	51
15	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және істен шығарылған топ.....	51
16	Капитал.....	55
17	Қарыздар.....	57
18	Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер.....	65
19	Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге кредиторлық берешек.....	66
20	Түсім.....	66
21	Сатылымдардың өзіндік құны.....	67
22	Сату бойынша шығындар.....	67
23	Жалпы және өкімшілік шығындар.....	68
24	Өзге таза табыстар.....	68
25	Қаржылық кірістер.....	69
26	Қаржылық шығыстар.....	69
27	Салықтар.....	69
28	Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық төуекелдер.....	73
29	Бақыланбайтын үлес.....	77
30	Негізгі еншілес, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар.....	79
31	Санаттар бойынша қаржылық құралдар.....	81
32	Қаржылық төуекелдерді басқару.....	81
33	Өділ құн туралы ақпаратты ашу.....	85
34	Өділ құн туралы ақпаратты ашу (жалғасы).....	86
35	Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар.....	87

**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары
Шоғырландырылған қаржылық есептілік және
тәуелсіз аудитордың есебі**

31 желтоқсан 2017 ж.



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ АКЦИОНЕРІНЕ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ

Пікір

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бірілесіп «Топ» деп аталады) 2017 жылдың 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес барлық маңызды жақтарынан анық көрсетеді.

Аудит тақырыбы

Біз Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жүргіздік, ол келесілерді қамтиды:

- 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі пайда немесе шығын және басқа жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп;
- есеп саясатының негізгі ережелеріне және басқа да түсіндірме ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік (ХАС). Осы стандарттарға сәйкес Біздің жауапкершілігіміз «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде төменде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негізді қамтамасыз ету үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп есептейміз.

Тәуелсіздік

Біз халықаралық бухгалтерлер этика стандарттары Кеңесінің профессионалды бухгалтерлер этика Кодексіне (ХБЭСК) сәйкес Топқа тәуелсізбіз. Біз ХБЭСК Кодексіне сәйкес өзге этикалық міндеттерді орындадық.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
Әл-Фараби даң., 34-ғимарат А, 4 қабат, 050059 Алматы, Қазақстан
Т: +7 (727) 330 32 00, Ф: +7 (727) 244 68 68, www.pwc.kz




ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

2 - бет

Біздің аудит тәсіліміз

Қысқаша шолу



Біздің аудит методологиямыз маңыздылықты анықтау және шоғырландырылған қаржылық есептің маңызды бұрмалануының тәуекелдерін бағалауын қамтиды. Атап айтқанда, біз қай жерлерде басшылық субъективті пайымдау жасағанын талдадық, мысалы, жорамалдар мен табиғатына байланысты белгісіз болашақтағы оқиғаларды талдауды талап ететін маңызды бухгалтерлік бағалауларды. Біз сондай-ақ басшылықтың ішкі бақылауларды елемей тәуекелін қарастырдық, соның ішінде, басқа да мәселелермен қатар, алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмалау қауіп белгілерінің барлығын бағаладық.

Маңыздылық

Аудит көлемін анықтауға маңыздылықты қолдануымыз септігін тигізді. Аудит қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулардың болмауына жеткілікті сенімділік алу үшін жобаланған. Бұрмалау алаяқтық немесе қателіктер салдарынан туындауы мүмкін. Олар маңызды болып саналады, егер жеке немесе жиынтығында, олар шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етуіне негіз бар деп күтілсе.

Біз өзіміздің кәсіби пікірімізге сүйене отырып, маңыздылық үшін қажет төмендегі кестеде көрсетілгендей белгілі бір сандық мөлшердегі шектер орнаттық, соның ішінде тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржы есептілігі үшін жалпы топтық маңыздылық үшін. Осы мөлшерлердің арқасында, және де сапалы факторларды есепке ала отырып, біз аудиттің көлемін, түрін, мерзімін және біздің аудиторлық шаралардың ауқымын анықтадық, сондай-ақ бұрмалаулардың жеке немесе жиынтығында шоғырландырылған қаржылық есепке тигізетін септігін бағаладық, тұтастай алғанда.



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

3 – бет

<i>Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деңгейіндегі маңыздылық</i>	2017 жылға 2 млрд. теңге
<i>Берілген деңгей қалай анықталды</i>	Табыстың 1%
<i>Маңыздылық белгілерін қолдану негіздері</i>	Біз бағдарлық көрсеткіш ретінде табысты таңдадық. Біз өткен жылғыдай салық салынғанға дейінгі пайданы оның ауытқуына байланысты қолданған жоқпыз. Оның орнына біз көп өзгеріске ұшырамайтын және Топтың қызметінің нәтижесін бағалау мақсатында Акционердің қолданатын табыс көрсеткішін қолдандық. Біз табыс көрсеткіші шоғырландырылған қаржылық есептіліктің пайдаланушылары қолданатын көпшілік мақұлдаған бағдарлық көрсеткіш болып табылады деп сенеміз. Біз табыстың 1% тең болатын маңыздылықты орнаттық. Біздің кәсіби пікіріміз бойынша бұл маңыздылық қолайлы сандық шектемелер ауқымына кіреді.

Аудиттің негізгі мәселелері

Негізгі аудит мәселелері, біздің кәсіби пікіріміз бойынша, ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілген аудит үшін маңызды деп есептелінетін мәселелер болып табылады. Біз бұл мәселелерді шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілген аудит мәтінінде біртұтас алып қарастырдық, және бұл мәселелерге байланысты бөлек пікір білдірмейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудит барысында аудиттың негізгі мәселелері қалай ескерілді
-----------------------------	---

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің №4 ескертуін қараңыз

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық қаржылық емес активтерінің құнсыздану индикаторына жасалған талдау негізінде жақын арада болған тарифтерді реттейтін заңнамалардағы өзгерістер мен 2017 жыл бойында орташа өлшемді тариф деңгейінің төмендеуі қаржылық емес активтерінің құнсыздану ықтималдығының факторы болып табылады деген қорытындыға келді.

Біз Топтың негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына, олардың маңыздылығын ескере отырып оларға ерекше назар аудардық (2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың 82% активін құрайтын негізгі құралдар мен материалдық

Топ басшылығы тәуелсіз сарапшыларды негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануын тексеру мақсатында жалдады.

Біз қаржылық емес активтердің құнсыздануының тексеру үшін басшылық жалдаған тәуелсіз сарапшылардың қолданылған моделдерін алып, танысып және бағалап, сондай-ақ олардың әдістемесін және негізгі пайымдауларын бағаладық, және олардың бюджеттер мен бизнес-жоспарларға, сыртқы ақпараттарға және біздің сараптамаға сәйкестігін, саланың ерекшелігін назарға ескере отырып тексердік.



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

4 - бет

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудит барысында аудиттың негізгі мәселелері қалай ескерілді
-----------------------------	---

емес активтер 784,364,100 мың теңгеге тең), сондай-ақ осыған байланысты, басшылықтың негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің пайдалану құндылығын бағалау күрделі мәселе болып табылады, себебі, ол Топтың болашақ нарықтық және экономикалық жағдайы мен қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қатысты елеулі пайымдаулар мен бағалауларды қолдануға негізделген.

Басшылықтың негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануын бағалауына қатысты біз төмендегідей шараларды атқардық:

- басшылық жалдаған тәуелсіз сарапшылардың құзыреттілігін, біліктілігін, тәжірибесін және объективтілігін бағалау;
- басқа топтардан дербес ақша қаражатының ағындарын тудыратын анықталатын активтер топтарын анықтауды талдау;
- тексеру жүргізу барысындағы басшылықтың негізгі пайымдауларының нақтылығы мен орындылығын тексеру;
- модельдердің басқа да кіріс мәліметтерін және оларды растайтын құжаттармен салыстыру, соның ішінде Даму Жоспары және Даму Жоспардың іс жүзіндегі нәтижелерімен салыстыру сияқты, егер олар орынды деп танылған жағдайда;
- құнсыздануға тексеруді бағалау мақсатында басшылықпен бірқатар сұхбаттарды жүргізу;
- өткен жылдың болжамымен салыстырғанда өткен жылдағы нақты көрсеткіштерді бағалау;
- негізгі жорамалдардың негіздемелі мүмкін өзгерістерінің ықпал етуін қарастыру.

Біз сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептің 4-ескертпесіндегі ақпараттың ашылуының жеткіліктілігіне назар салдық.

Жүргізілген шаралардың нәтижесінде, біз келесі қорытындыға келдік: қолданылған негізгі жорамалдар тиісті ағымдағы жағдайларға лайықты, қаржы есептілігінде көрсетілген құнсызданудан болған шығын сомасы жеткілікті, ал ақпараттың ашылуы ХҚЕС (IAS) 36 "Активтердің құнсыздануы" стандартына сәйкес.



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)
5 – бет

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудит барысында Аудиттің негізгі мәселелері қалай ескерілді
-----------------------------	---

ЕМАЭС–2-ге жасалған инвестицияның құнсыздануы.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің №4 ескертуін қараңыз

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізілген құнсыздануын тексеру нәтижесінде Топ ЕМАЭС–2-нің негізгі құралдардың 5,843,710 мың теңге мөлшерінде құнсыздануын бірлескен кәсіпорындар табыстары құрамында есептеді. Орташа өлшемді тарифтің деңгейінің төмендеуі, өндірілетін және сатылатын электр энергиясының көлемінің төмендеуі 2017 жылғы 31 желтоқсанындағы құнсызданудың негізгі факторы болып табылды.

Топтың 2017 жылғы 31 желтоқсандағы ЕМАЭС–2-ге жасаған инвестицияның құны 22,264,624 мың теңгеге тең.

Біз осы инвестицияның құнсыздану мөлшерінің маңыздылығы мен оның өтетелгін сомасын бағалау үдерісінің күрделілігін ескере отырып бұл сұраққа ерекше назар аудардық.

БЖЭС инвестициясының құнсыздануы

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің №4 және №9 ескертулерін қараңыз

БЖЭС-ті жобалау, жеткізу және салуға келісімшарттың (“ЕРС келісімшартты”) Samsung Engineering Ltd және Samsung C&T (“Консорциум”) тарапынан бұзылуы, келісімшартты бұзуға байланысты төлем жасау бойынша соңғы талабын жолдауы және әзірлеуші зауыттағы жабдықты кәдеге жаратуға нұсқау берілуі Топ басшылығымен БЖЭС инвестициясының құнсыздану белгісі болып есептелді. Соған сәйкес, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топ БЖЭС-ке салған инвестицияның құнсыздануы салдарынан шеккен 27,570,522 мың теңге мөлшеріндегі залалды таныды.

Біз аталған инвестицияның баланстық құнының маңыздылығын ескере отырып, бұл сұраққа ерекше назар аудардық.

Біз компонент аудитторының жұмыс құжаттамасына шолу жасап, онымен ЕМАЭС–2-нің негізгі құралдарын құнсыздану тексеру моделінде басшылық қолданған әдіснамасы мен негізгі жорамалдарын талқыладық. Біз негізгі жорамалдардың біздің ЕМАЭС–2 операциялары туралы негізгі түсініктерімізге қаншалықты сәйкес келетінін бағаладық.

Сонымен қатар, біз Топтың басшылығымен және Аудит Комитетімен аталған инвестицияға қатысты болашақ жоспарларды талқыладық.

Біз сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептің 4-ескертпесіндегі ақпараттың ашылуының жеткіліктілігіне назар салдық.

Жүргізілген рәсімдер нәтижесінде біз басшылық қолданған негізгі болжамдар казіргі жағдайда қолайлы, шоғырланған қаржылық есептілікте есептелген құнсыздану және ескертпеліктер жеткілікті және ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» талаптарына сәйкес деген шешімге келдік.

Біз БЖЭС қаржылық ақпараттарына қатысты таңдаулы аудиторлық шараларды жүргіздік.

Біз Компания, БЖЭС және Консорциум арасындағы хат-хабарларды алдық және зерттедік, соның ішінде ЕРС келісімшартын бұзу туралы хабарламаны және ЕРС келісімшарты тоқтатылғанына байланысты ақырғы төлем талаптарын зерттедік. Біз БЖЭС жабдықтарының тізімін және аяқталмаған құрылысын талдадық.

Алынған ақпарат бойынша Топтың БЖЭС инвестициясының мөлшерін бағаладық.

Біз сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептің 4-ескертпесіндегі ақпараттың ашылуының жеткіліктілігіне назар салдық.



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)
6 - бет

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудит барысында Аудиттің негізгі мәселелері қалай ескерілді
-----------------------------	---

Жүргізілген рәсімдер нәтижесінде біз басшылық қолданған негізгі болжамдар казіргі жағдайда қолайлы, шоғырланған қаржылық есептілікте есептелген құнсыздану және ескертпеліктер жеткілікті және ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» талаптарына сәйкес деген шешімге келдік.

БЖЭС-тегі үлесті сатып алу міндетмесіне байланысты шартты міндеттеме

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің №4 ескертуін қараңыз

Топ және Samsung C&T бірлесіп «Балқаш ЖЭС құрылысы» жобасына қатысады. «Балқаш ЖЭС құрылысы» жобасына байланысты Компания БЖЭС акцияларына қатысты Samsung C&T-мен «Опциондық келісімді» («Опциондық келісім») жасасты. Опциондық келісім шарттары бойынша кейбір жағдайларда Samsung C&T Компаниядан өзінің БЖЭС-тағы үлесін сатып алуды талап ете алады. 2016 жылы 31 тамызда Samsung C&T Компанияның атына Опциондық келісімге сәйкес акцияларды сатуға қатысты опционды орындау туралы хабарлама жіберді. Samsung C&T опционды орындау құнын 192 миллион АҚШ доллары сомасына бағалады.

Қазіргі таңда үкіметтік деңгейде Samsung C&T корпорациясының жобадан шығуымен, соның ішінде опционды орындау бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұстанымын және келіссөздердің ағымдағы нәтижесін назарға ала отырып, Топ опционды орындауға қатысты маңызды экономикалық ресурстардың кету ықтималдығы жоғары емес деп санайды. Осыған байланысты 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін және осы жылғы жағдай бойынша шоғырланған қаржылық есептілікте Топ Samsung C&T талап еткен опционды орындауға қатысты қандай да бір резервтерді құрған жоқ.

Сонымен бірге Топ басшылығы жоғарыда аталған келіссөздер мен реттеу нәтижесінде қол жеткізілуі мүмкін болатын уағдаластыққа қатысты анықтықтың жоқ

Біз Опциондық келісім шартты, опционды орындау туралы хабарламаны және осы сұраққа қатысты шоғырландырылған қаржылық есептің 4-ескертпесінде көрсетілген хаттамаларды, басқа да құжаттарды алдық және де оларды талдадық.

Біз Samsung C & T компаниясымен келіссөздер жүргізу үшін жауапты Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілімен кездестік және осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Компанияның ұстанымы туралы түсінік алдық.

Біз БЖЭС-ке жасалған инвестиция және Samsung C&T Corporation сату опционына қатысты ақпаратты ашу мен ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы», ХҚЕС (IAS) 37 «Резервтер, шартты міндеттемелер мен шартты активтер», ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» және ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» техникалық талаптарын қарастырдық. Жүргізілген рәсімдердің нәтижесінде, инвестиция мен міндеттемелердің баланстық құнына біз қандай да бір түзетулер ұсынған жоқпыз.

Біз аудиторлық қорытындының шығарылу күні жағдайында осы жобаның жалғасу шарттарына қатысты келіссөздер аяқталмағанын, және тиісінше, аталған шарттардың барлық тартылған тараптарға міндеттеу сипаты бар формасында бекітілмегеніне назар аударамыз. Барлық жоғарыда айтылған мәселелерге қатысты болашақтағы оқиғаларды алдын ала болжау мүмкін емес болғандықтан, қосымша міндеттемелердің пайда болуына деген белгісіздік орын алып отыр.

Бұл ретте, аталған сұраққа қатысты шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпараттың



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

7 – бет

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудит барысында Аудиттің негізгі мәселелері қалай ескерілді
екенін атап көрсетеді. Тараптар уағдаластыққа қол жеткізе алмаған жағдайда, Samsung C&T корпорациясының сот инстанцияларында Компанияға қарсы дау қозғау ықтималдығы туралы қауіп бар. Топ басшылығы Samsung C&T компаниясының опцион шарттарын пайдалануына құқығы болған жоқ және оған қарсы жақсы қорғану желісі бар деп санайды, оның ішінде қарсы тараптың шағым нақты жағдайларға сәйкес келеді деп негіздеуге қабілетсіздігінің нәтижесінде.	ашылуына көңіл бөлдік, және оны жеткілікті және орынды деп қорытындыладық.
Біз аталған сұрақтың шоғырланған қаржылық есептілігіне маңыздылығын ескере отырып, бұл сұраққа ерекше назар аудардық.	

Топ аудитінің көлемін анықтау

Біз аудит көлемін шоғырландырылған қаржылық есептілікке тұтастай Топтың құрылымын есепке ала отырып, және Топ қолданатын есептік процесстер мен бақылау құралдарын, сондай-ақ, Топ қызмет ететін саланың ерекшелігін есепке ала отырып, өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті жұмыс көлемін орындай алатындай анықтадық.

Топтық аудитке жалпы тәсілді айқындаған кезде біз өзіміз, топтық аудитор ретінде жасайтын немесе нұсқаулықтарға сәйкес жұмыс істейтін басқа да аудиторлық фирмаларды қоса алғанда компоненттік аудиторлар жасайтын жұмыстың түрін анықтадық. Жұмыстарды компонент аудиторлары жүзеге асырған жағдайда, біз тұтастай алғанда Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесі туралы пікірімізді білдіруге негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер алынған деп тұжырымдау үшін осы компоненттердің аудитіне қатысуымыздың қажетті деңгейін анықтадық.

Топтың активтері мен операциялары 26 субъект (компонент) бойынша бөлінген, оның ішінде бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар бар. Солардың ішінен біз 13-ін маңызды компонент деп таптық, құрамында Компания және оның 9 еншілес компаниясы, оның ішінде 4-і сатылып кетті, 2 бірлескен кәсіпорын мен 1 қауымдасқан компания бар.

12 маңызды компонентерге біз немесе өзге тәуілсіз аудиторлар Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін пайдаланатын компоненттердің қаржылық ақпаратын толық тексердік. Біз 1 қауымдасқан кәсіпорынына таңдап алған аудиторлық шараларды орындадық. Біз өзге аудиторлардың жасаған жұмыс құжаттамасына шолу жасап, олармен негізгі жорамалдарды және әдіснамаларды талқылап, олардың СМЭСБ Кодексі талаптарына сәйкес тәуелсіздігіне растау алдық. Сондай-ақ, біз негізгі аудит мәселелерін басшылықпен және Аудит Комитетімен талқыладық. Топтың өзге компанияларын біз маңызды емес деп танып, олардың ең маңызды деп танылған қаржылық есептіліктің қатарларына аудиторлық рәсімдер мен жалпы аналитикалық рәсімдер жүргіздік.

Жалпы, біз жүргізген аудиттің көлемі Топтың барлық активтерінің 90%-ын, жалпы түсімнің 95%-дан көбін және таза пайданың абсолюттік мәнінің 90%-ын қамтыды. Жоғарыда айтылған біз жүргізген рәсімдер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты жеткілікті әрі



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

8 - бет

тиісті дәлелдерді алуға және біздің аудиторлық қорытындының негізін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат жылдық есепті қамтиды, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен оған тәуелсіз аудитордың қорытындысын қамтымайды. Бұл есеп, шамамен, біздің аудиторлық қорытындының күнінен соң бізге берілетін болады.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша пікіріміз өзге ақпараты қамтымайды, және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір формада сенімділік білдіретін қорытынды жасамаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілген аудитке байланысты, біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратты алған кезде, онымен танысып, және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есеп немесе біз аудит барысында алған біліміміз арасында маңызды келіспеушіліктердің бар болуы туралы, және өзге ақпараттың басқа мүмкін маңызды бұрмалаулары бар болуы туралы сұрақтарды қарастыру болып табылады.

Егер жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратпен танысу барысында, оның маңызды бұрмалауы бар туралы қорытындыға келсек, біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға айтуға міндеттіміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты адамдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалуына және дұрыс ұсынылуына, басшылықтың қаржылық есептілікті дайындауға қажетті деп санайтын ішкі бақылауына және алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан айтарлықтай бұрмаланбауына жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті даярлай отырып, басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалауға, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті жағдайлардағы мәліметтерді ашуға, және есептіліктің қызметтің үздіксіздігі жорамалының негізінде жасалуына жауапкершілік алады, басшылық Топты жоюға, қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайды, немесе қызметті тоқтату мен жоюдан басқа нақты қандай да бір балама болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау процессін қадағалауға жауапкершілік алады.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілікте алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан туындайтын елеулі бұрмалаулардың жоқ екендігі туралы сапалы кепілділікті алу, және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығару болып табылады. Сапалы кепілділік дегеніміз, жоғары деңгейдегі кепілділікті білдіреді, бірақ ХАС-на сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулардың бар болған жағдайында, оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік болып саналмайды. Бұрмалаулар алақол әрекеттер мен қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін, және егер олар, жеке немесе тұтастай қолданушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне айтарлықтай ықпалын тигізеді деп негізді болжауға болатын болса, маңызды болып есептелінеді.

ХАС-на тиісті жүргізілетін аудит барысында, біз кәсіби пікір қолданып, кәсіби күдікшілдікті сақтаймыз. Бұдан басқа, біз төмендегілерді орындаймыз:



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

9 – бет

- алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі айтарлықтай бұрмалаулардың тәуекелдерін айқындаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді жобалаймыз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін, жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Алақол әрекеттердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелі, қателіктердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелінен жоғарырақ, себебі, алақол әрекеттерге келісу, жалғандық қасақана жіберу, ақпаратты бұрмаланған күйінде беру немесе ішкі бақылауды айналып өтетін іс-әрекеттер жатады;
- тиісті жағдайларға қатысты аудиторлық рәсімдерді жобалау мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесіне түсінік аламыз, бірақ Топтың ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылған есеп саясатының орындылығын, басшылық дайындаған тиісті ақпараттың ашылуы мен бухгалтерлік бағалардың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың үздіксіз қызмет туралы жорамалдың қолданылуының орындылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілеттілігіне елеулі күмәндар тудыратын оқиғалар мен жағдайларға байланысты маңызды белгісіздіктердің бар болуы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біздің қорытындыда маңызды белгісіздік болған жағдайда, біз өз қорытындымызда шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпараттың ашылуына назар аудару керекпіз, егер ондай ақпараттың ашылуы орынсыз болған жағдайда, біз өз пікірімізді өзгерту керекпіз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытындының шығарылу күніне дейінгі жиналған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, одан кейін болатын оқиғалар немесе шарттар Топтың қызметінің үздіксіздік қабілеттілігін тоқтатуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- жалпы ұсынылуына, құрылымы мен мазмұнына, ақпараттың ашылуына, және де негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды осы шоғырландырылған қаржы есептілікте дұрыс ұсынылғанына баға береміз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру үшін, Топқа кіретін ұйымдар немесе кәсіпкерлік қызметтердің қаржылық ақпараттарына қатысты жеткілікті аудиторлық дәлелдемелерді алу. Біз Топ аудитінің басқаруына, бақылауына және жүргізілуіне жауап береміз. Біз өз пікірімізге толықтай жауапкершілік аламыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижелерінен туындаған маңызды қорытындылар туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды ұстанғанымыз туралы хабарлаймыз, және аудитордың тәуелсіздігіне ықпал етуіне негізі бар деп санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге сұрақтар туралы, және қажет болған жағдайда, тиісті сақтық шаралары туралы мәлімдейміз.



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

10 – бет

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға берілген мәліметтердің ішінен, біз ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін маңызды болып саналатындарын анықтаймыз және сондықтан олар аудиттің негізгі мәселелері болып есептеледі. Бұл мәселелерді өз қорытындымызда баяндаймыз, келесі жағдайлардан басқа кездерде: жария етуге заңды түрде немесе нормативтік актпен тыйым салынғанда, немесе сирек жағдайларда біз бұл ақпараттың біздің қорытындымызда хабарлануының қажет емес жағдайларда, өйткені бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудың қоғамдық маңызы бар пайдасынан асып кетеді.

PricewaterhouseCoopers LLP

Алматы, Қазақстан
2018 жылғы 5 маусым

Бекітілді:

Дана Инкарбекова

«Прайсуотерхаус Коуперс» ЖШС
Басқарушы директоры

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы №0000005
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:

Бауржан Бурханбеков

Осы аудиторлық қорытынды
шығарылған аудит бойынша
тапсырманың жетекшісі

Аудитор-орындаушы
(2006 жылғы 30 қазандағы №0000586
Аудитордың Квалификациялық куәлігі)

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	7	780,565,005	776,271,640
Инвестициялық меншік		531,852	667,785
Материалдық емес активтер	8	3,799,095	2,205,269
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға салынған инвестициялар	9	52,888,220	85,906,040
Өзге ұзақ мерзімді активтер	10	17,991,254	17,853,935
Барлық ұзақ мерзімді активтер		855,775,426	882,904,669
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар	11	9,046,924	9,681,538
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге дебиторлық берешек	12	23,956,827	16,160,097
Өзге қысқа мерзімді активтер	13	18,531,019	44,776,628
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1,432,148	1,227,286
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	14	32,719,043	17,350,461
Сатуға арналған істен шығарылған топтың активтері		14,816,829	76,947,129
Барлық қысқа мерзімді активтер		100,502,790	166,143,139
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		956,278,216	1,049,047,808

Басшылық атынан 2018 жылы 5 маусымда қол қойылды.


Өлиев Ерлан Жейбіулы
Экономика және қаржы жөніндегі
басқарушы директордың м.а.




Төлекова Сәуле Бекзадақызы
«Бухгалтерлік және Салық Есебі»
департаментінің директоры – Бас
бухгалтер

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	16	373,314,888	373,314,888
Өзге резервтегі капитал	16	127,546,130	127,639,377
Бөлінбеген пайда		(22,057,982)	12,481,878
Топ акционерлеріне тиесілі капитал		478,803,036	513,436,143
Бақыланбайтын акционерлердің үлесі	29	707,640	3,159,992
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		479,510,676	516,596,135
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Күл үйінділерін жоюға арналған резерв	28	2,279,270	1,473,639
Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер		1,314,015	1,087,713
Заемдар	17	312,574,158	194,444,957
Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер	18	4,443,216	3,594,317
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	27	82,058,114	80,218,904
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		402,668,773	280,819,530
Қысқа мерзімді міндеттемелер	28		
Күл үйінділерін жоюға арналған резерв		125,000	163,458
Заемдар	17	45,912,886	193,115,643
Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер		120,361	107,624
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге кредиторлық берешек	19	24,897,537	24,136,902
Бюджетке төленетін салықтар және басқа төлемдер бойынша берешек	27	2,600,743	2,532,182
Төлеуге бөлінген табыс салығы	27	369,334	168,687
Сатуға арналған істен шығарылған топтың міндеттемелері	15	72,906	31,407,647
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		74,098,767	251,632,143
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		476,767,540	532,451,673
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		956,278,216	1,049,047,808

Басшылық атынан 2018 жылы 5 маусымда қол қойылды

Өліев Ерлан Жеңісұлы
Экономика және қаржы жөніндегі
басқарушы директордың м.а.

Төпекова Сәуле Бекзадақызы
«Бухгалтерлік және Салық Есебі»
департаментінің директоры – Бас
бухгалтер

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Түсім	20	219,891,946	181,310,058
Сатылымдардың өзіндік құны	21	(159,611,335)	(136,126,532)
Жалпы пайда		60,280,611	45,183,526
Сату бойынша шығыстар	22	(15,144,907)	(3,016,770)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	23	(12,708,892)	(12,826,178)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың табыстарындағы үлес және инвестициялардың құнсыздануы	9	(26,635,738)	4,894,680
Өзге табыстар	24	2,982,729	1,700,500
Өзге шығыстар	24	(2,844,846)	(1,958,096)
Қаржылық кірістер	25	2,805,327	7,658,467
Қаржылық шығыстар	26	(32,054,496)	(19,217,534)
Салық салынғанға дейінгі пайда/(залал)		(23,320,212)	22,418,595
Табыс салығы бойынша шығыстар	27	(5,553,184)	(6,520,991)
Жалғасып отырған қызметтен түскен бір жыл ішіндегі пайда (залал)		(28,873,396)	15,897,604
Тоқтатылған қызметтен түскен бір жыл ішіндегі пайда	15	1,670,239	2,493,703
Жыл ішіндегі барлық пайда/(залал)		(27,203,157)	18,391,307
Басқа жиынтық (залал) /табыс			
Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелмейтін баптар			
Еңбек қызметі аяқталған соң сыйақылар бойынша міндеттемелерді қайта бағалау		(93,247)	61,271
Жыл ішіндегі барлық жиынтық (залал)/табыс		(27,296,404)	18,452,578
Тиесілі пайда:			
Топ акционерлеріне		(27,883,943)	17,759,303
Бақыланбайтын үлесіне		680,786	632,004
Жыл ішіндегі пайда (залал)		(27,203,157)	18,391,307
Барлық тиесілі жиынтық табыс/(залал):			
Топ акционерлеріне		(27,977,190)	17,820,574
Бақыланбайтын үлесіне		680,786	632,004
Жыл ішіндегі барлық жиынтық табыс/(залал)		(27,296,404)	18,452,578

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескерт пе	Топ акционерлеріне тиесілі				Бақылан- байтын үлес	Барлық капитал
		Акцио- нерлік капитал	Өзге резервтегі капитал	Бөлінбеген пайда	Барлығы		
2016 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық		355,650,405	127,578,106	(3,236,425)	479,992,086	2,528,351	482,520,437
Жыл ішіндегі пайда		-	-	17,759,303	17,759,303	632,004	18,391,307
Өзге жиынтық табыс		-	61,271	-	61,271	-	61,271
Барлық жиынтық табыс		-	61,271	17,759,303	17,820,574	632,004	18,452,578
Акциялардың эмиссиясы	16	17,664,483	-	-	17,664,483	-	17,664,483
«Қарағанда- гипрошахт» ЖШС-ті сату		-	-	-	-	(363)	(363)
Дивидендтер		-	-	(2,041,000)	(2,041,000)	-	(2,041,000)
2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық		373,314,888	127,639,377	12,481,878	513,436,143	3,159,992	516,596,135
Жыл ішіндегі залал		-	-	(27,883,943)	(27,883,943)	680,786	(27,203,157)
Өзге жиынтық залал		-	(93,247)	-	(93,247)	-	(93,247)
Барлық жиынтық залал		-	(93,247)	(27,883,943)	(27,977,190)	680,786	(27,296,404)
Капиталдың өзге бөлініс	16	-	-	(1,951,020)	((1,951,020)	-	(1,951,020)
Істен шыққан еншілес ұйымдардың аз бөлігінің үлесі				-	-	(3,133,138)	(3,133,138)
Дивидендтер	16			(4,704,897)	(4,704,897)	-	(4,704,897)
2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық		373,314,888	127,546,130	(22,057,982)	478,803,036	707,640	479,510,676

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	2017 ж.	2016 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Жалғасып отырған қызметтен салық салғанға дейінгі түскен залал (пайда)		(23,320,212)	22,418,595
Тоқтатылған қызметтен салық салғанға дейінгі түскен пайда		8,010,808	3,755,707
Мыналарға түзетулер:			
Тозу және амортизация		44,947,935	46,020,214
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің істен шығуынан болған залалдар		253,036	478,581
Активтердің құнсыздануынан болған залалдар		1,533,155	1,014,843
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру		(15,106)	(1,237,693)
Қосымша қуаттарды іске қосудан түскен табыстардың амортизациясы		(448,057)	(342,659)
Қаржылық шығыстар		33,061,205	20,022,247
Қаржылық кірістер		(3,009,950)	(7,824,830)
Инвестицияның құнсыздануы және бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың залалдарындағы үлес		26,635,738	(4,894,680)
Өзге түзетулер		(59,209)	-
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		87,589,343	79,410,325
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешектің және өзге дебиторлық берешектің, сондай-ақ өзге қысқа мерзімді активтердің (көбеюі)/азаяуы		(9,201,595)	5,417,137
Тауар-материалдық қорлардың (көбеюі)/азаяуы		(573,430)	2,653,793
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешектің және өзге кредиторлық берешектің, сондай-ақ өзге ұзақ мерзімді міндеттемелердің (көбеюі)/азаяуы		3,838,386	(7,980,798)
Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша берешектің (көбеюі)/азаяуы		185,827	(377,978)
Төлеуге бөлінген салықтың көбеюі		1,522,714	590,413
Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттары		83,361,245	79,712,892
Төленген табыс салығы		(4,072,843)	(3,909,204)
Төленген пайыздар		(20,811,669)	(15,058,018)
Алынған дивидендтер		6,829,180	3,900,202
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары, оның ішінде		65,305,913	64,645,872
Тоқтатылған операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты		8,201,565	6,275,911
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Негізгі құралдарды сатып алу		(47,284,877)	(84,357,325)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(1,628,324)	(455,474)
Негізгі құралдар үшін берілген аванстарды қайтару		2,200,000	
Алынған пайыздық табыс		2,480,519	3,000,681
Еншілес ұйымдардың істен шығуынан түскен түсімдер, олардың құрамынан шыққан ақша қаражаттарын шегергендегі		13,581,324	133,703
Негізгі құралдарды сатудан түскен ақша қаражаты		170,802	27,747
Банк депозиттерін қайтару/(орналастыру), нетто		21,484,539	(1,909,345)
Шектеулі ақша қаражаттарының көбеюі		(513,167)	
Эмитенттердің облигацияларды өтеуі		220,000	6,724,600
Өзге төлемдер		(250,001)	(559,551)
Қауымдасқан компаниялардағы қатысу үлесін сатып алу		-	(12,483,260)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға қатысу үлесін сатудан түскен түсім		-	2,194,110
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары, оның ішінде		(9,539,185)	(87,684,114)
Инвестициялық тоқтатылған қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары		(9,675,657)	(14,316,012)

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)

Қазақстан төңгесімен, мың	Ескертпе	2017ж.	2016 ж.
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		-	17,664,483
Акциялар эмиссиясынан түскен түсім			71,758,316
Қарыздар түсімі	181,166,446		(77,790,112)
Қарыздарды өтеу	(68,803,062)		
Шығарылған облигациялар бойынша түсімдер	20,084,686		-
Шығарылған облигациялар бойынша негізгі қарызды төлеу	(167,994,272)		-
Өзге түсімдер	5,252		30,000
Акциягерлерге төленген дивидендтер	(4,704,897)		(2,041,000)
Бақыланбайтын акциягерлердің үлесіне төленген дивидендтер	(300,790)		(193,094)
Акциягердің пайдасына есептелген өзге төлемдер	(84,413)		(71,704)
Өзге төлемдер	(1,135,954)		(160,729)
Қаржылық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша қаражаттары, оның ішінде	(41,767,004)		9,196,160
Тоқтатылған қаржылық қызметтен алынған таза ақша қаражаты	227,561		7,976,639
Валюта айырбас бағамының ақша қаражаттарына және оның эквиваленттеріне өсері		122,327	523,164
Ақша қаражатының таза көбеюі/азаяуы, оның ішінде	14,122,051		(13,318,918)
Тоқтатылған қызметтен түскен ақша қаражатының таза азаюы	(1,246,531)		(63,462)
Жыл басындағы ақша қаражаттары, оның ішінде:	18,608,593		31,927,511
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша жыл басындағы ақша қаражаттары	17,350,461		-
Тоқтатылған қызмет бойынша жыл басындағы ақша қаражаттары	1,258,132		-
Жыл соңындағы ақша қаражаты, оның ішінде:	32,730,644		18,608,593
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша жыл соңындағы ақша қаражаты	32,719,043		17,350,461
Тоқтатылған қызмет бойынша жыл соңындағы ақша қаражаты	11,601		1,258,132

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептегі сомалар тоқтатылған қызмет ескеріле отырып, жалпы негізде ұсынылды.

Инвестициялық қызметте қолданылған ақша қаражаттары айырбастау арқылы жүзеге асырылған облигацияларды сатып алуды қамтымайды (6-ескертпе).

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Компания») мен оның еншілес компаниялары (бұдан әрі – бірлесіп «Топ» деп аталады) үшін 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС-ке) сәйкес әзірленді.

«Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі - «Компания») 2007 жылы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған. Топ Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – «ҚР») энергетикалық кешенінің кәсіпорындарын шоғырландыру мақсатында құрылды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады (16-ескертпе). ҚР Үкіметі - Компанияның түпкі бақылаушы тарабы.

Негізгі қызмет

Топ қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек, су ресурстары мен жаңартылатын энергия көздері негізінде электр және жылу энергиясын, ыстық суды өндіру, оларды халыққа, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, су және жылу электр станцияларын салу, жаңартылатын электр энергиясы көздерін салу және пайдалану, сондай-ақ су электр станцияларының мүліктік кешендерін жалға алу болып табылады. Кәсіпорынның негізгі еншілес, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындары 30-ескертпеде көрсетілген.

Топтың еншілес компаниялары мен бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызмет табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтардың субъектілері және бәсекелес нарықта басым жағдайға ие субъектілер болып табылатын «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар туралы», «Бәсекелестік туралы» ҚР заңдарымен реттеледі. Энергетикалық компаниялардың қызмет түрлеріне байланысты тарифтік реттеу ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) немесе салалық министрлік – ҚР Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – ЭМ) құзыретіне жатады.

Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына 2016-2018 жылдар кезеңіне тарифтер Энергетика министрінің 2015 ж. 27 ақпандағы №160 «Энергия өндіруші ұйымдар тобы үшін электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» бұйрығымен және кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен бекітілген. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге белгіленген тарифтер тіркелген және ЖЭК технологиясына қарай (жел, күн және басқа электр станциялары үшін өз алдына) ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген, сондай-ақ жыл сайын индекстеуге жатады. Мұның үстіне есептеу-қаржы орталығы сатып алушы, ал энергия өндіруші ұйым сатушы ретінде. Энергия жеткізуші компаниялар үшін электр энергиясын жеткізу мен бөлуге, жылу энергиясын өндіруге белгіленген тарифтер мен энергиямен жабдықтауға (ЭЖ) бөлінген тарифтерді ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті реттейді. Комитет реттеу мен бақылау жасауды заңнамалар мен нормативтік-құқықтық актілерге қатаң сәйкестікте жүзеге асырады.

Тарифтер бойынша шешімдерге белгілі бір дәрежеде әлеуметтік және саяси мәселелердің де ықпалы тиеді. ҚР Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге саясаттарының Топ қызметінің операциялық қызметіне айтарлықтай ықпалы болуы мүмкін.

Қызмет жүзеге асырылатын мекенжай мен орын

Компанияның бас кеңсесінің мекенжайы мен қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл****2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері****Қаржылық есептілікті дайындау негізі**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік ерекшеліктерді қоспағанда, бастапқы құн бойынша есепке алу қағидасы негізінде Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаған кезде қолданылған есеп саясатының қағидаттары төменде берілген. Есеп саясатының бұл ережелері, егер өзгеше көрсетілмесе, барлық ұсынылған кезеңдердің есептіліктеріне қатысты жүйелі түрде қолданылды.

ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікті дайындау кейбір маңызды бухгалтерлік бағалауларды пайдалануды талап етеді. Бұған қоса, басшылық Топтың есептік саясатын қолданған кезде өз пайымдауларына сүйенулері тиіс. Бағалаудың немесе қиындықтың бұдан да жоғары деңгейін болжайтын бухгалтерлік есеп саласы, сондай-ақ жорамалдар мен бағалар шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалар 4-қосымшада көрсетілді. Нақты нәтижелердің бұл бағалардан айырмашылығы болуы мүмкін.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік**(i) Еншілес компаниялар**

Еншілес кәсіпорындар Топ бақылайтын құрылымданған кәсіпорындарды қоса алғандағы инвестициялық объектілерді білдіреді, өйткені Топ (i) инвестиция объектісінің тапқан табысына айтарлықтай ықпал ететін маңызды қызметті басқару мүмкіндігін беретін өкілеттіліктерге ие болады, (ii) инвестиция объектісіне қатысудан түскен өзгермелі табыспен байланысты тәуекелдерге ұшырайды немесе осындай табысты алу құқығына ие болады және (iii) инвестордың табысының шамасына ықпал ету мақсатында инвестициялар объектісіне қатысты өзінің өкілеттіліктерін пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Топтың басқа кәсіпорынға қатысты өкілеттіліктерінің болуын бағалаған кезде нақты әлеуетті дауыс беру құқықтарымен бірге нақты құқықтарының болуын және олардың ықпалын қарастыру керек. Егер ұстаушының инвестиция объектісінің маңызды қызметін басқаруға қатысты шешім қабылдаған кезде осы құқықты іске асыруға практикалық мүмкіндігі болса, құқық нақты болып табылады. Егер топтың инвестиция объектісінде басым дауыс беру құқығы болмаса да, ол инвестиция объектісіне қатысты өкілеттіліктерге ие бола алады. Мұндай жағдайларда инвестиция объектісіне қатысты нақты өкілеттіліктерінің болуын белгілеу үшін Топ басқа дауыс беру құқығын ұстаушылар пакеттерін ыдырату дәрежесі мен мөлшеріне қатысты өзінің дауыс беру құқықтары пакетінің мөлшерін бағалауы тиіс. Басқа инвесторлардың инвестиция объектісінің қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізумен байланысты немесе ерекше жағдайларда қолданылатын қорғану құқықтары Топтың инвестиция объектісін бақылау мүмкіндігіне кедергі келтірмейді. Еншілес кәсіпорындар шоғырландырылған қаржылық есептілікке Топқа олардың операцияларын бақылау функциясы берілген күннен бастап (сатып алу күні) қосылады және бақылау жасау тоқтатылған күннен бастап шоғырландырылған есептіліктен шығарылады.

Еншілес кәсіпорындар шоғырландырылған қаржылық есептілікке сатып алу әдісі бойынша қосылады. Сатып алынған сәйкестендірілген активтер, сондай-ақ бизнесті біріктіру аясында алынған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бақыланбайтын қатысу үлесінің шамасына қарамастан, сатып алған күнгі әділ құны бойынша бағаланады.

Топ тікелей қатысу үлесін білдіретін бақыланбайтын және кәсіпорын таратылған жағдайда ұстаушыға таза активтердің пропорционалды үлесіне құқық беретін үлесті әрбір операция бойынша жеке немесе а) әділ құны бойынша, не болмаса б) сатып алынған кәсіпорынның таза активтеріндегі бақыланбайтын үлесіне пропорционалды бағалайды. Тікелей қатысу үлесі болып табылатын бақыланбайтын үлес әділ құны бойынша бағаланады.

Гудвил сатып алынған компания үшін төленген сыйақылардың, алған сәтке дейін меншікте болған сатып алынған компаниядағы үлестің әділ құны мен сатып алынған компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесінің жалпы сомасынан сатып алынған компанияның таза активтерін шегеру арқылы бағаланады. Теріс сома («теріс гудвил») басшылық тағы да бір рет барлық сатып алынған активтер мен барлық қабылданған міндеттемелердің, шартты міндеттемелердің сәйкестендірілгенін анықтаған соң және оларды бағалау дұрыстығын талдаған соң пайда мен залал құрамында танылады.

Сатып алынған компания үшін төленген сыйақы шартты сыйақыны төлеумен байланысты активтердің немесе міндеттемелердің әділ құнын қоса алғанда, бірақ мысалы консультациялық, заң, бағалау және басқа ұқсас кәсіби қызметтер үшін төлеу секілді сатып алумен байланысты шығындарды жоққа шығара отырып, берілген активтердің, шығарылған үлестік құралдардың және қабылданған немесе көтерген міндеттемелердің әділ құнымен бағаланады. Мәміле бойынша үлестік құралдарды шығарған кезде келтірілген шығындар капитал сомасынан шегеріледі, борыштық міндеттемелерді шығарған кезде мәміле бойынша келтірілген шығындар олардың баланстық құнынан шегеріледі, ал мәміле бойынша сатып алумен байланысты қалған басқа залалдар шығыстарға жатады.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл****2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

Топ компаниялары арасындағы барлық операциялар және осы операциялар бойынша жүзеге асырылмаған пайда, сонымен қатар, есептемелер бойынша сальдо Топ ішінде алынып тасталады. Құнын өтеу мүмкін болмаған жағдайлардан басқа жағдайларды жүзеге асырылмаған шығындар да алынып тасталады. Компания мен оның барлық еншілес компаниялары Топ саясатына сәйкес бірыңғай есептік саясатты қолданады.

Бақыланбайтын қатысу үлесі Компания қызметінің таза нәтижелері мен ол тікелей немесе жанама түрде иелік етпейтін үлеске сәйкес келетін еншілес компанияның капиталының бір бөлігі болып табылады. Бақыланбайтын қатысу үлесі Топ капиталының жеке компонентін құрайды.

(ii) Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес компанияларды сатып алу

Жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынған еншілес компаниялар алдыңғы компанияны есепке алу әдісімен есепке алынады. Осы әдіске сәйкес біріккен компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде кәсіпорындарды біріктіру оның ұсынылған есептің едәуір ерте кезеңнің басында шыққаны туралы болжамға сәйкес немесе кеш болса, онда біріктіруші компаниялар алғаш рет жалпы бақылауға алынғанда көрсетіледі. Тараптар арасында берілген жалпы бақылаудағы еншілес компаниялардың активтері мен міндеттемелері алдыңғы компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген баланстық құн бойынша ескеріледі. Алдыңғы компания еншілес компанияның қаржылық есептілігі шоғырландырылған ХҚЕС-ке сәйкес әзірленген есептілікті ұсынудың ең жоғары деңгейі болып саналады. Таза активтердің баланстық құны мен төленген сыйақының сомасымен арасындағы айырмашылық капиталдың құрамындағы басқа резервтердің өзгеруі ретінде көрсетіледі.

(iii) Бақыланбайтын қатысу үлесін сатып алу және сату

Топ бақыланбайтын қатысу үлесінің иелерімен жасалған келісімдерді есепке алу үшін экономикалық бірлік моделін қолданады. Бақыланбайтын үлесті сатып алу үшін төленген сыйақы мен оның баланстық құнының арасындағы айырмашылық есепте тікелей капитал шоттарындағы капиталмен жүргізілген келісім ретінде көрсетіледі. Топ бақыланбайтын үлесті сату үшін алынған сыйақы мен оның баланстық құнының арасындағы айырмашылықты капиталды өзгерту туралы есепте капиталмен жүргізілген мәміле ретінде таниды.

(iv) Бірлескен кәсіпорындар

ХҚЕС-11-ге сәйкес, бірлескен қызметке салынған инвестиция әрбір инвестордың шарттық міндеттемелері мен құқықтарына байланысты жіктеледі. Топ өзінің бірлескен қызметінің сипатын бағалап, оны бірлескен кәсіпорындар санатына жатқызды. Бірлескен кәсіпорындардың қызметі үлестік әдіс бойынша ескеріледі.

Бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесінің үлестік әдісі бойынша бастапқыда іс жүзіндегі нақты құны бойынша танылады, содан кейін сатып алғаннан және өзгерістерден кейінгі басқа да жиынтық табыстың пайдасы мен залалдағы Топтардың үлестерін тану арқылы түзетіледі. Бірлескен кәсіпорындардың залалдарындағы үлес оның осы бірлескен кәсіпорындардағы үлесіне (оның ішінде негізінен Топтың бірлескен кәсіпорындарға салынған таза инвестицияларының бір бөлігі болып табылатын кез келген ұзақ мерзімді қатысу) тең немесе одан артық болған жағдайда, Топ міндеттемелерді мойнына алған немесе осы бірлескен кәсіпорынның атынан төлем жасаған кездерден басқа жағдайларда кейінгі залалдарды мойындауды тоқтатады.

Топ пен оның бірлескен кәсіпорындарының арасындағы мәмілелер бойынша жүзеге аспаған пайда бірлескен кәсіпорындардағы Топтың қатысу үлесінің бөлігінен алынып тасталады. Берілген активтің құнсыздану белгілері болған жағдайдан басқа кезде жүзеге асырылмаған залалдар да алынып тасталады. Бірлескен кәсіпорындардың есептік саясатының Топтың есептік саясатына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін түзетіледі.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

(v) Қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар

Қауымдасқан компаниялар Компания айтарлықтай ықпал ететін (тікелей немесе жанама), бірақ оларды қадағалай алмайтын компаниялар; әдетте осы компаниялардағы дауыс беру акцияларының үлесі 20%-50%-ды құрайды. Қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі және бастапқыда сатып алу құны бойынша танылады. Қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер Қауымдасқан компанияларға инвестициялардың баланстық құнын азайтуға жатады. Топтың Қауымдасқан компаниялардың таза активтеріндегі үлесін алғаннан кейін орын алған басқа да өзгерістер былайша танылады: (i) Топтың Қауымдасқан компаниялардың пайдалары мен залалдарындағы үлесі Қауымдасқан компаниялардың нәтижелеріндегі үлес ретінде шоғырландырылған пайда мен залалдар құрамында көрсетіледі, (ii) Топтың басқа жиынтық табысындағы үлесі басқа жиынтық табыстың құрамында танылады және жеке жолда көрсетіледі, (iii) Топтың Қауымдасқан компаниялардың таза активтерінің баланстық құнының үлесіндегі барлық басқа өзгерістер Қауымдасқан компаниялардың нәтижелеріндегі үлестердің құрамындағы пайда немесе залал ретінде танылады.

Бірақ Топтың қауымдасқан компаниялардың залалдарындағы үлесі қандай да болмасын басқа қамтамасыз етілмеген дебиторлық қарызды қоса алғанда, оның осы компанияға салынған инвестицияларына тең немесе одан артық болса, ол міндеттемелерді қабылдаған немесе қауымдасқан компанияның атынан төлемдерді жүзеге асырған жағдайдан басқа кезде Топ кейінгі шығындарын көрсетпейді.

Топ пен оның қауымдасқан компаниялар арасындағы операциялар бойынша жүзеге асырылмаған пайда да Топтың қауымдасқан компаниялардағы үлесінің шегінде алынып тасталады; берілген активтің құнсыздану белгілері болған жағдайдан басқа жағдайларда жүзеге асырылмаған шығындар да алынып тасталады.

(vi) Еншілес компаниялардың, қауымдасқан компаниялардың немесе бірлескен кәсіпорындардың істен шығуы

Топ бақылауды немесе айтарлықтай ықпалын жоғалтқан жағдайда, кәсіпорындағы сақталған үлес бақылауды жоғалтқан күн жағдайында әділ құны бойынша қайта бағаланады, ал баланстық құнындағы өзгерістер кірісте немесе шығыста көрсетіледі. Әділ құн - қауымдасқан компаниялардағы, бірлескен кәсіпорындардағы немесе қаржылық активтегі қалған үлесін одан әрі есепке алу мақсаттары үшін бастапқы баланстық құны. Бұдан басқа бұған дейін осы кәсіпорынға қатысты басқа жиынтық табыс құрамында танылған барлық сомалар Топ тиісті активтердің немесе міндеттемелердің тікелей шығуын жүзеге асырғандай болып ескеріледі. Бұл бұған дейін басқа жиынтық пайда құрамында көрсетілген сомалардың пайдаға немесе залалға ауыстырылатынын білдіруі мүмкін.

Егер қауымдасқан кәсіпорындардағы қатысу үлесі азайса, бірақ солай бола тұрса да айтарлықтай ықпалы сақталса, онда тек бұған дейін басқа жиынтық табыс құрамында көрсетіліп келген пропорционалды сомалар үлесі қажетті жағдайларда пайдаға немесе залалға ауысады.

Шетелдік валютаны қайта есептеу

(i) Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Егер өзгеше көрсетілмесе, онда осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген барлық сандық мәліметтер мың теңгемен көрсетіледі.

Ұйым өзінің қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортадағы валюта функционалдық валюта болып табылады. Еншілес компаниялардың, бірлескен кәсіпорындардың, қауымдасқан компаниялардың және бас компаниялардың функционалдық валютасы теңге болып табылады.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

(ii) Шетелдік валютадағы операциялар мен қалдықтар

Шетелдік валютадағы операциялар операция жасалған күнгі ресми бағамдар бойынша функционалдық валютаға қайта есептелді. Осы операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде, сонымен қатар, шетелдік валютада көрсетілген жыл соңындағы айырбас бағамдар бойынша ақша активтері мен міндеттемелерін қайта есептеудің нәтижесінде туындаған бағам айырмашылығынан болған пайда немесе залалдар пайдада немесе залалдарда көрсетіледі.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетелдік валютадағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылатын ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 332.33 теңгені құрады (2016 ж. 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 333.29 теңге). Теңгені басқа валюталарға айырбастауға қатысты валюталық шектеу мен бақылау ережелері әрекет етеді. Қазіргі кезде теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды.

Қаржылық құралдар

(i) Бағалауға қойылатын негізгі ұстанымдар

Қаржылық құралдар жіктелуіне қарай әділ құн, бастапқы құн немесе амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Төменде осы әдістердің сипаттамасы ұсынылған.

Әділ құн – бұл бағалау күнінде нарыққа қатысушылардың арасында активті сатқанда немесе операцияларды ерікті негізде жүргізген кезде міндеттемелерді бергенде алынуы мүмкін баға. Белсенді нарықта белгіленетін баға әділ құнның ең жақсы дәлелі болып табылады. Белсенді нарық – активі немесе міндеттемелері бар операциялар тұрақты түрде баға туралы ақпаратты жеткілікті мөлшерде алуға мүмкіндік беретін әрі барынша жиілікпен жүргізілетін нарық.

Белсенді нарықта айналымда жүретін қаржылық құралдардың әділ құны белгіленген бағаны кәсіпорын ұстайтын құралдар санына жеке активке немесе міндеттемеге көбейткенде алынған сома ретінде бағаланады. Нарықтың әдеттегі тәуліктік сауда айналымы кәсіпорында бар активтердің және міндеттемелердің санын қосып алу үшін жеткіліксіз, ал жайғасымдарды сату үшін тапсырыстарды орналастыру жеке операцияда белгіленетін бағаға әсер етуі мүмкін болғанда да жағдай осылай болады.

Нарықтық жағдайларда жасалатын дисконтталған ақша ағындары моделі, сонымен қатар, осы сияқты операциялардың мәліметтеріне негізделген модельдер секілді *бағалау әдістері* немесе инвестиция объектісінің қаржылық мәліметтерін қарастыру келісімдердің бағасы туралы нарықтық ақпарат қолжетімсіз болып табылатын қаржылық құралдардың әділ құнын анықтау үшін пайдаланылады. Әділ құнды бағалаудың нәтижелері талданады және келесідей тәртіпте әділ құнның иерархиясының деңгейлері бойынша бөлінеді: (i) 1 деңгейге бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда белгіленген бағалар (түзетілмейтін) бойынша бағалар жатады, (ii) 2 деңгейге – пайдаланылатын маңызды бастапқы мәліметтердің барлығы тікелей (мысалы, баға) немесе жанама (мысалы, бағаның негізінде есептелген) түрде активтер немесе міндеттемелер үшін бақылайтын болып табылатын бағалау әдістерінің көмегімен алынғандар, және (iii) 3 деңгейдегі бағалар, тек қана бақылайтын нарықтық мәліметтерге ғана негізделмеген бағалар болып табылады (яғни, бағалау үшін бақыланбайтын бастапқы мәліметтердің айтарлықтай көлемі қажет). Әділ құнның иерархиясының бір деңгейінен екіншісіне ауыстыру есептік кезеңнің соңында орын алған болып саналады (33 ескертпе).

Бастапқы құн төленген ақша қаражаты немесе олардың баламалары, не болмаса сатып алу күні жағдайы бойынша активті алу үшін берілген басқа да орнын толтырудың әділ құны болып табылады, және оған келісім бойынша шығындар кіреді. Өзіндік құн бойынша бағалау тек нарықтық котировкалары жоқ және әділ құны сенімді бағаланбайтын үлестік құралдарға инвестицияларға қатысты, сондай-ақ, ашық нарықта котировкалары жоқ, және осындай үлестік құралдармен өтелуге тиіс осындай үлестік құралдарға байланысты туынды құралдарға қатысты ғана қолданылады.

Мәміле бойынша шығындар қаржылық құралдарды сатып алуға, шығаруға немесе істен шығаруға тікелей қатысты қосымша шығындар болып табылады. Қосымша шығындар – мәмілелер жасалмаған жағдайда жұмсалмауы мүмкін шығындар. Мәміле бойынша шығындар агенттерге (сауда агенттері болып жұмыс істейтін қызметкерлерді қоса алғанда) консультанттарға, делдалдарға, дилерлерге төленген сыйақыларды, комиссиялық шығындарды, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін алымдарды, сондай-ақ меншікті берген кезде алынатын салықтар мен алымдарды қамтиды. Мәміле бойынша шығындарға сыйлықақылар немесе қарыздық міндеттемелер бойынша берілетін дисконттер, қаржыландыруға, ішкі әкімшілік шығыстарға және сақтауға жұмсалатын шығыстар жатпайды.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Амортизацияланған құн қаржылық құрал бастапқы тану кезінде бағаланған, есептелген пайыздар шамасына азайтылған немесе ұлғайтылған қарыздың негізгі сомасын өтеуге төленген төлемдер шегерілген шама болып табылады, ал қаржылық активтер үшін – құнсыздану шығындарының сомалары шегеріледі (тікелей немесе бағалау резервінің шотын пайдалану арқылы). Өсірілген пайыздарға келісім, сонымен қатар, пайыздың тиімді мөлшерлемесін пайдалана отырып өтелген сомадан кез-келген сыйақылардың немесе дисконттың бойынша бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған амортизациялар жатады. Өсірілген пайыздық кірістер мен өсірілген пайыздық шығындар, соның ішінде өсірілген купондық кіріс пен амортизацияланған дисконт немесе сыйақы (соның ішінде ұсынған кезде кейінге қалдырылған комиссияны, ондай бар болса) жеке көрсетілмейді, қаржылық жағдай туралы тиісті есеп баптарының баланстық құнына енізіледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл құралдың баланстық құнына тұрақты пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету (тиімді пайыздық мөлшерлемені) мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық құрал әрекет ететін күтілетін мерзімге, тиісті жағдайларда одан қысқа мерзімге қаржылық құралдың таза баланстық құнына дейін есептік болашақ ақшалай төлемдерді немесе түсімдердің (несиелер бойынша болашақ шығындарды қоспағанда) дисконттаудың нақты мөлшерлемесі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме осы құрал үшін көрсетілген ауыспалы мөлшерлеме бойынша несиелік спредті көрсетін сыйақы немесе дисконттан басқа немесе нарықтық мағынасына қарамастан белгіленбейтін басқа да өзгермелі факторлар бойынша пайыз өзгеретін келесі күнге дейін мөлшерлемесі ауыспалы құралдар бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құрал айналымда болған күтілетін мерзім ішінде тұрастай амортизацияланады. Дисконтталған құнын есептеуге барлық комиссиялық, төленген немесе келісімшарттың тараптармен алынған тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтындар жатады.

(ii) Қаржылық активтерді жіктеу

Қаржылық активтер мына санаттар бойынша жіктеледі: i) қарыздар және дебиторлық берешек ii) сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер; iii) өтегенге дейін ұсталатын қаржылық активтер; iv) өзгерістері пайдадан немесе залалдан көрінетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер. Өзгерістері пайдадан немесе залалдан көрінетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер екі кіші санатқа бөлінеді: i) бастапқы таныған кезден бастап осы санатқа жатқызылған активтер; және (ii) сатуға арналған ретінде жіктелген активтер.

Қарыздар мен дебиторлық берешек Топ жақын арада сатуға ниеттілерінен басқа, белгіленген немесе анықталатын төлемдермен белсенді нарықта белгіленбейтін негізгі қаржылық активтер болып табылады. Қаржылық жағдай туралы есептегі Топтың қарыздары мен дебиторлық берешектері сауда және өзге дебиторлық берешектен (12-ескертпе), ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттерінен (14-ескертпе), өзге ұзақ мерзімді активтердің құрамындағы қаржылық активтерден (10-ескертпе) және басқа қысқа мерзімді активтерден (13-ескертпе) тұрады.

(iii) Қаржылық міндеттемелерді жіктеу

Қаржылық міндеттемелер мына есептік санаттар бойынша жіктеледі: i) туынды қаржылық құралдарды қоса алғанда, сатуға арналғандар; ii) басқа қаржылық міндеттемелер. Сатуға арналған міндеттемелер әділ құннан көрінеді, олардың өзгерістері жыл ішіндегі - өздері пайда болған кезеңдегі пайданың немесе зиянның (қаржылық табыс немесе қаржылық шығыс) құрамынан көрінеді. Басқа қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша көрінеді.

Қаржылық жағдай туралы есептегі Топтың өзге қаржылық міндеттемелері негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек пен өзге кредиторлық берешектен (19-ескертпе), қарыздардан (17-ескертпе), өзге ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрамындағы қаржылық міндеттемелерден (18-ескертпе) тұрады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

(iv) Қаржылық құралдарды бастапқы тану

Қаржылық активтер мен міндеттемелер мәміле бойынша шығындарды шегере отырып, бастапқыда әділ құн бойынша танылады. Бастапқы тану кезінде әділ құнды анықтау үшін ең оңтайлы негіз мәміле бағасы болып табылады. Әділ құн мен мәміле құнының арасында дәл қазіргі кезде нарықта осы секілді құралдармен немесе бағалау моделімен жасалатын басқа қадағаланатын мәмілелер арқылы расталатын, онда кіріс айнымалылары ретінде тек қадағаланатын нарықтық деректер қолданылатын айырмашылық болса ғана, пайда немесе залал бастапқы тану кезінде ескеріледі.

Беру заңнамалармен немесе осы нарық қағидаларымен белгіленген (сатып алу мен сату стандарт жағдайларында) мерзімде қарастырылған қаржылық активтерді сатып алу және сату мәмілесін жасаған күні, яғни Топ өзіне қаржылық активті беруге міндеттеме алған күні танылады. Сатып алу бойынша жасалатын өзге операциялар Топ осы қаржылық құралға қатысты шарттың бір тарапына айналғанда танылады.

(v) Қаржылық активті тануды тоқтату

Топ қаржылық активтерді тануды мына жағдайларда тоқтатады: i) қаржылық активтер сатып алынған болса немесе қаржылық актив бойынша ақша қаражатының ағынына қойылатын талаптардың шарттық құқықтарының мерзімі өтіп кетсе; немесе ii) Топ қаржылық актив бойынша ақша қаражатының ағынын алуға шарттық құқықтарды берсе немесе активтерді беру туралы жіктелетін келісім жасаса, онда Топ i) активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданың едәуір бөлігін береді немесе ii) қаржылық активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданың айтарлықтай бөлігін бермейді де, сақтамайды да, бірақ осы қаржылық активке бақылау да жасамайды. Егер контрагент осындай активті онымен байланысты емес үшінші тарапқа активтерді беру процесіне қосымша шектеулер жүктемей толық көлемде сата алмаса, бақылау сақталады.

(vi) Өзара есепке алу

Қаржылық активтер мен міндеттемелер өзара есепке алынады және қаржылық жағдай туралы есепте таза шама тек мына жағдайларда: көрсетілген сомаларды өзара есепке алуға, сонымен қатар, өзара есепке алуға ниеті болса немесе оны жүргізуге, не болмаса бір мезгілде активтерді сатуға және міндеттемелерді реттеуге заңды белгіленген құқығы болса ғана көрсетіледі. Қарастырылып отырған өзара есепке алу құқығы (а) болашақта болуы мүмкін жағдайларға байланысты болмауы тиіс, (б) мынадай жағдайларда жүзеге асыруға заңды мүмкіндігі болуы тиіс: (i) әдеттегі қаржы-экономикалық қызметті жүзеге асыру барысында; (ii) төлемдер бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда; (iii) дәрменсіздік немесе банкротқа ұшыраған жағдайда.

Негізгі құралдар

(i) Тану және кейінгі бағалау

Негізгі құралдар қажет болған жағдайда, құнсыздану резервінен және жиналған тозуды шегере отырып, есепте бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Бастапқы құны, активті орынға жеткізумен және мақсатты тағайындалуы үшін оны жұмыс жағдайына келтірумен тікелей байланысты сауда жеңілдіктері мен қайтарулар, және кез-келген шығындар шегерілген сатып алудың құнынан, оның ішінде импорт баждары мен сатып алу бойынша қайтарылмайтын салықтардан тұрады. Шаруашылық тәсілмен өзірленген немесе орнатылған негізгі құралдар объектілерінің бастапқы құнына орындалған өндірістік жұмыстарға жұмсалған материалдардың құны мен өндірістік үстеме шығындардың бөлігі жатады.

Кейінгі шығындар осы активтің баланстық құнына енгізіледі немесе Топың осы активті пайдаланған кезде экономикалық пайда табу мүмкіндігі болған жағдайда және оның құны сенімді бағаланғанда ғана жеке актив ретінде көрсетіледі. Ауыстырылған бөлімнің баланстық құны шығынға жазылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар туындауына қарай есептік кезең ішінде пайдаға немесе залалға жатқызылады.

Негізгі құралдардың істен шығуынан болған пайда немесе залал алынған өтем мен олардың баланстық құнының айырмасындағы сомада басқа да операциялық пайда мен залалдың құрамында жыл ішіндегі пайда мен залалда көрсетіледі.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

(ii) Тозу

Жерге қатысты тозу есептелмейді. Негізгі құралдардың басқа объектілерінің тозуы олардың бастапқы құнын біркелкі шығынға жазу әдісі бойынша тиімді пайдалану мерзімі ішінде объектілерді жою құнына дейін есептеледі, атап айтқанда:

	<u>Тиімді пайдалану мерзімі</u> <u>(жылдар саны)</u>
Ғимараттар мен құрылыстар	10-100
Машиналар мен құрал-жабдықтар	5-40
Басқалар	5-20

Активтің тарату құны Топ осы сөтте активтің жасы мен техникалық жағдайы оны тиімді пайдалану мерзімінің соңында күтілетін нәтижеге сәйкес келеді деген пайымдауға сүйене отырып, сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі сатудан алынуы мүмкін соманы бағалау болып табылады. Топ объектінің физикалық қызмет ету мерзімі аяқталғанша, оны пайдаланамыз деп шешсе, активті тарату құны нөлге тең болады. Активтердің тарату құны мен оларды тиімді пайдалану мерзімдері қайта қаралады және, қажет болса, әрбір есептік кезеңнің соңында түзетіледі.

(iii) Құнсыздану

Әрбір есептік кезеңнің соңында басшылық негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін анықтайды. Егер ең болмағанда осындай бір белгі анықталса, басшылық екі шаманың ең үлкені ретінде анықталатын өтелетін соманы бағалайды: активті сату үшін жұмсалған шығындарды шегергендегі өділ құн және оны пайдалану құндылықтары. Активтің баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды; құнсызданудан болған шығын жылдық пайда мен залалда көрсетіледі. Егер активті пайдалану құндылығын анықтауға негізделген есептік бағалауларды немесе сатуға жұмсалған шығындарды шегергенде оның өділ құны өзгерсе, өткен есептік кезеңде танылған активтің құнсыздануынан болған шығын қалпына келтіріледі.

Материалдық емес активтер

Топтың барлық материалдық емес активтерін тиімді пайдаланудың белгілі бір мерзімі бар және оған негізінен капиталдандырылған бағдарламалық қамту мен лицензиялар жатады. Сатып алынған бағдарламалық жасақтама оны сатып алуға және пайдалануға беруге жұмсалған шығындар сомасында капиталдандырылады. Барлық материалдық емес активтер басшылық 2 - 25 жылға дейін деп бағалайтын тиімді пайдалану мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

Құнсызданған жағдайда материалдық емес активтердің баланстық құны келесі шамалардың неғұрлым үлкеніне дейін шығынға жазылады: сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі өділ құн мен оларды пайдалану құндылықтары.

Егер Топ бизнес болып табылмайтын активтер тобын сатып алған жағдайда, Топ олардың топтың құнын сатып алған күнге сәйкес өділ құн негізінде жеке сәйкестендірілетін активтер арасында бөледі.

Инвестициялық меншік

Инвестициялық меншікке жалға төленетін төлемдерді алу немесе капитал құнын ұлғайту, немесе оның біріншісіне де, екіншісіне де арналған, бірақ Топтың өзі қолданбайтын, оның иелігіндегі мүлік жатады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік құрамына инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде болашақта пайдалануға арналған аяқталмаған құрылыс объектілері кіреді.

Қажет болған жағдайда, инвестициялық меншік есептілікте жинақталған тозу және құнсыздану резервін шегергендегі бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Инвестициялық меншіктің құнсыздануы мүмкін екенін көрсететін белгілер болған жағдайда, Топ өтелетін құнның көлемін екі шаманың үлкенімен бағалайды: сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі оны пайдалану құндылықтары немесе өділ құны. Инвестициялық меншіктің баланстық құнының шамасы жылдық пайда немесе залал арқылы өтелетін құнға дейін төмендейді. Егер кейіннен оның өтелу құнын анықтау үшін пайдаланылған бағалар өзгерсе, өткен есептік кезеңдерде танылған активтің құнсыздануынан болған шығын қалпына келтіріледі. Кейінгі шығындар Топтың болашақта осы инвестициялық меншікпен байланысты экономикалық пайда табуы мүмкін болғанда және олардың құнын жеткілікті дәлдікпен анықтау мүмкін болған жағдайда капиталдандырылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындарға олардың туындауына байланысты шығындар жатады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Меншік иесі инвестициялық меншікке жататын активтерді иеленген жағдайда олар негізгі құралдар санатына ауыстырылады, ал олардың баланстық құны басқа санатқа ауыстырған күні осы сөттен бастап келесі амортизациялауға жататын осы активтердің шартты есептелген құнымен саналады.

Инвестициялық меншіктің тозуы оларды тиімді пайдалану мерзімі ішінде бастапқы құнын оның тарату құнына дейін біркелкі шығынға жазу әдісі бойынша есептеледі, атап айтқанда:

	<u>Пайдалы пайдалану мерзімі</u> <u>(жылдар саны)</u>
Бөгет және басқа гидрокұрылыстар	100
Басқалар	5-20

Алынған жалдаудан түскен табыс түсім құрамында жыл ішіндегі пайдада немесе залалда есептеледі .

Гудвил

Гудвил құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегергендегі, ондайлар бар болса, өзіндік құн бойынша есептеледі. Гудвил өндіруші бірліктерге немесе бірігудің нәтижесінде синергиядан ұтады деген болжаммен осындай бірліктердің топтарына жатады. Осы бірліктер немесе бірліктер топтары ең төменгі деңгейді білдіреді, онда Топ гудвилды бақылайды және өзінің өлшемі бойынша олар операциялық сегменттен аспайды.

Топ Гудвилды құнсыздану бойынша тестілеуді кем дегенде жылына бір рет, сондай-ақ оның құнсыздануға ықтималдылық белгілері болған барлық жағдайларда жүргізеді. Гудвилдың баланстық құны осы шамалардың қайсысы жоғары болатынына қарай сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі пайдалану құндылығына немесе өділ құнға тең құны өтелетін сомамен салыстырылады. Құнсыздану бірден шығындар құрамында танылады және кейіннен түзетілмейді.

Осы ақша қорын туындатушы бірлікпен жүзеге асырылатын қызметті жойған кезде істен шығарылған қызмет сияқты бағаланатын гудвилді жоюдан болған пайданы немесе залалды анықтау кезінде қызметтің баланстық құнына енгізіледі және істен шығарылған қызметтің салыстырмалы құны мен сақталған ақша қорын туындатушы бірліктің бөлігі негізінде бағаланады.

Операциялық жалға беру

Топ меншік құқығынан туындайтын маңызды төуекелдер мен пайдалардың Жалға берушіден Топқа өтуі қарастырылмаған жалдау шарты бойынша жалға беруші болған жағдайда, күтілетін жалдау шартының бұзылуына байланысты төлемдерді қоса алғанда, жалдық төлемдердің жалпы сомасы жалға алу мерзімі ішінде біркелкі бір жыл бойындағы пайдадан немесе залалдан көрінеді. Жалға алу мерзімі – жалға алушы активті жалға алғаны туралы шарт жасайтын мерзімінен бұрын тоқтатуға жатпайтын кезең, сонымен қатар егер жалға алу мерзімінің басында жалға алушы мұндай құқықты іске асыруға барынша сенімді болған жағдайда, жалға алушы қосымша ақы төлей отырып немесе төлемей-ақ, активті жалға алу мерзімін ұзартуға құқылы.

Активтер операциялық жалдау жағдайында берілетін жағдайларда алу үшін төленетін жалдық төлемдер бүкіл жалға алу мерзімі ішінде желілік әдіспен жалдық табыс ретінде танылады.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар екі шаманың ең азымен есептеледі: өзіндік құны мен таза сату бағасы. Қорлардың өзіндік құны ФИФО әдісі арқылы анықталады. Дайын өнімнің және аяқталмаған өндірістің өзіндік құнына шикізат пен материалдардың құны, өндірістік жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеуге жұмсалатын шығындар және басқа да тікелей шығындар, сонымен қатар, өндірістік жүкқұжаттардың тиісті үлесі жатады, және қарыздық қаражат бойынша шығындар жатпайды. Таза сату құны – бұл өндірісті аяқтауға жұмсалатын шығындар мен сату бойынша шығындарды шегергендегі әдеттегі қызмет барысында ықтимал сатудың есептік бағасы.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа дебиторлық берешек

Салықтар мен жеткізушілерге төленетін аванстар бойынша алдын ала төлемдерден басқа негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа дебиторлық берешек, бастапқыда әділ құн бойынша танылады және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген, осындай қарыздың құнсыздану резерві шегерілген амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешектің құнсыздану резерві Топтың әуелден белгіленген мерзімде оған тиісті толық соманы Топтың ала алмайтынына объективті дәлелдер болған жағдайда құрылады. Резерв шамасын активтің баланстық құны мен бастапқыда белгіленген тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған болашақта күтілетін ақшалай ағындардың келтірілген құнының арасындағы айырмашылық құрайды. Резерв жылдық пайда мен залал арқылы көрсетіледі. Топ дебиторлық берешектің құнсыздануын бағалау кезінде ескеретін негізгі фактор оның мерзімінің өтуі болып табылады.

Төменде құнсызданудан болған шығынның объективті белгілерінің бар болуын анықтауға негіз болған басқа негізгі критерийлер көрсетілген:

- кез келген кезекті төлем мерзімінің асып кетуі, бұл ретте уақытылы төлемеу есептеу жүйелері жұмысының кешеуілдеуімен түсіндіріле алмайды ;
- контрагенттің бірталай қаржылық қиындықтары бар, бұл Топтың қарауындағы контрагент туралы қаржылық ақпаратпен расталады ;
- контрагент банкроттық немесе басқа қаржылық қайта ұйымдастыруды жариялау мүмкіндігін қарастырады ;
- контрагентке әсер ететін ұлттық немесе жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгеруімен байланысты контрагенттің төлем статусында жағымсыз өзгерістер бар.

Егер амортизацияланған құн бойынша көрінетін құнсызданған қаржылық активтің талаптары келіссөздер нәтижесінде қайта қаралатын болса немесе контрагенттің қаржылық қиындықтарына байланысты қандай да бір өзге жолмен өзгертін болса, онда құнсыздану талаптарды қайта қарағанға дейінгі бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып анықталады. Осыдан кейін талаптары қайта қаралған қаржылық активті мойындау тоқтатылып, егер осы активпен байланысты төуекелдер мен пайда айтарлықтай өзгерген болса әділ құн бойынша жаңа актив танылады. Бұл, әдетте, бастапқы және жаңа күтілетін ақша ағындарының келтірілген құнының арасындағы айтарлықтай айырмашылық арқылы расталады.

Жеткізушілерге төленетін аванстар құнсыздану резерві шегерілген соң есептілікте бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Аванстар оларға жатқызылатын тауарларды немесе қызметтерді алудың күтілетін мерзімі бір жылдан артық болса немесе аванстар бастапқы тану кезінде есептілікте ұзақ мерзімді болып есепке алынатын активтерге жатқызылатын болса, онда олар ұзақ мерзімді болып жіктеледі. Активтерді сатып алу үшін берілетін аванстар сомасы Топ осы активтерді бақылауға алған кезде және олармен байланысты болашақ экономикалық пайданы Топтың алуға мүмкіндігі болған жағдайда олардың баланстық құнына енгізіледі. Өзге аванстар оларға жататын тауарларды немесе қызметтерді алған кезде шығынға жазылады. Егер аванстарға жататын активтердің, тауарлардың немесе қызметтердің алынбауына қатысты бір белгілер болса, аванстардың баланстық құны азайтылуы тиіс және құнсызданудан болған тиісті шығын жылдық пайда пен залал арқылы көрсетіледі.

Салықтар бойынша алдын ала төлемдер құнсыздануға қатысты резервті шегергендегі нақты төленген сомалар бойынша көрсетіледі .

Ақша қаражаттары және оның эквиваленттері

Ақша қаражаттары және оның эквиваленттеріне кассадағы ақша қаражаты мен ағымдағы банктік шоттардағы қаржылар жатады. Ақша қаражаты және олардың баламалары тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті жасау үшін пайдаланылуы шектелген ақша қаражатының қалғаны ақша қаражатының және оның баламаларының құрамынан шығарылады. Айырбас операцияларға есептік кезеңнен кейін кем дегенде он екі ай бойы шектеулер белгіленген ақша қаражатының қалғаны немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға өзге ұзақ мерзімді активтер құрамына жатқызылады; үш айдан артық, бірақ есептік кезеңнен кейін он екі айдан кем уақытқа шектеулер қойылған ақша қаражаты басқа қысқа мерзімді активтер құрамына енгізіледі.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және істен шығарылған топ

Егер олардың баланстық құны есептік кезеңнен кейін 12 айдың ішінде негізінен сату арқылы орны толтырылса, сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер мен істен шығу топтары (оған ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтер кіруі мүмкін) қаржылық жағдай туралы есепте «сатуға арналған істен шығарылған топтарының ұзақ мерзімді активтері» ретінде көрсетіледі. Активтердің жіктелуі төменде аталған барлық шарттар болған жағдайда өзгертілуі тиіс: (а) Активтер олардың ағымдағы жағдайында дереу сатуға дайын; (б) Топ басшылығы сатып алушыны іздеу бойынша қолданыстағы бағдарламаны бекітті және оны жүзеге асыруға кірісті; (в) олардың ағымдағы әділ құнына негізделген болып табылатын баға бойынша активтерді сату үшін белсенді маркетинг жүргізіледі; (г) сату бір жылдың ішінде жүзеге асырылады деп күтілуде, және (д) сату жоспарын айтарлықтай өзгерту немесе тоқтату күтілмейді.

Ағымдағы есептік кезеңде қаржылық жағдай туралы есепте сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және істен шығарылған топтар басқа санатқа ауыстыруға жатпайды және ағымдағы есептік кезеңнің соңында жіктемеге сәйкес келтіру үшін қаржылық жағдай туралы есепте салыстырмалы мәліметтерді ұсыну нысанын өзгертпейді.

Істен шығу тобы бірыңғай топтың сатудың бір операциясы барысында сату жолымен немесе өзге тәсілмен істен шығуға жататын активтер тобын (ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді) және аталған операция барысында тапсырылатын аталған активтерге жататын міндеттемелерді білдіреді. Егер істен шығу тобына алған кезде гудвил үлестірілген ақшалай ағынды генерациялайтын бірліктің бөлігі қосылса, Гудвил істен шығу тобының құрамында есепке алынады. Ұзақ мерзімді активтер – бұл есептік кезеңнен кейін 12 айдың ішінде орны толтырылмайды немесе алынбайды деп күтілетін сомалар жататын активтер. Егер жіктеуді өзгерту қажеттілігі туындаса, мұндай өзгеріс қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді актив үшін де жүргізіледі.

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және істен шығарылған топтар тұтастай сатуға жұмсалған шығындарды шегергенде, ең аз баланстық құны және әділ құны бойынша бағаланады. Сатуға арналған негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизацияланбайды.

Тікелей істен шығу тобына жататын және істен шыққан кезде берілетін міндеттемелер басқа санатқа ауыстыруға жатады және қаржылық жағдайы туралы есепте жеке жолда көрсетіледі .

Тоқтатылған қызмет

Тоқтатылған қызмет Топтың істен шыққан немесе сатуға арналған болып жіктелген және: (а) жеке маңызды қызмет түрін немесе операциялар жүргізілетін географиялық аймақты білдіреді; (б) жеке маңызды қызмет түрінің немесе операциялар жүргізетін географиялық аймақтың бірыңғай үйлестірілген шығу жоспарының бөлігі болып саналатын; немесе (в) одан әрі сату мақсатымен ғана сатып алынған еншілес кәсіпорын болып табылатын компоненті болып табылады. Тоқтатылған қызметтен алған пайда мен ақша қаражаттарының ағындары егер ондайлар бар болса, жалғасатын қызметтен бөлек көрсетіледі; бұл ретте салыстырмалы көрсеткіштерді ұсыну тиісті дәрежеде өзгереді.

Акционерлік капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты қосымша шығындар капитал құрамында, салықтарды шегергендегі түсімдер сомасынан алынған шегерімдер ретінде көрсетіледі. Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен акцияларды әрбір жеке шығарған жағдайда әр акцияның құны, сонымен қатар, заңнамаларға сәйкес акцияның саны анықталады. Шығарылған акциялардың номинал құнынан алынған құралдардың әділ құнынан арту сомасы капиталда эмиссиялық табыс ретінде көрінеді.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және олар жарияланған және есептік кезеңнің соңына дейін қоса алғанда бекітілген жағдайда ғана есептік кезеңнің соңында капитал сомасынан шегеріледі. Егер олар есептік кезеңнің соңына дейін ұсынылса, сонымен қатар, есептік кезең аяқталған соң, бірақ қаржылық есептілікті шығаруға бекіту күніне дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте дивидендтер туралы ақпарат ашылады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл****2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)****Қосымша құн салығы**

Сату кезінде туындайтын қосымша құн салығы (бұдан әрі «ҚҚС») тауарларды тиеу және қызметтерді көрсету кезінде салық органдарына төленуі тиіс. Тауарларды және қызметтерді сатып алу кезінде төленген ҚҚС жеткізушіден салықтық шот-фактура алған кезде төленуге тиіс ҚҚС есебіне ескерілуі мүмкін. Салық заңнамасы ҚҚС төлеуді таза негізде жүргізуге мүмкіндік береді. Сәйкесінше, сату мен алу бойынша ҚҚС қаржылық жағдай туралы есептілікте таза негізде көрсетіледі. Егер оны өтеу есептік кезеңнен кейін бір жылдың ішінде қарастырылмаса, орнын толтыруға арналған ҚҚС ұзақ мерзімді актив ретінде жіктеледі.

Резервтер

Егер Топ бұрын болған белгілі бір оқиғаның салдарынан оны реттеу үлкен ықтималдылықпен ресурстардың сыртқа ағылуы мүмкін және ақшалай көрсеткіште барынша сенімді деңгейде бағалауға болатын заңды немесе практикада қалыптасқан міндеттемелерге ие болса, резервтер танылады. Резервтер болашақтағы операциялық залалдар бойынша танылмайды.

Күл үйінділерін жоюға арналған резерв

Күл үйінділерін жоюға арналған резерв олардың жиынтығын негізге сүйене отырып бағалаған кезде сәйкесінше міндеттемелер мен мүмкіндіктердің пайда болу ықтималдылығы жоғары болған кезде танылады. Күл үйінділерін жоюға жұмсалған шығындардың құрамына күл үйінділері инфрақұрылымының объектілерін бөлшектеуге немесе бұзуға жұмсалған шығындар, қоршаған ортаны тазарту, лас заттардың шығарындыларына мониторинг жүргізу жатады. Жоюға арналған резерв бағаланған болашақтағы шығындардың келтірілген таза құны негізінде қалдықтарды өндірудің тиісті фактісінен туындайтын міндеттеме пайда болатын сол есептік кезеңдегі негізгі құралдардың құнынан қалыптастырылады және оған қатысты болады. Күл үйінділерін жоюға арналған резервке болашақта залал келтіруге немесе бұзушылық фактілеріне байланысты туындайды деп күтілетін қандай да болмасын қосымша міндеттемелер жатпайды. Шығындарды бағалау жою жоспарының негізінде жүргізіледі. Шығындар сомаларының бағалау мөндері жыл сайын пайдалану шамасына қарай белгілі өлшемдерді ескере отырып, есептеледі, мысалы, жаңартылған бағалау сомаларының және қайта қарастырылған активтерді немесе операциялық қызметті пайдалану мерзімдері, жүйелі түрде ресми тексерулер жүргізу.

Қажетті шығындардың нақты сомасы белгісіз болса да, Топ өзінің шығындарын қалдықтар полигондарын қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізудің қолданыстағы техникалық ережелеріне және нормаларына сәйкес техникалық-экономикалық негіздемеге және инженерлік зерттеулерге қарап бағалайды. Резервтердің келтірілген таза құнын анықтау кезінде қолданылатын дисконт амортизациясы немесе «жоққа шығару» сомасы әрбір есептік кезең үшін қызмет нәтижелеріне жатады. Дисконт амортизациясы қаржылық шығындар құрамында көрсетіледі.

Қызметкерлерге төленетін сыйақылар**(i) Қызметкерлерге төленетін ұзақ мерзімді сыйақылар**

Ұжымдық еңбек шартының ережелеріне сәйкес, Топ компаниялары өз қызметкерлерін зейнеткерлікке шыққанға дейін, шыққан сәтте және шыққаннан кейін ұзақ мерзімді сыйақылармен қамтамасыз етеді. Келісімшарттарда зейнеткерлікке шығуы бойынша біржолғы жәрдемақы төлеу, еңбекке жарамсыз болып қалған, мерейлі жасқа толған немесе қайтыс болған жағдайда Топ қызметкерлеріне қаржылық көмек көрсету қарастырылған. Жекелеген жәрдемақылар алу құқығы әдетте зейнеткерлікке шыққанға дейінгі қалған мерзімге және қызметкердің мейлінше аз жұмыс өтілінің болуына байланысты беріледі.

Біржолғы жәрдемақылар төлеу бойынша күтілетін шығындарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде еңбек қызметінің аяқталуы бойынша белгіленген сыйақымен зейнеткерлік жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша жүзеге асырылады. Топтың қаржыландырылатын зейнетақы сызбалары жоқ. Әрбір есептік кезеңнің соңында танылатын міндеттеме зейнеткерлік міндеттемелердің ағымдағы құны болып табылады. Жыл ішінде туындайтын актуарийлік пайда мен залалдар жылдық жиынтық пайда мен залалда көрсетіледі. Осы мақсатта актуарийлік пайда мен залалдарға актуарийлік ұсыныстардағы өзгерістер де, актуарийлік болжамдардың іс жүзіндегі мәліметтерден өзгешелігіне қатысты өткендегі тәжірибенің ықпалы да жатады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл****2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

Зейнетақы міндеттемелерінің ағымдағы құнындағы басқа өзгерістер де жылдық пайда мен залалда танылады, соның ішінде қызметтер бойынша ағымдағы шығындар.

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алуда пайдаланылған ең маңызды ұсыныстар, – бұл дисконт мөлшерлемесі және кадрлардың тұрақтамауы туралы болжамдар. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әрбір жылы осындай міндеттемелер бойынша дисконтты жоққа шығару қаржылық шығындар ретінде жылдық пайда пен залалға жатқызылады. Кадрлардың ағылуы туралы болжамдар кейіннен келтірілген таза міндеттемелердің құнын алу үшін дисконтталатын сыйақылар төлеудің болашақ ағынын болжау үшін қолданылады.

Мұндай міндеттемелер жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлермен бағаланады.

(ii) Еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығыстар және оларға байланысты аударымдар

Еңбекақыға, зейнетақы аударымдарына, өлеуметтік сақтандыру қорына төленетін жарналар, төленген жыл сайынғы демалыстар мен еңбекке жарамсыздығы үшін жасалатын төлемдер, сыйақылар мен ақшалай емес жеңілдіктер Топ қызметкерлерінің тиісті жұмыстарды жүзеге асыруына қарай есептеледі. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Топ өзінің қызметкерлерінің атынан осындай зейнеткерлік жәрдемақыларын ұстап қалады және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ға (бұдан әрі БЖЗҚ) аударады. Ұжымдық еңбек келісімшартына енгізілмеген қызметкерлерге қатысты жұмыскерлер зейнеткерлікке шыққан кезде Топтың қаржылық міндеттемелері тоқтатылады және барлық төлемдерді БЖЗҚ жүргізеді.

Қарыздар

Несиелер мен қарыздар бастапқыда мәміле бойынша жасалған залалдарды шегергендегі әділ құн бойынша ескеріледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме өдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

Нарықтық емес жағдайларда акционерлерден алған қарыздарды есепке алған кезде Топ капиталға салым ретінде капиталдағы бастапқы танудан түскен табысты көрсетеді. Операцияның экономикалық мәнін көрсететін есепке алу тәртібі барлық ұқсас операцияларға жүйелі түрде қолданылады және шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

Мақсатты пайдалану үшін немесе сату үшін дайындау міндетті түрде айтарлықтай уақыт қажет болатын тікелей активтерді сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысты жалпы және нақты мақсаттарға тартылған қарыздардың шығындары егер капиталдандырудың басы 2009 ж. 1 қаңтарға немесе келесі датаға сәйкес келетін болса, онда мұндай актив құнының құрамына кіреді.

Капиталдандырудың бастапқы күні (а) Топ нақты талаптарға сай активпен байланысты шығындарды көтергенде; (б) қарыздар бойынша шығындарды көтергенде; және (в) активті мақсатты пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті шараларды жүзеге асырғанда басталады. Қарыздар бойынша шығындарды капиталдандыру активті пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті барлық дерлік шаралар аяқталатын күнге дейін жалғасатын болады.

Топ белгілі бір талаптарға жауап беретін активтер бойынша күрделі шығындарға ұшырамай, оны айналып өтетіндей болса, несиелер мен қарыздар бойынша шығындарды капиталдандырады. Қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындар белгілі бір талаптарға жауап беретін активті сатып алу үшін қаражат қарызға алынған жағдайларды қоспағанда (орта өлшемді пайыздық шығыстар жіктелетін активтердің шығыстарына қолданылады), Топты қаржыландырудың орташа құны негізінде есептеледі. Егер мұндай жағдай орын алатын болса, осы қарыз қаражатын уақытша инвестициялаудан түсетін кез келген инвестициялық табысты шегергенде кезең ішіндегі нақты қарыздар бойынша шеккен нақты шығындар капиталданады.

Қарыздар Топтың есептік кезеңнен кейін кем дегенде он екі айға алған міндеттемелері бойынша есептемелер мерзімін ауыстыруға міндетті құқығы болмаған кезде қысқа мерзімді міндеттемелер құрамында көрсетіледі.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл****2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)****Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге кредиторлық берешек**

Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге кредиторлық берешек контрагенттің өзінің шарттық міндеттемелерін орындау фактісі бойынша есептеледі. Алынған аванстарды есептемегенде негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек, бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Алынған аванстар үшінші тараптардан алынған нақты сомалар бойынша көрсетіледі.

Мемлекеттік субсидиялар

Егер субсидияның алынаатынына және Топтың субсидияны берумен байланысты барлық талаптарды орындайтынына сенім болған жағдайда, мемлекет ұсынған субсидиялар әділ құны бойынша танылады.

Шығындармен байланысты мемлекеттік субсидиялар алдағы кезеңдерге жатады және олар өтемақыға бағытталған басқа операциялық қызметтер құрамында шығындарға сәйкес келтіру үшін қажетті кезең ішінде жылдық пайда немесе залалдар арқылы танылады.

Түсімді тану

Түсім Топ алдағы уақытта экономикалық пайда алу мүмкін болатын және бұл пайда сенімді түрде өлшенуі мүмкін болған кезде танылады. Түсім қосымша құнға салынатын салық пен жеңілдіктерді шегере отырып көрсетіледі.

Электр және жылу энергиясын, ыстық суды сатудан түсетін түсім электр және жылу энергиясын, ыстық суды жеткізу шамасына қарай есептеу әдісімен танылады. Электр энергиясын тарату қызметінен түскен түсім есептік кезең ішінде таратылған электр энергиясының нақты көлемі негізінде танылады. Түсім сомасы тиісті қызметтер үшін бекітілген тарифтерге сүйене отырып анықталады.

Тауарларды сатудан түскен түсім тауарларға меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен пайданың ауысуы кезінде, әдетте тауарларды тиеу сәтінде танылады. Тауарларды сатудан түскен түсім сомасы Топтың әдеттегі қызметі барысында тауарлар мен қызметтерді сатудан алынған немесе алынуы тиіс сыйақының әділ құны бойынша анықталады.

Егер бартерлік мәміле бойынша алынған тауардың әділ құнын сенімді бағалау мүмкін болмаса, онда түсім сатылған тауарлар мен қызметтердің әділ құны бойынша бағаланады.

Пайыздық табыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пропорционалды негізде танылады.

Барлау және бағалау бойынша активтер

Барлау және бағалау бойынша активтер қажет болған жағдайда құнсыздану резервін шегере отырып, бастапқы баға бойынша бағаланады.

(i) Тану және кейінгі бағалау

Барлау және бағалау бойынша активтерге барлау мен өндіруге құқықтарды алуға жұмсалған шығындар, барлау мен бағалауға жұмсалатын тиісті шығындар және басқа да тікелей байланысты шығындар жатады. Мұндай активтер ХҚЕС 6 «Минералды ресурстарды барлау және бағалауда» көрсетілген тиісті белгілердің негізінде құнсыздану мәніне бағаланады.

Барлау және бағалау бойынша активтерге барлауға, геологиялық және геофизикалық зерттеулерге, өнімді және өнімсіз барлау ұңғымаларын бұрғылауға құқықтарды алу бойынша капиталдандырылған шығындар, қосалқы қондырғылар мен құралдардың құны, сондай-ақ барлаумен және бағалаумен тікелей байланысты өндірістік және басқа жалпы үстеме шығындар жатады.

Сатып алуға қаысты шығындарға жазылу бонусының құны мен жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін жұмсалған басқа шығындар жатады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл****2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

Барлау және бағалау қызметіне тікелей қатысы жоқ өкімшілік шығындар (кеңсе бөлмесін, кеңсе көлігін жалға алу, өкімшілік қызметкерлерді ұстау) олардың туындауына байланысты жұмсалған шығындарға жазылады.

Барлау және бағалау бойынша активтер минералды ресурстарды алудың техникалық негізді және коммерциялық мақсатты болған жағдайда жіктелмейтін болады. Коммерциялық қорлар анықталған жағдайда барлау мен бағалау бойынша активтер материалдық және материалдық емес активтерге ауысады, дәлелденген және дәлелденбеген өндірілген қорлар негізінде өндірістік әдіс бойынша амортизацияланады. Кен орындарын алуға дейінгі әрекет барлауға дейінгі (немесе лицензияға дейінгі) болып анықталады.

(ii) Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы

Барлау және бағалау бойынша активтер материалдық немесе материалдық емес активтерді санаттарға қайта жіктеген кезде немесе құнсызданудың қандай да бір белгілері туындаған жағдайда құнсыздану бойынша тестілеуден өтеді. Құнсызданудан болған шығын барлау және бағалау бойынша активтердің баланстық құны олардың өтелетін сомасынан артық болатын сомада танылады. Өтелген сома екі шаманың ең үлкені болып анықталады: активтерді сатуға жұмсалған шығындар мен пайдалану сомасы шегерілген әділ құн.

Бағалау бойынша активтер мынадай фактілердің немесе жағдайлардың (бұл тізім түбегейлі емес) бірі немесе бірнешеуі болған жағдайда құнсыздану мәніне тексеріледі:

- Топтың белгілі бір учаскеде барлау жүргізу құқығының күші біткен немесе жақын арада аяқталады және оны ұзарту күтілмейді;
- бюджетте белгілі бір учаскеде минералдық ресурстарды одан әрі барлау мен бағалауға айтарлықтай шығындар қарастырылмаған және жоспарланбаған;
- белгілі бір учаскеде минералдық ресурстарды барлау мен бағалау коммерциялық тұрғыдан өндірілетін минералдық ресурстарды анықталуына әкелген жоқ және Топ белгілі бір учаскеде қызметін тоқтату туралы шешім қабылдады;
- дәлелденген мәліметтер белгілі бір учаскеде тексеруді жалғастыруға қарамастан барлау мен бағалау бойынша активтердің баланстық құнының орнын толық толтыру табысты тексеру немесе сату нәтижесінде өкіталай.

Өзара есепке алу

Сатып алу-сату операцияларының бір бөлігі өзара есепке алуды, бартерлерді немесе ақшалай емес нысандағы басқа есеп айырысуларды қолдана отырып жүзеге асырылады. Әдетте, бұл операциялар өнеркәсіптік және коммерциялық тұтынушылармен өзара есепке алу нысанында әр текті тауарлар қызметтерді алмасу нысанында жүргізіледі.

Есептеулерді өзара есепке алу, бартер немесе ақшалай емес нысандағы басқа есептеулер арқылы жүзеге асыру жоспарланған сатып алу-сату операциялары Топ компанияларының басшылығымен ақшалай емес есеп айырысу нәтижесінде алынатын немесе берілетін активтердің әділ құнын бағалау негізінде танылады. Әділ құн ашық нарықтық ақпарат негізінде анықталады.

Ақшалай емес операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен алынып тасталды. Инвестициялық және қаржылық операциялар, сондай-ақ, операциялық қызметтің қорытынды нәтижесі осы есептегі ақша қаражатының іс жүзіндегі қозғалысына сүйене отырып ұсынылды.

Сегменттік есептілік

Сегменттер бойынша есептілік операциялық шешімдерді қабылдауға жауапты Топтың тұлғасына немесе органына ұсынылатын ішкі есептілікке сәйкес жасалады. Егер табыстары, қаржылық нәтижесі немесе активтері барлық сегменттердің жиынтық активтерінің кем дегенде он пайызын құраса, сегмент жеке ашылымға жатады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Табыс салығы

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте табыс салығы қолданыстағы немесе есептік кезеңнің соңында күшіне енген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілген. Егер олар осы немесе басқа кезеңдерде басқа жиынтық табыстың немесе тікелей капитал құрамында көрсетілген операцияларға жатуына байланысты басқа жиынтық пайда құрамында немесе тікелей капитал құрамында көрсетілмеуі тиіс болса, табыс салығы бойынша шығындарға ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар жатады және жылдық пайда мен залалда көрсетіледі.

Ағымдағы салық ағымдағы және өткен кезеңдер үшін салық салынатын пайда немесе залалға қатысты мемлекеттік бюджеттен өтелетін немесе оған төленетін сома болып табылады. Егер қаржылық есептілік тиісті салық декларациясын бергенге дейін бекітілсе, салық салынатын пайда немесе залал бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Табыс салығынан өзге, басқа да салықтар операциялық шығындар құрамында көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығындары, активтер мен міндеттемелер және қаржылық есептіліктегі олардың баланстық құнының арасында туындайтын уақыт айырмашылығы бөлігінде баланстық міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі. Бастапқы тану үшін жасалатын ерекшелікке сәйкес, бизнесті біріктірумен байланысты емес операциялар бойынша активтерді немесе міндеттемелерді бастапқы тану кезінде туындайтын кейінге қалдырылған салықтар егер ондайлар бухгалтерлік, салық салынатын пайдаға өсер етпесе, уақыт айырмашылықтарына қатысты танылмайды. Кейінге қалдырылған баланстық шама қолданыстағы немесе есептік кезеңнің соңында негізінен күшіне енген және уақыт айырмашылықтарын түзету кезеңінде қолданылады деп күтілетін немесе болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығындарын пайдаланудың салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі. Кейінге қалдырылған салық активтері Топтың жекелеген әрбір компаниясы аясында кейінге қалдырылған салық міндеттемелеріне қарсы есепке алынады. Кейінге қалдырылған салық активтері шегерілетін уақыт айырмашылығына және болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығындарына қатысты тек осындай шегерулер сомасына азайтылуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда табу ықтималдылығы жоғары болған жағдайда ғана танылады.

Топ еншілес компаниялардың дивидендтеріне салықтарға немесе оларды сатудан түсетін пайдаға қатысты уақыт айырмашылықтарын түзетуді бақылайды. Топ басшылық алдағы уақытта уақыт айырмашылықтарын түзетуді күткен жағдайлардан басқа кезде осындай уақыт айырмашылықтары бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін көрсетпейді.

Негізгі құралдардың құнына жатқызылған күл үйінділерін жоюға және күл үйінділерін жоюға арналған резервтің құнының салықтық базасын анықтаған кезінде Топ алдағы салықтық шегерімдерді міндеттемелерге бөледі. Осы тәсілге сәйкес бастапқы тану кезінде ескертулер қолданылмайды. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме негізгі құралдардың құнына жатқызылған күл қоймаларын қалпына келтіруге жұмсалатын шығындар бойынша салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты танылады, ал актив жоғарыда аталған күл қоймаларын қалпына келтіру резерві бойынша шегерілетін уақыт айырмашылықтарына қатысты тану шарттарын ескере келе табыс салығы бойынша танылады.

Басшылық әрбір есептік кезеңнің соңында Топтың анықталмаған салықтық жайғасымдарын қайта бағалайды. Міндеттемелер басшылықтың бағалауы бойынша (қолданыстағы немесе есептік кезеңнің соңында қабылданған салық заңнамасын немесе кез келген белгілі тиісті сот немесе басқа қаулыны интерпретациялауға негізделген) табыс салығының жайғасымдары бойынша көрсетіледі, бөрінен бұрын салық органдары осы жайғасымдарды даулаған жағдайда қосымша салық есептеулеріне әкелуі мүмкін. Айыппұлдар, өсімақылар мен салықтар бойынша міндеттемелер, табыс салығынан басқа, есептік кезең соңында міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығындарды басқаруды барынша нақты бағалау негізінде көрсетіледі. Табысқа салынған салық бойынша анықталмаған жайғасымдар бойынша түзетулер табысқа салынатын салық бойынша шығындардың құрамында көрсетіледі.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Анықталмаған салықтық ұстанымдар

Анықталмаған салықтық ұстанымдар. Топтың анықталмаған салықтық ұстанымдарын басшылық әрбір есепті кезеңнің аяғында бағалайды. Табыс салығы жөніндегі жайғасымға қатысты көрсетілетін міндеттемелер егер салық органдары Топтың салық жайғасымымен келіспесе, басшылық қосымша салық міндеттемелерінің пайда болу ықтималдығы олардың болмау ықтималдығынан жоғары деп санаған жағдайда ғана ескеріледі. Мұндай баға қолданыстағы немесе есептік кезеңнің соңында мәні бойынша қолданылатын салық заңнамаларын түсіндіру, сондай-ақ соттың көз келген белгілі қаулыларының немесе осыған ұқсас мәселелер бойынша өзге шешімдерінің негізінде жасалады. Пайдаға салынатын салықты қоспағанда, айыппұлдар, өсімпұлдар және салықтар бойынша міндеттемелер басшылықтың есептік кезеңнің аяғындағы міндеттемелерді реттеуге қажетті шығындарды барынша жақсы бағалауы негізінде көрінеді. Табыс салығы бойынша анықталмаған жайғасымдар бойынша түзетулер табыс салығы бойынша шығыстардың құрамында көрсетіледі.

Акционермен жүргізілетін операциялар

Акционердің өкімі бойынша шығындарды есептеу немесе активтерді бөлу, негізгі құралдардың объектілерін, бизнесті біріктіруді, басқа кәсіпорынға немесе істен шығу тобына қатысу үлесін, ақша қаражатын және басқаларды қоса алғанда, «Акционерге өзге бөлулер» ретіндегі бөлінбеген пайда болып танылады.

3 Жаңа есептік ережелер

Төменде берілген стандарттардың өзгерістері Топ үшін 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті болды, бірақ Топқа елеулі әсерін тигізген жоқ:

- «Ақпаратты ашу саласындағы бастама» - ХҚЕС (IAS) 7-ге түзетулер (2016 жылғы 29 қаңтарда шығарылды, 2017 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Сатылмаған залалдар бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтерді тану» - ХҚЕС (IAS) 12-ге түзетулер (2016 жылғы 19 қаңтарда шығарылды және 2017 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының жыл сайынғы жетілдірілеріне енгізілген ХҚЕС (IFRS) 12-ге түзетулер, 2014-2016 жж. (2016 жылғы 8 желтоқсанда шығарылды және 2017 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Жаңа стандарттар және түсіндірмелер

Топтың 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңін үшін міндетті болып табылатын және Топ мерзімінен бұрын қабылдамаған бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды:

«Қаржылық құралдар» ХҚЕС (IFRS) 9 (2014 ж. шілдеде енгізілген өзгерістерімен, 2018 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Жаңа стандарттың негізгі ерекшеліктері мыналарға негізделеді:

- Қаржылық активтер үш бағалау санаты бойынша жіктелуі тиіс: кейіннен амортизацияланған құн бойынша бағаланатын, кейіннен өзгеруі басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатындар, сондай-ақ, өзгеруі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатындар.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

3 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)

- Борыштық құралдарды жіктеу кәсіпорынның қаржылық активтерді басқару жөніндегі бизнес-моделіне және келісімде қарастырылған ақшалай қаржы ағындары негізгі қарыз немесе пайыздардың есебіне төленетін төлемдер ғана болып табылуына байланысты болады. Егер борыштық құрал ақша алуға арналса, оның үстіне егер бұл ретте ол да негізгі қарыз немесе пайыздардың есебіне төлемдерді ғана қарастырса ол амортизацияланған құн бойынша ескерілуі мүмкін,. Тек негізгі қарыз немесе пайыздардың есебіне төлемдерді ғана қарастыратын және портфельде ұсталатын борыштық құралдар кейіннен басқа жиынтық кіріс құрамында өділ құн бойынша бағалануы мүмкін, егер кәсіпорын оларды активтер бойынша ақша ағындарын алу үшін ұстап отырса, және активтерін сатса. Негізгі қарыз бен пайыздар есебіне төлемдер ғана болып табылатын ақша қаражаты жоқ қаржылық активтерді өзгеруі пайда немесе залалдың құрамында көрсетілетін (мысалы, туынды қаржы құралдары) өділ құн бойынша бағалау керек. Кіріктірілген қаржы құралдары енді қаржы активтерінен бөлінбейді, бірақ негізгі қарыз бен пайыздардың есебіне төленетін төлемдер ғана қарастырылған шарттарды бағалау кезінде ескеріледі.
- Үлестік құралдарға инвестициялар әрқашан да өділ құн бойынша бағалануы тиіс. Бұл ретте олар саудаға арналмаған болса, басшылық басқа жиынтық кіріс құрамында өзгертуге жатпайтын өділ құнның өзгеруін көрсету туралы шешім қабылдауы мүмкін. Егер үлестік құрал саудаға арналса, онда өділ құнның өзгеруі пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі.
- ХҚЕС (IAS) 39 талаптарының қаржылық міндеттемелерін жіктеу мен бағалауға қатысты басым бөлігі өзгеріссіз ХҚЕС (IFRS) 9 ауыстырылды. Негізгі ерекшелігі кәсіпорынға қойылған өділ құны бойынша кірістің немесе шығыстың құрамында, басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін санатқа жатқызылған қаржылық міндеттемелер бойынша меншікті несиелік тәуекелдің өзгеру әсерін ашу талабы болып табылады.
- ХҚЕС (IFRS) 9 құнсыздану шығындарын танудың жаңа моделін енгізеді: күтілетін несиесі шығындарының моделі. Бастапқы тану сәтінен бастап қаржылық активтердің несиелік сапасының өзгеруіне негізделген «үш кезеңдік» тәсіл бар. Практикада жаңа ережелер бастапқы қаржылық активтерді таныған кезде кәсіпорындар шығындарды бірден құнсызданудан несиелік шығындар болып табылмайтын (немесе сауда дебиторлық қарыз үшін қаржылық құрал мерзімі ішінде күтілетін несиелік шығындар сомасында) 12 айда күтілетін несиелік шығындар сомасында тануға тиіс екендігін білдіреді. Егер несиелік тәуекелде айтарлықтай ұлғаю орын алса, онда құнсыздану 12 айда күтілетін несиелік шығындардан емес, қаржылық құрал мерзіміне күтілетін несиелік шығындарға сүйене отырып бағаланады. Модель сауда дебиторлық берешек және дебиторлық берешекті қаржылық жалдау бойынша операциялық оңайлатуды қарастырады.
- Хеджирлеуді есепке алуға қойылатын талаптар тәуекелдерді басқаруға көбірек сәйкес болу үшін түзетілді. Стандарт кәсіпкерлерге хеджирлеуді есепке алу талаптарын қолдана отырып, ХҚЕС (IFRS) 9 жазылған есептік саясаттың және ХҚЕС (IAS) 39 хеджирлеудің барлық құралдарына қолдануды жалғастырудың арасында таңдау мүмкіндігін ұсынады, өйткені қазіргі кезде стандартта макрохеджирлеу жағдайлары үшін есепке алу қарастырылмаған.

Топтың 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді талдау қорытындысы бойынша және аталған күнгі фактілер мен жағдай негізінде Топ басшылығы 2018 ж. 1 қаңтардан бастап жаңа стандартты қолдану оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

3 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)

Жаңа стандарттың негізгі ерекшеліктері мыналарға негізделеді:

- Қаржылық активтер үш бағалау санаты бойынша жіктелуі тиіс: кейіннен амортизацияланған құн бойынша бағаланатын, кейіннен өзгеруі басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін өділ құн бойынша бағаланатындар, сондай-ақ, өзгеруі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін өділ құн бойынша бағаланатындар.
- Борыштық құралдарды жіктеу кәсіпорынның қаржылық активтерді басқару жөніндегі бизнес-моделіне және келісімде қарастырылған ақшалай қаржы ағындары негізгі қарыз немесе пайыздардың есебіне төленетін төлемдер ғана болып табылуына байланысты болады. Егер борыштық құрал ақша алуға арналса, оның үстіне егер бұл ретте ол да негізгі қарыз немесе пайыздардың есебіне төлемдерді ғана қарастырса ол амортизацияланған құн бойынша ескерілуі мүмкін,. Тек негізгі қарыз немесе пайыздардың есебіне төлемдерді ғана қарастыратын және портфельде ұсталатын борыштық құралдар кейіннен басқа жиынтық кіріс құрамында өділ құн бойынша бағалануы мүмкін, егер кәсіпорын оларды активтер бойынша ақша ағындарын алу үшін ұстап отырса, және активтерін сатса. Негізгі қарыз бен пайыздар есебіне төлемдер ғана болып табылатын ақша қаражаты жоқ қаржылық активтерді өзгеруі кіріс немесе шығыстың құрамында көрсетілетін (мысалы, туынды қаржы құралдары) өділ құн бойынша бағалау керек. Кіріктірілген қаржы құралдары енді қаржы активтерінен бөлінбейді, бірақ негізгі қарыз бен пайыздардың есебіне төленетін төлемдер ғана қарастырылған шарттарды бағалау кезінде ескеріледі.
- Үлестік құралдарға инвестициялар әрқашан да өділ құн бойынша бағалануы тиіс. Бұл ретте олар саудаға арналмаған болса, басшылық басқа жиынтық кіріс құрамында өзгертуге жатпайтын өділ құнның өзгеруін көрсету туралы шешім қабылдауы мүмкін. Егер үлестік құрал саудаға арналса, онда өділ құнның өзгеруі кіріс немесе шығыстың құрамында көрсетіледі.
- ХҚЕС (IAS) 39 талаптарының қаржылық міндеттемелерін жіктеу мен бағалауға қатысты басым бөлігі өзгеріссіз ХҚЕС (IFRS) 9 ауыстырылды. Негізгі ерекшелігі кәсіпорынға қойылған өділ құны бойынша пайданың немесе залалдың құрамында, басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін санатқа жатқызылған қаржылық міндеттемелер бойынша меншікті несиелік тәуекелдің өзгеру әсерін ашу талабы болып табылады. ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес, Компаниялар алдағы уақытта күтілетін зазалдардың «үш сатылы» моделіне сәйкес барлық күтілетін несиелік залалдарды ескеруге міндетті.
- Егер есептілік күні жағдайы бойынша алғашқы таныған сәттен бастап қаржы құралдары бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаса, Компаниялар 12 айлық күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада аталған қаржылық құралдар бойынша залалға сәйкес бағалау резервін бағалауы тиіс.
- Әрбір есептілік күні жағдайы бойынша Компаниялар қаржылық құралдар бойынша залалдарға арналған бағалау резервін егер аталған қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел бастапқы таныған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайса, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада бағалауға тиіс.

Жаңа стандартқа көшкен кезде Топ сырттан консультация беретін ұйымдарды тартқан жоқ. Қазіргі кезде Топ Самұрық-Қазына құрған жұмыс тобы аясында аталған стандартты ендіру бойынша іс-шараларды өткізуде.

Іс-шаралардың нәтижелері бойынша Топ көшудің ретроспективті әдісін таңдады. Сонымен қатар Топ қаржы құралдарының жіктеліміне талдау жасады, соған сәйкес қаржылық активтер мен Топтың міндеттемелерін жіктеу өзгеріссіз қалып отыр. Қаржы құралдарын есепке алу амортизацияланған құн бойынша жүргізіледі.

Осы қаржылық есептілік шығарылған күнгі жағдай бойынша 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін енгізілетін өзгерістерге сәйкес, ХҚЕС 9 «Қаржылық құралдар: Жіктеу және бағалау» жаңа стандартына көшуден күтілетін ықпалды Топ негізді түрде бағалай алмайды.

«Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімге» түзетулер ХҚЕС (IFRS) 15 (2016 жылғы 12 сәуірде шығарылды және 2018 ж. 1 қаңтарында басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді). Түзетулер стандарттың негізін қалайтын қағидаттардың өзгеруіне әкеп соқпайды, бірақ осы қағидаттар қалай қолданылуы тиіс екенін түсіндіреді. Түзетулерде шарт бойынша талаптарды орындауға қатысты міндеттерді (сатып алушыға тауарды немесе қызметті тапсыруға уәде беру) қалай анықтау; компания принципал (тауарды немесе қызметті жеткізуші) немесе агент (тауардың немесе қызметті жеткізуді ұйымдастыруға жауап беретін) болып табылатын қалай белгілеу; сондай-ақ белгілі бір уақытта немесе кезең ішінде лицензия беруден алған түсімді тану керек/керек еместігін қалай анықтау қажеттігін түсіндіреді. Түзетулердің түсіндірмесіне қоса қосымша екі талаптарды орындаудан босату талабы кіреді, бұл жаңа стандартты алғаш рет қолданып тұрған компанияға шығындар мен есепке алудың қиындық деңгейін азайтуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Топ жаңа стандарттың қаржылық есептілікке қалай әсер ететінін бағалайды.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

3 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен жасалатын шарттардан түсетін түсім» (2014 жылы 28 майда шығарылған) күшіне енеді. Жаңа стандарт негізгі қағидатты енгізеді, оған сәйкес түсімді тану осы тауарларға немесе қызметтерге айырбастауды алу үшін болжанатын сомада сатып алушыларға шарты бойынша уәде етілген тауарлар немесе қызметтердің жеткізілгенін көрсету үшін жүргізіледі.

Қазіргі кезге дейін Топ жаңа стандарттың қаржылық есептілікке тигізетін әсеріне 5-қадам моделі бойынша алдын ала бағалау жүргізді.

1-қадам: Сатып алушымен жасалатын шартты сәйкестендіру. Топтың негізгі қызметі ҚР аумағында электр энергиясын өндіру, жеткізу және тарату болып табылады. Топтың шоғырландырылған түсімінің негізгі үлесі (90% және одан көбі) электр және жылу энергиясын сату мен жеткізуден түсетін түсімнің үлесіне тиеді. Қызметтердің/тауарлардың әрбір түрін сату жеке сатып алушыға жеке, сәйкестендірілетін шартпен ресімделеді.

2-қадам: Орындалуға тиіс шарттық міндеттемелерді сәйкестендіру. Шарттың талаптарына сәйкес, Топтың еншілес ұйымдарының электр және жылу энергиясын сату мен жеткізуге қатысты орындалуға тиісті міндеттемелері шартты жасасқан сәтте анықталады. Топ бойынша электр және жылу энергиясын сату мен өткізуге арналған шарттарда ілеспе және/немесе қосымша қызметтер болмайды.

3-қадам: Мәміленің бағасын анықтау. Топтың негізгі қызметі «Электр энергетикасы туралы», Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы», «Бәсекелестік туралы» ҚР Заңдарымен реттеледі, соған сәйкес Топтың еншілес ұйымдары Топтың еншілес ұйымдары табиғи монополиялар субъектілері болып табылады. Осылайша, түсім сомасы уәкілетті орган - ҚР Энергетика министрлігінің электр, жылу энергиясына бекіткен тарифтеріне сүйене отырып анықталады.

4-қадам: Орындалуы тиіс міндеттемелер арасындағы мәміленің бағасын бөлу. Шарттың талаптарына сәйкес, электр және жылу энергиясын сату мен жеткізуге белгіленген шарт сомасы электр немесе жылу энергиясының сатылған немесе жеткізілген көлемінің бағасы болып табылады, бұл қызметтің/тауардың өз алдына жеке объектісі болып есептеледі.

5-қадам: Шарттық міндеттемелерді жасаған сәтте немесе оны орындау шамасына қарай түсімді тану. Электр және/немесе жылу энергиясын сату және/немесе жеткізу қызметінен түскен түсім бір есептік кезең ішінде жеткізілген немесе сатылған электр/жылу энергиясының нақты көлемі негізінде танылады.

ХҚЕС (IFRS) 15-тің ауыспалы ережелеріне сәйкес, Топ 2018 ж. 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікке көшудің модификацияланған ретроспективті әдісін таңдады, ол Топ ХҚЕС (IFRS) 15-ті қолданатын алғашқы жыл болмақ.

ХҚЕС (IFRS) 15-ті қолдану есептік саясатқа өзгерістер енгізуге және шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген мүмкін болатын түзетулерді көрсетуге алып келеді. 2017 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың ұдайы алынатын табыстарының ағынына жасалған талдау, жоғарыда көрсетілгендей, жеке шарттардың талаптары мен көрсетілген күні болған фактілер мен жағдайлан негізінде, сондай-ақ модификацияланған ретроспективті көшу әдісін қолдануды ескере отырып, Топ басшылығы 2018 ж. 1 қаңтардан жаңа стандартты қолдану шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін тигізбейді деп болжайды.

«Жалға алу» ХҚЕС (IFRS) 16 (2016 жылғы қаңтарда шығарылды және 2019 ж. 1 қаңтарында басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді). Жаңа стандарт жалға алу операцияларына қатысты есептілікте ақпаратты тану, бағалау, ұсыну және ашу қағидаттарын белгілейді. Жалға алудың барлық шарттары жалға алу шарты қолданысқа енгізілген сәттен бастап жалға алушының активті пайдалану құқығын алуға, сондай-ақ егер жалдау төлемдері уақыт кезеңі ішінде жүзеге асырылатын болса қаржыландыруды алуына өкеп соғады. Осыған байланысты, ХҚЕС (IFRS) 16 жалға алуды бұны ХҚЕС (IFRS) 17 қарастыратындай, операциялық және қаржылық ретінде жіктеуді жояды және оның орнына жалға алушылар үшін жалдау операцияларын есепке алудың бірыңғай моделін енгізеді. Жалға алушылар мыналарды тануға тиіс: (а) жалға алу объектісінің құны шамалы болған кездегі жағдайларды қоспағанда, әрекет ету мерзімі 12 айдан асатын барлық жалдау шарттарына қатысты активтер мен міндеттемелер; және (б) пайда мен залалдар туралы есепте жалдау міндеттемелері бойынша пайыздардан бөлек жалдау объектілерінің амортизациясы. Жалға берушіден алынған жалға алуды есепке алуға қатысты ХҚЕС (IFRS) 16 ХҚЕС-те (IFRS) 17 қарастырылған есепке алу талаптарын сақтайды. Осылайша, жалға беруші жалдау шарттарын операциялық немесе қаржылық жалдау ретінде жіктей және тиісінше оларды есептілікте әртүрлі көрсете береді. Қазіргі уақытта Топ жаңа стандарттың қаржылық есептілікке қалай әсер ететініне бағалау жасайды.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

3 Жаңа есептік ережелер (жалғасы)

«Ақпаратты ашу саласындағы бастамашылық» – ХҚЕС (IAS) 7-ге түзетулер (2016 жылғы 29 қаңтарда шығарылды және 2017 ж. 1 қаңтарында басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді). ХҚЕС (IAS) 7-ге енгізілген түзетулер қаржылық қызмет нәтижесінде туындайтын міндеттемелердегі өзгерістер туралы ақпараттың ашылуын талап етеді. Қазіргі уақытта Топ жаңа стандарттың қаржылық есептілікке қалай әсер ететініне бағалау жасайды.

Стандарттар мен түсініктер күшіне енгеннен кейін Топтың қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізбейді деп болжанады.

- «Инвестордың активтерді қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға сатуы немесе енгізуі» – ХҚЕС-ке (IFRS) 10-ға және ХҚЕС-ке (IAS) 28-ге түзетулер (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылды және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес белгілеген күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

- «Сатылмаған залалдар бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтерді тану» - ХҚЕС (IAS) 12-ге түзетулер (2016 жылғы 19 қаңтарда шығарылды және 2017 ж. 1 қаңтарында басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді).

- «Акцияларда негізделген төлем» ХҚЕС (IFRS) 2-ге түзетулер (2016 жылғы 20 маусымда шығарылды және 2018 ж. 1 қаңтарында басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді).

- «Қаржылық құралдар» ХҚЕС (IFRS) 9-ды және «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 4-ті қолдану – ХҚЕС 4-ке түзетулер (IFRS) (2016 жылғы 12 қыркүйекте шығарылды және таңдалған тәсілге қарай күшіне енеді: 2017 ж. 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін – уақыт өрекшелігін таңдаған ұйымдар үшін және ұйым ХҚЕС-ті (IFRS) 9-ды алғашқы рет қолданған жылдық кезең үшін – салу тәсілін таңдаған ұйымдар үшін).

- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын жыл сайын жетілдіру, 2014-2016 жж. (2016 жылғы 8 желтоқсанда шығарылды және ХҚЕС (IFRS) 12-ге түзетулерді қолдану бөлігінде 2017 ж. 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін, ХҚЕС-ке (IFRS) 1 және ХҚЕС-ке (IAS) 28-ге қатысты түзетулерді қолдану бөлігінде - 2018 ж. 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

- ХҚЕТК (IFRIC) 22 – Шетел валютасындағы операциялар және өтемақыны алдын ала төлеу (2016 жылғы 8 желтоқсанда шығарылды және 2018 ж. 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

- Инвестициялық жылжымайтын мүлктің құрамына немесе оның құрамынан аудару – ХҚЕС (IAS) 40-қа түзетулер (016 жылғы 8 желтоқсанда шығарылды және 2018 ж. 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, аталған жаңа стандарттар мен түсініктемелер Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай ықпал етпейді деп болжанып отыр .

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар

Топ келесі қаржылық жыл ішінде есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелерге ықпал ететін есептік бағалау мен пайымдарды пайдаланады және жорамал жасайды. Бағалаулар мен пайымдар тұрақты түрде сынап талдауға ұшырайды және басшылықтың бұрынғы тәжірибесіне және басқа факторларға, соның ішінде орын алған жағдайларда негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарға негізделген. Сондай-ақ, басшылық есептік саясатты пайдалану үрдісінде бағалауды талап ететін кейбір пайымдарды пайдаланады. Қаржылық есептілікте көрсетілген көрсеткіштерге ең көп ықпал ететін пайымдар мен келесі жыл бойынды активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік бағасын біршама түзету қажеттілігіне әкелуі мүмкін бағалар мыналардан тұрады:

Үздіксіз қызмет принциптері

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті үздіксіз қызмет принципі негізінде дайындады. Басшылықтың шешімі Топтың қаржылық жағдайына, оның ағымдағы ниеттеріне, операциялардың пайдалылығына, қаржылық ресурстарға қолжетімділік пен Үкіметтің қолдауына негізделеді.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Топтың көз жетер келешекте өз қызметін жалғастыра алу қабілетін бағалаған кезде мынадай факторлар қарастырылды:

- 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қысқа мерзімді активтері қысқа мерзімді міндеттемелерден 11,514,287 мың теңгеге артық болды.
- 2018 жылы Топ операциялық қызметтен 70 млрд. теңге мөлшерінде ақша ағынын және 15,7млрд. теңге мөлшерінде жалпы оң ақша ағынын алуды жоспарлайды.
- Топтың Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық мәні бар. Басшылық пен Топ акционерлерінің Тоа қызметін жоюға ниеттері де, қажеттіліктері де жоқ.
- Компания басшылығы осы Ескертпеде кейіннен сипатталған БЖЭС акцияларын сатуға арналған Опционмен байланысты мәселе Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне әсерін тигізбейді деп санайды. Басшылық тіпті қолайсыз сценарий жағдайында да мәселені шешу ұзақ уақытты талап етеді, тек содан кейін заңды процесс толығымен аяқталады деп санайды.

Осы жеке қаржылық есептілікте активтер мен міндеттемелердің, кіріс пен шығыстардың, сондай-ақ операциялық қызметті жалғастыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда қажет болатын қаржылық жағдай туралы есептілікті жіктеудің түзетулері жоқ, бұндай түзетулер маңызды болып табылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Басшылық әрбір есептік кезеңнің соңында жекелеген активтердің немесе активтер топтарының құнсыздану белгілерінің бар-жоғын және гудвилден бөлек активтер немесе активтер топтары үшін өткен кезеңдерде танылған құнсыздану шығыны белгілерінің бұдан былай болмайтынын немесе азайғанын бағалайды. Мұндай кез келген белгі анықталған жағдайда басшылық сату шығындары мен пайдалану құнын шегергендегі оның әділ құнының шамасының ең көбі ретінде анықталатын активтің өтелетін бағасын бағалайды. Пайдалану құндылығын есептеу қалыптасқан жағдайларға негізделген болып саналатын басшылық тарапынан бағалау мәліметтері мен кәсіби пайымдарды қолдануды талап етеді.

Қаржылық емес активтердің құнсыздану белгілерінің болуын анықтау да негізгі құралдар объектілерінің мүмкін болатын технологиялық ескіруін, қызметті тоқтатуын, олардың пайдалы қызметінің қалдық мерзімдерін және пайдаланудың басқа да өзгерістерін анықтаудың пайымдаулары мен бағаларын пайдалануды талап етеді.

ХҚЕС (IAS) 36-ға сәйкес, құнсыздану белгілерінің бірі болып Топ қызметін жүзеге асыратын технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе заңдық жағдайларда немесе актив сатылуы тиіс нарықта кезең ішінде болған немесе алдағы уақыттарда күтілетін, Топ үшін жағымсыз салдарлары бар маңызды өзгерістердің болуы саналады.

Активтің өтелетін құнын бағалаған кезде Топ бағалауларды қолданады және пайым жасайды. Бағалаулар мен пайымдар тұрақты түрде сыни талдауға ұшырайды және басшылықтың бұрынғы тәжірибесі мен басқа факторларға, оның ішінде орын алған жағдайларда негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарға негізделген. Сондай-ақ, басшылық есептік саясатты пайдалану үрдісінде бағалауды талап етпейтін кейбір пайымдарды пайдаланады.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және өзінің инвестицияларына сәйкес, жүргізілген талдау нәтижелері бойынша, басшылық «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС (бұдан әрі – «ЕГРЭС-1») және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ (бұдан әрі – «ЕМАЭС-2») қаржылық емес активтерінің құнсыздану индикаторларын анықтады.

ЕГРЭС-1

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша, басшылық ЕГРЭС-1 қаржылық емес активтерінің құнсыздану ықтималдылығы индикаторына жасалған талдау негізінде жақын арада болған тарифтерді реттейтін заңнамалардағы өзгерістер мен 2017 жыл бойында орташа өлшемді тарифтің деңгейін төмендетуге алып келетін неғұрлым бәсекелес тарифтік саясатты жүргізу ЕГРЭС-1 қаржылық емес активтерінің құнсыздану ықтималдығының факторы болып табылады деген қорытындыға келді.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Басшылық бұл басқа активтер өндіретін ақша ағындарына айтарлықтай деңгейде тәуелсіз және ЕГРЭС-1 активтердің құнын өтеуге бақылау жүргізетін неғұрлым төмен деңгейге жататын неғұрлым аз сәйкестендіруге болатын активтер тобы болғандықтан, барлық негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді бірыңғай ақша қаражатын өндіретін бірлікке жатқызады. Басшылық Топтың бағалаушы дисконтталған болашақ ақша ағынын пайдаланудан алуды болжайтын сома ретінде белгіленген құндылықтарды пайдалануы негізінде негізгі құралдардың өтелетін сомасын бағалады.

Топ «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС 36-ға сәйкес өткізілген құнсыздануға тест жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартты. Тәуелсіз сарапшы активтерді, дисконт мөлшерлемесін және басқа көрсеткіштерді пайдаланудан алу болжанатын болашақ түсімдер мен ақша қаражатының ағынын бағалауға сүйене отырып, ЕГРЭС-1-дің негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің өтелетін құнын бағалады.

Тәуелсіз сарапшы активтерді, дисконт мөлшерлемесін және басқа көрсеткіштерді пайдаланудан алу болжанатын болашақ түсімдер мен ақша қаражатының ағынын бағалауға сүйене отырып, ГРЭС-1-дің негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің өтелетін құнын бағалады. Өтелетін құн пайдалану құндылығы негізінде анықталды. Аталған есептерде басшылық 2018 жылдан 2026 жылға дейін 9-жылдық кезеңге бекіткен жаңартылған қаржылық бюджет негізіндегі ақшалай қаражат қозғалысының болжамдары қолданылды.

Өтелетін қаржылық емес активтердің құнына қатысты негізгі болжамдар төменде келтірілді:

Электр энергиясына белгіленген тарифтер

Шекті тарифті ҚР Үкіметі электр станцияларының түрлері, белгіленген қуаттары, пайдаланатын отыны, отын алатын орынның алыс-жақындығына қарай құралатын энергия өндіруші ұйымдар тобы бойынша әр жылға бөліп, 3 жыл мерзімге бекітеді және ол жыл сайын саланың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету қажеттігі ескеріле отырып түзетіледі. Электр энергиясын өндіруге белгіленген шекті тарифтер 2019 жылға дейін бекітілген.

2019 жылдан басталатын кезеңде түсімді болжауда энергия өндіруші ұйымдар үшін тариф белгілеу құрылымын өзгертетін қуат нарығын өндірудің әсері белгіленді. Электр энергиясын тұтынушыларға арналған шекті тарифті есептеу үшін Энергетика министрлігінің 2017 жылғы 28 қарашадағы №413 «Электр энергиясына шекті тарифті бекіткен кезде ескерілетін тіркелген пайданы, сондай-ақ теңгеруші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіткен кезде ескерілетін теңгерім үшін тіркелген пайданы анықта әдістемесін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген шекті тарифті есептеу әдістемесі пайдаланылды.

Тарифтер	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2024	2026
Экспорт - Ресей	теңге/кВтс	5.41	5.44	5.47	5.64	5.79	5.94	6.05	6.16	6.29
Қазақстан	теңге/кВтс	6.86	5.87	6.29	6.59	6.88	7.16	7.43	7.68	7.93
Қуат тарифі	Мың теңге/кВТс	-	0.70	0.75	0.79	0.82	0.85	0.89	0.92	0.95

Энергия өндіруші ұйым электр энергиясын босату бағасын өз бетінше белгілейді, бірақ ол тиісті энергия өндіруші ұйымдар тобының шекті тарифінен аспайды. Электр энергиясын өндіру саласындағы бағалар экспортқа сату жағдайларын қоспағанда, шекті, есептік немесе жеке тарифтен аспайтын тарифтер бойынша сұраныс пен ұсынысқа байланысты бәсекелес жағдайларда қалыптастырылды.

Қуатты сату тарифін есептеу үшін Қазақстанда ҚР Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 414 «ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 шілдедегі №465 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығымен бекітілген энергия өндіруші компаниялардың шекті тарифтер деңгейінде қабылданған тарифтер қолданылды.

Электр энергиясына белгіленген тарифтер бойынша көрсеткіштерді 10%-ға азайтқан жағдайда негізгі құралдардың өтелетін құны олардың теңгерімдік құнынан 62,408,450 мың теңгеге төмен болады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Өндіріс көлемі және электр энергиясын сату

2018-2022 жж. электр энергиясын сату көлемін болжау даму жоспарларында негізделген.

2023 ж. сату көлемінің болжамы 2022 ж. сату болжамының көлеміне негізделген 2024-2026 жж. сату көлемі ҚР Энергетика Министрлігінің Қазақстанның Бірыңғай Энергетикалық Жүйесінің қуат теңгерімнің болжамына негізделді. Электр қуатын өндіру және сату болжамдары тау-кен, металлургия саласында 2021 жылға дейін жаңа өндірістік қуаттар салуды аяқтау және болашақта электр энергиясын тұтыну көлемін арттыру жоспарлары ескерілді.

2019-2021 жж. кезеңінде сатылатын қуат көлемі Топ болжамының деңгейінде белгіленді. Бұдан өрі, сату көлемінің өсуі Энергетика министрлігінің деректері бойынша Солтүстік және Оңтүстік өңірдің қуатының теңгеріміне сәйкес белгіленді.

Сату көлемі	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2024	2026
Экспорт - Ресей	Мың МВтс	6,100	6,100	4,100	2,414	1,115	1,115	1,115	3,653	3,353
Қазақстан	Мың МВтс	9,570	14,793	17,381	18,589	19,003	21,185	21,481	21,778	22,078
Қуат	МВт	-	30,000	30,000	30,000	30,000	30,000	30,419	36,776	37,282

Рұқсат етілетін шектегі электр энергиясын сату көлемін 10%-ға азайту негізгі құралдардың құнсыздануы себепті 56,423,280 мың теңгеден аспайтын сомаға шығын шегуге алып келеді.

Дисконттау мөлшерлемесі капиталдың орташа өлшемді құнының (WACC) есебіне негізделген, ол 11,2 %-ға тең болып қабылданады.

Дисконттау мөлшерлемесі ЕГРЭС-1-ге тиесілі тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағасының көрінісін ескере отырып есептелді және салаға арналған капиталдың орташа өлшемді құны негізінде бағаланды. Болашақта салаға тән өзгеріп отыратын тәуекелдерді және капиталдың орташа өлшемді құнының өзгерістерін көрсету үшін дисконттау мөлшерлемесінің әрі қарайғы өзгерістері қажет болады. Дисконттау мөлшерлемесін 2%-ға ұлғайту негізгі құралдардың құнсыздануынан 19,059 мың теңге мөлшеріндегі залалға алып келеді.

Жүргізілген тестілеу нәтижесінде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, олардың баланстық құны 503,019,840 мың теңге болған кезде негізгі құралдардың өтелетін құны 603,073,884 мың теңгені құрады.

ЕМАЭС -2-ге салынған инвестициялар

9-ескертпеде көрсетілгендей, Топтың ЕМАЭС-2 бірлескен кәсіпорнына салған инвестициясы бар. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, аталған инвестицияның теңгерімдік 22,264,624 мың теңгені құрады.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, № 3 энергия блогын салуды аяқтаумен байланысты да, сондай-ақ № 3 энергия блогы өндіретін электр энергиясын әрі қарай сатумен байланысты да анықтықтың болмауы ЕМАЭС-2-нің негізгі құралдарының барынша құнсызданғанын, соған сәйкес Тобына ЕМАЭС-2-ге салынған инвестициясының құнсыздануы мүмкін екендігін көрсетті.

ЕМАЭС-2 басшылығы барлық негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді бірыңғай ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін бірлікке жатқызады, өйткені басқа активтер қозғалысқа келтіретін ақша ағынына тәуелсіз айтарлықтай дәрежеде ақша қаражатының ағынын қозғалысқа келтіретін ең аз сәйкестендірілетін активтер тобы және ЕМАЭС-2 активтердің құнының өтелуіне бақылау жасайтын ең төменгі деңгейі.

ЕМАЭС-2 «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС 36-ға сәйкес өткізілген құнсыздануға қатысты тест өткізуге тәуелсіз сарапшыларды тартты. Тәуелсіз сарапшы ЕМАЭС-2-нің негізгі қаражаттары мен материалдық емес активтерінің өтелетін құнын активтерді пайдаланудан, дисконт мөлшерлемесінен және басқа көрсеткіштерден түсетін болжанған алдағы түсімдер мен ақша қаражатының ағынына сүйене отырып, бағалады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Өтелетін құн пайдалану құндылығы негізінде анықталды. Аталған есептерде басшылық бекіткен 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі 5 жылдық кезеңге арналған жаңартылған қаржылық бюджет негізінде әзірленген ақша қаражаты қозғалысының болжамдары пайдаланылды.

Құнсыздануды анықтауға арналған тест нәтижесінде ЕМАЭС-2-нің негізгі құралдары 11,687,420 мың теңге сомасына құнсызданды. Сәйкесінше, Топ пайда мен залал және басқс жиынтық табыс туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте бірлескен кәсіпорындардың табыстарындағы үлес құрамындағы ЕМАЭС-2-нің негізгі құралдарының құнсыздануынан болған залалды таныды.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы құнсызданудан болған залалды тануға әкелген негізгі оқиғалар:

- Қуаттарды есептен шығаруды болжамдау 2016 жылдың аяғындағы болжамды деректермен салыстырғанда, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірқатар себептер бойынша, энергия өндіруші және энергия сатушы ұйымдарды жалғыз инвестордың сатып алуы секілді оқиғаларды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей азайды, бұл өз кезегінде жекелеген энергия өндіруші объектілердің есептен шығарылған қуатына катысты ұстанымның өзгеруіне алып келді.
- Электр энергиясын төмен тарифтер бойынша орталықтандырылған сауда-саттық арқылы сату үлесінің артуына байланысты орташа өлшемді тарифтің деңгейінің азаюы;
- Жалпы алғанда негізгі тұтынушылар тарапынан 2017 жылдың 1-жартыжылдығында бақыланған коммерциялық сұраныстың азаюы және Ресей Федерациясына электр энергиясын экспорттаудың тоқтауы.

Қаржылық емес активтердің өтелетін құнына қатысты негізгі болжамдар төменде келтірілген:

Электр энергиясына белгіленген тарифтер

Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін ЕМАЭС-2 басшылығы электр энергиясына мынадай тарифтерді қолданды:

- 2017 жылы тариф 1 кВтс-қа 6,6 теңгені құрады, бұл ЕМАЭС-2-де қолдануға болатын электр энергиясын сатуға белгіленген нақты тарифті білдіреді және Энергетика министрлігі 2016-2018 жылдарға 1 кВт.сағ. үшін 8,8 теңге мөлшерінде бекітіп, белгілеген шекті тарифінен аспайды.
- Кейінгі кезеңдерге арналған болжамды орташа өлшемді тарифтер мынадай:

Тарифтер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл
Электр энергиясы (теңге/кВтс)	6,63	5,77	6,18	6,48	6,77	7,04	7,30	7,55	7,80
Қуат(мың теңге/кВтс)	–	0,7	0,75	0,79	0,82	0,85	0,89	7,67	7,79

Тариф болжамы басшылықтың 2020 жылы күтіліп отырған №3 энергия блогын салу жобасын жаңартуға байланысты болжалы негізінде жасалды. 2025 жылы тарифтің айтарлықтай өсуі күтіліп отырған № 3 энергия блогын іске қосуға және Қазақстан Республикасындағы электр қуаты нарығының жұмысына енгізуге қатысты тариф белгілеу құрылымының өзгеруіне байланысты. «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, ЕМАЭС-2 электр қуатын сату үшін жеке тариф белгілеу мүмкіндігіне ие. Жеке тарифті белгілеу қуаты 630 МВт №3 энергия блогын салуды аяқтаған кезде және уәкілетті органмен инвестициялық келісімді жасағаннан кейін ғана мүмкін болады. ЕМАЭС-2-нің операциялық шығыстарын есепке алмағанда жеке тарифті есептеу №3 энергия блогын салуды аяқтау үшін жұмсалған шығындарды жабу үшін инвестициялық құрамдасымен байланысты шығындарды жабуға арналған қажетті шаманы ескереді.

Электр энергиясына тарифтер бойынша жоғарыда аталған көрсеткіштерді 10%-ға азайтқан жағдайда негізгі құралдардың өтелетін құны олардың теңгерімдік құнына қарағанда 34,821,849 мың теңгеге аз болады. Сәйкесінше, ЕМАЭС-2-дегі Топтың инвестициясының құны оның теңгерімдік құнынан 17,410,925 мың теңгеге аз болады.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Электр энергиясын өндіру және сату көлемі

Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін №3 энергия блогының электр энергиясын өндіру/сату бойынша болжамдық көлемі мен құрылысты аяқтау үшін қажетті тиісті инвестициялар ескерілді. Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін мынадай электр энергиясын сату көлемі қолданылды:

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл
Электр энергиясын өндіру көлемі (миллион кВт.с)	5.100	5.801	6.001	6.101	6.101	6.101	6.101	6.185	6.270

Басшылық болжамдық кезең бойында өндіру мен сату көлемі №3 энергия блогын пайдалануға бергенге дейін тұрақты болады деп болжайды. №3 энергия блогын іске қосқаннан кейін электр энергиясының көлемі айтарлықтай ұлғаймайды, бірақ электр энергиясын өндіру көлемі үш блоктың арасында бөлінеді деп болжануда. Басшылық болжамды кезең ішінде электр энергиясын сату көлемі артады деп күткенімен, электр энергиясын сату көлемін 10% мөлшерде рұқсат етілетін шекте азайту негізгі құралдардың 28,985,624 мың теңге сомада құнсыздануынан зиян шегуге және сәйкесінше Топтың ЕМАЭС-ге 14,492,812 мың теңге сомада салған инвестициясының құнсыздануынан зиян шегуге алып келеді.

Дисконттау мөлшерлемесі капиталдың орташа өлшемді құнының (WACC) есебіне негізделген және 13.24%-ға тең болып қабылданады.

Мөлшерлеме ЕМАЭС-2-ге тән тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағасының көрінісін ескере отырып, есептелді, ол салаға арналған капиталдың орташа өлшемді құнының негізінде бағаланды. Болашақта салаға тән өзгеріп отыратын тәуекелдерді және капиталдың орташа өлшемді құнындағы өзгерістерді көрсету үшін дисконттау мөлшерлемесінің одан әрі қарай өзгеруі қажет болады. Дисконттау мөлшерлемесін 1%-ға ұлғайту 24,618,618 мың теңге мөлшерінде құнсыздануы салдарынан зиян шегуге алып келеді, сәйкесінше, Топтың ЕМАЭС -2-ге салған инвестициясының 12,309,309 мың теңге сомаға құнсыздануына байланысты зиян шегуіне алып келеді.

Негізгі құралдарды есепке алу

Теңгерімдік құны 18,932,091 мың теңге болатын негізгі құралдар Бірінші Жел Электр станциясының (бұдан әрі - БЖЭС) 18,038,605 мың теңге сомадағы және Қапшағай Күн Электр станциясының (бұдан әрі - Қапшағай СЭС) 893,487 мың теңге сомадағы активтерін білдіреді. КЕГОС-тің еншілес ұйымы - Есептеу-қаржы орталығы ЖЭК-тен электр энергиясын өндіретін компаниялардан өндірілген электр энергиясын түгел сатып алып, көмір мен көмірсутегіден электр энергиясын өндіретін станцияларға қайта сататын агент ретінде қызмет етеді. Бүкіл электр энергиясы станциядан құнсыздану мөлшерлемесіне қарай жыл сайын түзетіліп отыратын нарықтағыдан жоғары ескертілген тариф бойынша сатып алынады.

КХҚЕС-ке (IFRIC) 4-ке сәйкес, мұндай сипаттағы шарт жалдау шартының белгілерінен тұруы мүмкін. Басшылық КХҚЕС (IFRIC) 4 талаптарын бағалап, бұл шарт операциялық жалдау шарты болып табылады деген пікірге келді, мұнда БЖЭС пен Қапшағай СЭС жалға берушілер болып табылады. Сәйкесінше, бұл станциялардың электр энергиясын сатудан түскен түсімі электр станцияларын жалға беруден түскен табыстың құрамына енгізілді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, инвестициялық меншіктің әділ құнын бағалау негізінде Топ инвестициялық меншіктің құнсыздану белгілерін анықтамады (2016 ж. 31 желтоқсан: белгілер жоқ).

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Электр энергиясын сатудан түскен түсімді тану

Топ электр энергиясын тұтынушылардың есептеуіштеріндегі көрсеткіштер деректеріне сәйкес электр энергиясын жеткізген сәттегі түсімді таниды. Есептеуіштердің көрсеткіштері тұтынушыларға ай сайын беріледі және Топ олардың дұрыстығын ішінара таңдай отырып тексереді. Топ тұтынылған электр энергиясы үшін шоттарды ұсыну бойынша үрдістер кезеңділігінің нәтижесінде тұтынушыларға шоттар берілмеген есептік кезеңнің соңында электр энергиясының айтарлықтай бөлімін сатты. Топ бағалау негізінде есептеуіш көрсеткіштерін соңғы рет алған сәттен бастап есептік кезеңнің соңына дейін сатылған электр энергиясынан түскен табысты таниды. Топтың ұстанымына сәйкес, сатып алынатын тұтынылған, бірақ сату бағасына көбейтілетін есептік айдың соңында қойылған электр энергиясының күн сайынғы сатып алу көлемі есептеледі.

Негізгі құралдарды тиімді пайдалану мерзімдері

Негізгі құрал-жабдықтардың пайдалы қызметінің мерзімін бағалау осыған ұқсас активтерге қатысы бар тәжірибе негізіндегі кәсіби пайымдауларды пайдалану арқылы жүзеге асты. Осы активтермен байланысты келешектегі экономикалық пайда негізінен оларды пайдалану нәтижесінде алынады. Дегенмен, технологиялық және коммерциялық тұрғыдан тозу, сондай-ақ, құрал-жабдықтарға тозуы сияқты басқа факторлар көбінесе осы активтермен байланысты экономикалық пайданың азаюына әкеледі. Басшылық аталған активтер Топқа экономикалық пайда әкелетін есептік кезеңге сүйене отырып, активтердің ағымдағы техникалық жағдайына байланысты негізгі құралдарды табысты пайдаланудың қалған мерзімін бағалайды. Және келесі негізгі факторлар назарға алынады: (а) активтерді пайдаланудың болжалды мерзімі; (б) техникалық қызмет көрсетудің эксплуатациялық сипаттамалар мен регламентіне байланысты құрал-жабдықтың болжалды физикалық тозуы және (в) нарықтық жағдайлардың өзгеруі нәтижесінде технологиялық және коммерциялық тұрғыдан алып қарағанда құрал-жабдықтардың моральдық тозуы.

Егер тиімді пайдаланудың есептік мерзімдері басшылықтың бағалауынан 10%-ға өзгеше болса, 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған амортизациялық аударымдар 4,433,347 мың теңгеге ұлғаюы/азаюы (2016 жылғы 31 желтоқсан: 4,532,634 мың теңгеге ұлғаюы/азаюы тиіс еді).

Әкімшілік алдындағы берешек

2009 жылы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «АЖК») Алматы қаласының әкімдігімен (бұдан әрі - «Әкімдік») Әкімдік алдындағы АЖК-ның берешегін жою туралы сот процесіне қатысты. 2014 жылғы 14 ақпанда Әкімдік пен АЖК Әкімдік алдындағы АЖК-ның берешегін реттеу тәртібі туралы бейбіт келісімге қол қойды. Мұның үстіне, АЖК өзінің берешегін өтеу есебіне, басқаларды қоспағанда, Әкімдіктің коммуналдық меншігіндегі және сенімді басқаруындағы электр желілерін меншігіне алуға міндеттенеді. АЖК-ның Әкімшілік алдындағы міндеттемелерінің сомасы бейбіт келісім аясында алдыңғы жылдар ішінде төленген барлық төлемдерді шегергенде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, 5,841,514 мың теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсан: 5,841,514 мың теңге).

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, электр желілерін меншікке қабылдау аяқталған жоқ. Топ төлем төлеуден босатылған кезде, яғни бейбіт келісім тараптарының барлық іс-әрекеттерін орындаған сәтінде, атап айтқанда, Әкімдіктен электр желілерін меншікке қабылдаған сәттен бастап бұл міндеттемелерді тануды тоқтатады. Мұның үстіне Топ міндеттемелерді жапқан кезде қалатын 5,841,514 мың теңге мөлшеріндегі пайданы таниды.

Балқаш ЖЭС

«Балқаш ЖЭС құрылысы» жобасы (бұдан әрі - Жоба) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасында қол қойылған үкіметаралық келісім аясында іске асырылуда. 2011 жылы қол қойылған келісім электр станциясын қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалануға беру және техникалық қызмет көрсету саласындағы экономикалық ынтымақтастықты қамтиды.

«Балқаш ЖЭС» АҚ (бұдан әрі - БЖЭС) акционерлері Samsung C&T Corporation (бұдан әрі -Samsung C&T немесе Samsung C&T Corporation) және Компания болып табылады, сәйкесінше, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, қатысу үлестері 50% + 1 акцияны және 50% - 1 акцияны құрайды. БЖЭС 2008 жылы акционерлік қоғам ретінде құрылды. 2012 жылы маусымда «БЖЭС» АҚ мен Samsung Engineering Ltd. және Samsung C&T (бұдан әрі - Консорциум) қуаты 1320 МВт Балқаш ЖЭС-ін жобалау, жеткізу және салуға келісімшарт (бұдан әрі - «ЕРС») жасады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл****4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар (жалғасы)**

Жоспарға сәйкес, жобаның рентабельділігі 2014 жылы 19 маусымда БЖЭС пен «KEGOC» АҚ (электр желілерін басқару жөніндегі компания және ҚР бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің ұлттық операторы) арасында жаңадан пайдалануға енгізілетін өндіруші қондырғылардың электр қуатын өзірлікте ұстап тұру жөніндегі қызметті сатып алуға жасалған ұзақ мерзімді шарт (бұдан өрі – ҚСШ) арқылы қамтамасыз етілді, мұнда тарифтер АҚШ долларымен көрсетілді.

2012 жылы 14 ақпанда Компания мен Samsung C&T «Балқаш ЖЭС» АҚ акцияларына қатысты опциондық келісімді» («Опциондық келісім») жасасты. Аталған келісімге сәйкес, Samsung C&T БЖЭС акцияларын сату опционына («Акцияларды сатуға арналған опцион») ие, бұл Samsung C&T егер Үкіметаралық келісімді ратификациялауға, ҚСШ-ны уақытылы жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететін заңдарды қабылдауға және жобалық қаржыландыруды тарту үшін жеткілікті талаптары бар келілдіктерді ұсынуға қатысты опциондық келісімдердің тиісті талаптары орындалмаған жағдайда, опционды пайдалану құқығы бар. Опциондық келісімнің талаптарына сәйкес, опцион бағасы Samsung C&T өзіне тиесілі акциялар үшін алынған дивидендтер мен өзге төлемдерді шегергенде, Samsung C&T-ның опцион акциясын, капиталға салынған салымдарды сатып алуға және Samsung C&T-ның қарыздары бойынша берешек сомасына төлеген жалпы сомаға тең.

2016 жылдың тамызына дейін Компания мен Samsung C&T акцияларды сатуға опционды бірнеше рет ұзартты.

Қарыздық қаржыландыруды ұйымдастыру мақсатында жобаның әлеуетті кредиторлары халықаралық жобалық қаржыландыру тәжірибесіне сәйкес, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуді талап етті.

Кредиттік қаржыландыруды ұйымдастыру үшін жобаның ықтимал кредиторлары жобаларды қаржыландырудың халықаралық тәжірибесіне сәйкес инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды талап етті. Жобаны қолдау топтамасының келісілген нұсқасының болмауынан 2016 жылы 31 тамызда Samsung C&T Компанияның атына Опциондық келісімге сәйкес акцияларды сатуға қатысты опционды орындау туралы хабарлама жіберді, мұнда олар салынған қаражатты 192 миллион АҚШ доллары сомасына бағалады.

Сонымен қатар, жоба бойынша қаржыландырудың болмауына байланысты 2016 жылы 31 тамызда Консорциум БЖЭС-ке ЕРС келісімшартын бұзатыны туралы хабарлама жіберді.

Samsung C&T -тен хабарлама алғаннан кейін Компания мен ҚР Үкіметі 2016 жылғы қазаннан қазіргі кезге дейін мәселені реттеу бойынша бірқатар шаралар қабылдады.

Оңтүстік Қазақстанда энергия жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Жобаның стратегиялық маңыздылығын назарға ала отырып, ҚР Үкіметі Samsung C&T-мен келіссөз жүргізуді жалғастыруды мақұлдады.

Атап айтқанда, ҚР Үкіметі мен ҚР мемлекеттік органдары Жобаны әрі қарай іске асыру мәселелерін талқылау үшін, оның ішінде Samsung C&T-ның қатысуымен бірқатар кездесулер өткізілді. Тараптар белгіленген тәртіпте Үкімет тарапынан жобаны қаржыландыру үшін келісуге болатын талаптары көрсетілген қолдаухат ұйымдастырылатыны туралы келісті.

2017 жылы 28 ақпанда Samsung Engineering Co.Ltd және Samsung C&T жобаны жалғастыру туралы келіссөздер нәтижесінде ЕРС келісімшартты бұзу туралы хабарламаны кері шақыртып алды.

Алайда Қазақстан тарапынан берілетін қолдаухат мерзімінде шығарылмағандықтан, 2017 жылы 29 сәуірде Samsung Engineering Co. Ltd БЖЭС-ке 2017 жылғы 28 ақпандағы ЕРС келісімшартты бұзатыны туралы хабарламаны кері шақырып алу бұдан былай тиімді болып табылмайтыны хабарлады.

Электр станциясын салу бойынша барлық жұмыстар тоқтатылды. 2017 жылы 29 қыркүйекте Консорциум БЖЭС-тің атына ЕРС келісімшартты бұзуға байланысты төлем жасау бойынша соңғы талабын жолдады. Соңғы талаптың сомасы 108,860 мың АҚШ долларын құрады. Бұдан өрі, Консорциум БЖЭС-ке 2017 жылғы 30 қарашада жолдаған өзінің хатында дайындалған жабдықты қабылдауға ниетті екенін білдіре отырып жазған жауабын айтылған мерзімде алмағанын хабарлады, Консорциум Dongfang Electric Corporation Limited және Siemens AG-ға (бұдан өрі – «Қосалқы мердігерлер») қосымша шығындарды болдырмау үшін өзірлеуші зауыттағы жабдықты кәдеге жаратуға нұсқау берді.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл****4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар (жалғасы)**

Топ жоғарыда аталған жағдайлар «Активтердің құнсыздануы» ХБЕС 36 – ға сәйкес, Компанияның БЖЭС-ке салған инвестициясының құнсыздануының белгілері болып табылады деген қорытындыға келді. Соған сәйкес, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топ БЖЭС-ке салған инвестицияның құнсыздануы салдарынан шеккен 27,570,522 мың теңге мөлшеріндегі залалды таныды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Samsung C&T-ның жобадан шығуы жайында, сонымен қатар Samsung C&T-нің өз акцияларын сатуға арналған опционына қатысты мәселелерін талқылауда. Топ пен Samsung C&T Опцион туралы келіссөздер жүргізіліп жатырған жоқ. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Samsung C & T келіссөздер процесінің белсенді сатысында. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұстанымын және келіссөздердің ағымдағы нәтижесін назарға ала отырып, Топ опционды орындауға қатысты маңызды экономикалық ресурстардың кету ықтималдығы жоғары емес деп санайды. Осыған байланысты 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін және осы жылғы жағдай бойынша шоғырланған қаржылық есептілікте Топ Samsung C&T талап еткен опционды орындауға қатысты қандай да бір резервтерді құрған жоқ.

Сонымен бірге Топ басшылығы жоғарыда аталған келіссөздер мен реттеу нәтижесінде қол жеткізілуі мүмкін болатын уағдаластыққа қатысты анықтықтың жоқ екенін атап көрсетеді. Тараптар уағдаластыққа қол жеткізе алмаған жағдайда, Samsung C&T корпорациясының сот инстанцияларында Компанияға қарсы дау қозғау ықтималдығы туралы қауіп бар. Солай болған жағдайда Компания өз позициясын батыл қорғайды. Топ басшылығы Samsung C&T компаниясының опцион шарттарын пайдалануына құқығы болған жоқ, және оған қарсы жақсы қорғану желісі бар деп санайды, оның ішінде қарсы тараптың шағым нақты жағдайларға сәйкес келеді деп негіздеуге қабілетсіздігінің нәтижесінде.

Акционермен жүргізілген операциялар

6-ескертпеде көрсетілгендей, 2017 жылы қазанда Топ «Банк «Bank RBK» АҚ-да орналастырылған депозиттер бойынша 5,112,604 мың теңге мөлшеріндегі құнсыздану индикаторларын атап көрсетті. Депозиттердің өтелімділігіне жасалған талдау негізінде Топ депозиттер бойынша 2,394,066 мың теңге мөлшерінде құнсыздану салдарынан болған залалды растады. Үкіметтің 2017 жылғы 7 қарашадағы қаулысына сәйкес, 2017 жылы 29 желтоқсанда Компанияның «Банк «Bank RBK» АҚ-ға салған депозиттері жылдық 0,01% пайыздық мөлшерлемемен 1 данасы үшін номинал құны 1 теңгеммен 15 жылдық купондық облигацияларға айырбасталды. Купондық облигациялар бастапқыда 767,518 мың теңгеге тең әділ құн бойынша танылды. Депозиттердің баланстық сомасы мен облигациялардың әділ құнының арасындағы айырма 1,951,020 мың теңгені құрады және капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте капиталдың өзге бөлінісі ретінде көрсетілді. Топ басшылығы аталған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы тарапы ретінде болды, сәйкесінше, депозиттердің баланстық сомасы мен облигациялардың әділ құнының арасындағы айырма капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте капиталдың өзге бөлінісі ретінде көрсетуі мүмкін деп санайды. Облигациялардың әділ құны облигациялардың өтеу мерзімін, кепілді төлем сомасын және облигацияның нарықтағы пайыздық мөлшерлемесін ескере отырып анықлады. Депозиттердің құнсыздану сомасын есептеген кезде Топ депозиттердің өтелімділігіне жасалған талдауды ескерді.

5 Сегменттер бойынша ақпарат

Операциялық сегменттер шаруашылық қызметті жүзеге асыратын құрамдастарды білдіреді, мұның үстіне, олар түсімді қозғалысқа келтіре алады немесе операциялық нәтижелерін операциялық басқарудың жоғарғы органы үнемі талдау жасайтын шығындармен байланысты бола алады, операциялық сегменттер үшін бөлек қаржылық ақпарат бар. Жоғарғы жедел басқару органын ресурстарды бөліп, компания қызметінің нәтижелерін бағалайтын бір адам немесе бір топ адам басқара алады. Жоғарғы жедел басқару органының функцияларын Топ Басқармасы орындайды.

Жоғарғы жедел басқару органы талдайтын сегменттік қаржылық ақпарат түсім және салық алынғанға дейінгі пайда туралы ақпараттан тұрады. Жоғарғы жедел басқару органы сонымен қатар Топтың қаржылық пайда/залал, табыс салығы бойынша шығыстар, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы, негізгі құралдардың және инвестициялық меншіктің құнсыздануы, гудвилдің құнсыздануы, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардағы табыстар / (шығындар) үлестерінің құнсыздануына дейінгі кезең үшін пайда/(залал) және осыған ұқсас өсерлер ретінде есептелетін EBITDA туралы ақпаратын да талдайды. Топ бойынша пайыздар, салықтар мен амортизациялық аударымдарды шегергенге дейінгі табысты анықтау жүйелілігі (EBITDA) басқа компаниялар пайдаланатын жүйеден өзгеше болады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

5 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

(а) әрбір есептік сегменттің сатудан түсім алатын өнімдер мен қызметтердің сипаттамасы

Топ үш негізгі операциялық сегмент аясында қызметін жүзеге асырады:

- Жылу энергиясын және электр энергиясын өндіру;
- Электр энергиясын жеткізу және тарату;
- Электр энергиясын сату.

(б) Операциялық сегменттер қызметінің нәтижелері

Жоғарғы жедел басқару органы әр сегмент қызметінің нәтижелерін түсімді және салық салынғанға дейінгі пайданы бағалау арқылы бағалайды.

Операциялары тоқтатылған қызмет ретінде көрсетілген компаниялар Топ қызметінде 2017 жыл бойында қатысуды жалғастырды. Тоқтатылған қызметтің нәтижелері сегменттер бойынша ақпаратқа енгізілді.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

5 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

Қазақстан теңгесімен, мың	Электр энергиясын және жылу энергиясын өндіру		Электр энергиясын жеткізу және тарату		Электр энергиясын сату		Өзге		Барлығы	
	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Сыртқы түсім	126,541,261	93,414,504	16,796,164	15,492,947	123,237,826	118,276,688	3,287,661	3,509,269	269,862,912	230,693,408
Сегментішілік түсім	53,649,114	55,414,783	44,173,115	41,380,203	435	919	666,616	-	98,489,280	96,795,905
Барлық түсім	180,190,375	148,829,287	60,969,279	56,873,150	123,238,261	118,277,607	3,954,277	3,509,269	368,352,192	327,489,313
Салық салғанға дейінгі пайда (залап)	7,607,835	19,625,110	14,905,582	9,045,345	1,196,161	(265,822)	(39,018,982)	(2,230,331)	(15,309,404)	26,174,302
Құрделі шығындар	23,194,396	52,038,173	23,856,380	33,709,417	54,112	137,279	180,269	366,759	47,285,157	86,251,628
Есептік сегменттің активтері	758,005,838	742,971,509	121,424,000	162,353,654	9,600,040	12,600,827	128,153,087	156,853,999	1,017,182,966	1,074,779,989
Есептік сегменттің міндеттемелері	290,604,205	267,259,411	43,782,907	68,978,723	9,109,547	14,358,745	188,756,046	242,039,890	532,252,705	592,636,769

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

5 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

(е) Есептік сегменттердің түсімін, пайдасын немесе залалын, активтері мен міндеттемелерін тексеру

Қазақстан теңгесімен, мың	2017 ж.	2016 ж.
Есептік сегменттердің барлық түсімі	364,397,915	323,980,044
Басқа операциялардан түскен түсім	3,954,277	3,509,269
Барлық түсім	368,352,192	327,489,313
Сегменттер арасындағы сатуды тоқтату	(98,489,280)	(96,795,905)
Тоқтатылған қызмет	(49,970,966)	(49,383,350)
Барлық шоғырландырылған түсім	219,891,946	181,310,058
Қазақстан теңгесімен, мың	2017 ж.	2016 ж.
Жұмыс істеп жатқан қызметтен түскен барлық шоғырландырылған түзетілген EBITDA	79,045,785	71,235,425
Қаржылық кірістер	2,805,327	7,658,467
Қаржылық шығыстар	(32,054,496)	(19,217,534)
Тозу және амортизация	(44,947,935)	(42,152,444)
Құнсыздану	(1,533,155)	-
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес	(26,635,738)	4,894,680
Жұмыс істеп жатқан қызметтен салық салғанға дейінгі пайда	(23,320,212)	22,418,595
Тоқтатылған қызметтен түскен салық салғанға дейінгі пайда	8,010,808	3,755,707
Салық салғанға дейінгі барлық пайда	(15,309,404)	26,174,302
Қазақстан теңгесімен, мың	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Есептік сегменттердің барлық активтері	889,029,878	917,925,990
Басқа операциялардан түскен активтер	128,153,088	156,853,999
Барлық активтер	1,017,182,966	1,074,779,989
Сегменттер арасындағы теңгерімді жою	(60,904,751)	(25,732,181)
Барлық шоғырландырылған активтер	956,278,215	1,049,047,808

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

5 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

Қазақстан теңгесімен, мың	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Есептік сегменттердің барлық міндеттемелері	343,496,659	350,596,879
Басқа операциялардың міндеттемелері	188,756,046	242,039,890
Барлық міндеттемелер	532,252,705	592,636,769
Сегменттер арасындағы теңгерімді жою	(55,833,174)	(60,185,095)
Барлық шоғырландырылған міндеттемелер	476,767,540	532,451,674

(г) Өнімдер мен қызметтер айырымындағы түсімді талдау

Топтың өнімдер мен қызметтер шеңберіндегі түсімді талдау 20-ескертпеде көрсетілген (негізгі қызметтен түскен түсім). Сатудың негізгі бөлігі Қазақстанда жасалады.

(е) Аса ірі клиенттер

2017 жылғы және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде Топтың сауда көлемі түсімнің жалпы сомасынан 10%-дан асатын клиенттер болған жоқ.

6 Байланысты тараптармен жүргізілген есептесулер мен операциялар

Бір-бірімен байланысты тараптардың анықтамасы «Бір-бірімен байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» БЕХС 24-те келтірілген. Егер тараптардың біреуі басқасын бақылау мүмкіндігіне ие болса, жалпы бақылауда болса немесе басқа тараптың қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдауын бірлесіп бақылайтын болса онда тараптар бір-бірімен байланысты саналады. Тараптар бір-бірімен байланысты екендігі туралы мәселені шешу кезінде тараптардың заңдық формасы ғана емес, олардың өзара қатынастарының сипаты да назарға алынады. Бас компания және Компанияның соңғы бақылаушы тарапына 1-ескертпеде анықтама берілген.

Бір-бірімен байланысты тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компаниялардан тұрады. Мемлекет Топқа басшылық жасайды. Топ қазақстан мемлекеті бақылау, бірлескен бақылау жасайтындықтан немесе бұндай тараптарға маңызды әсер ететіндіктен, мемлекет пен оның байланысты тараптарымен жасалған дербес маңызды емес мәмілелер және есептеулер бойынша қалдықтар туралы ақпаратты ашудан босатуды қабылдауды шешті.

Топ мемлекеттің қатысатын көп ұйымдардан тауарларды сатып алуды және жеткізуді жүзеге асырады. Бұндай сатып алулар мен жеткізулер бөлек маңызды емес сомаларды құрайды және әдетте коммерциялық негізде жүзеге асырылады. Мемлекетпен жасалатын операцияларға 27-ескертпеде көрсетілген салық бойынша есептеулер де жатады.

2017 жылғы 31 желтоқсан және 2016 жылғы 31 желтоқсанда есептердің шоттары бойынша қалдыққа ие немесе Топ операциялар жасаған бір-бірімен байланысты тараптармен өзара қарым-қатынас сипаты төменде көрсетілген.

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір-бірімен байланысты тараптардың операциялары бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген (істен шығу тобы бойынша қалдықтарды қоса алғанда):

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

6 Байланысты тараптармен жүргізілген есептесулер мен операциялар (жалғасы)

Қазақстан теңгесімен, мың	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық- Энергоның бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдасқан компаниялар ы	Самұрық- Қазынаның бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекет бақылауын дағы ұйымдар
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек пен басқа дебиторлық берешек	1,243,074	352,364	3,335	-	6,993,904
Ақша қаражаттары мен оның эквиваленттері	2,979	-	-	-	-
Басқа қысқа мерзімді активтер	51,985	1,281,082	-	-	-
Алынған қарыздар	-	-	5,264	59,959,841	20,000,413
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа кредиторлық берешек	3,316,445	1,913,663	-	-	497,310
Өзге кредиторлық берешек	10,266	7,809	1,587	55,022	84,273

Төменде 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір-бірімен байланысты тараптардың операциялары бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген (істен шығу тобы бойынша қалдықтарды қоса алғанда):

Қазақстан теңгесімен, мың	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық- Энергоның бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдасқан компаниялар ы	Самұрық- Қазынаның бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекет бақылауын дағы ұйымдар
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек пен басқа дебиторлық берешек	1,551,209	350,306	61,335	-	3,754,544
Ақша қаражаттары мен оның эквиваленттері	33,699	-	-	-	284,000
Басқа қысқа мерзімді активтер	110,793	1,728,179	-	-	93
Қаржы активтері	-	-	-	223,491	-
Қарыздар	-	-	755,359	58,381,851	22,339,053
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа кредиторлық берешек	2,746,724	1,856,038	3,353	59,987	292,461
Өзге кредиторлық берешек	-	5,489	244,803	-	931,083

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір-бірімен байланысты тараптардың операциялары бойынша кіріс пен шығыстың баптары көрсетілген (істен шыққан топтың айналымын қоса алғанда):

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

6 Байланысты тараптармен жүргізідген есептесулер мен операциялар (жалғасы)

Қазақстан теңгесімен, мың	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық- Энергоның бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдасқан компаниялары	Самұрық- Қазынаның бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекет бақылауынд ағы ұйымдар
Түсім	26,782,979	2,565,305	25,530	-	19,885,593
Өзіндік құн	35,728,309	22,911,002	-	-	2,606,330
Жалпы және өкімшілік шығыстар	338,306	-	-	-	-
Сату бойынша шығыстар	15,114,521	-	-	-	-
Басқа шығыстар	423,506	-	-	93,455	-
Басқа кірістер	417,924	66,908	-	-	-
Қаржылық шығыстар	-	-	-	5,484,838	1,385,307
Қаржылық кірістер	-	-	-	9,467	-
Бағам айырмашылығына байланысты залап	975	-	-	-	-

Төменде 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір-бірімен байланысты тараптардың операциялары бойынша кіріс пен шығыстың баптары көрсетілген (істен шыққан топтың айналымын қоса алғанда):

Қазақстан теңгесімен, мың	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық- Энергоның бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдасқан компаниялар ы	Самұрық- Қазынаның бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекеттік кәсіпорында рмен жасалған операциялар
Түсім	23,078,448	2,419,895	2,555,651	-	18,631,126
Өзіндік құн	31,502,773	16,961,970	11,784	-	3,334,283
Жалпы және өкімшілік шығыстар	411,720	-	-	-	-
Сату бойынша шығыстар	2,976,679	-	-	-	-
Басқа шығыстар	116,733	-	-	100,119	243,828
Басқа кірістер	353,581	17,635	8	-	9,788
Қаржылық шығыстар	-	-	81,231	5,335,736	1,499,259
Қаржылық кірістер	286,132	-	-	12,958	-
Бағам айырмашылығына байланысты залап	82,078	35,477	-	-	200,128

2017 жылы қазанда Топ «Банк «Bank RBK» АҚ-ның қаржылық жағдайының нашарлауына байланыста банктегі депозиттерінің құнсыздану индикаторы 5,112,604 мың теңге мөлшерінде болғанын атап көрсетті. Депозиттердің өтелімділігін талдау негізінде Топ депозиттер бойынша құнсызданудан болған 2,394,066 мың теңге мөлшеріндегі зазалды таныды (26-ескертпе).

2017 жылы қарашада ҚР Ұлттық банкі және үшінші тарап «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС «Банк «Bank RBK» АҚ-ның талаптарын жақсарту туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Үкіметтің 2017 жылғы 7 қарашадағы қаулысына сәйкес, 2017 жылы 29 желтоқсанда Топтың «Банк «Bank RBK» АҚ-ға салған теңгерімдік құны 5,112,604 мың теңге мөлшеріндегі депозиттері жылдық 0,01% пайыздық мөлшерлемен бір данасына номинал құны 1 теңге болатын 15 жылдық купонды облигацияларға айырбасталды. Осы негіздемелік келісімге сәйкес, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС бес жыл өткен соң, кепілді түрде 1,405,003 мың теңгені өтейді. Облигациялар нәтижесінде бастапқыда 767,518 мың теңгеге тең әділ құн бойынша танылды. Әділ құн 13% дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып және бес жыл мерзімге болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы анықталды. Депозиттердің баланстық сомасы мен облигациялардың әділ құнының арасындағы айырмашылық 1,951,020 мың теңгені құрады және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте акционермен жасалған операция ретінде көрсетілді.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

6 Байланысты тараптармен жүргізідген есептесулер мен операциялар (жалғасы)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы үкіметаралық келісім аясында «Балқаш ЖЭС-ін салу» жобасын іске асыруға қатыстырылды. 2011 жылы қол қойылған Келісім электр станциясын қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалану және техникалық қызмет көрсету саласындағы экономикалық ынтымақтастықты қамтиды. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі Samsung C&T корпорациясының Жобадан шығуымен, оның ішінде Samsung C&T корпорациясының өз акцияларын Опцион бойынша сатумен байланысты талаптарына қатысты мәселелерді реттеу бойынша келіссөздер жүргізуде (4-ескертпе).

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топ бір-бірімен байланысты тараптардан мынадай кепілдіктер алды:

- Қытай Даму Банкімен қарыз туралы келісімшарт бойынша 50,000,000 АҚШ доллары сомасына Самұрық-Қазына корпоративтік кепілдігі (2016: 50,000,000 АҚШ доллары).
- Қазақстан Даму банкімен қарыз туралы келісімшарт бойынша 12,285,000 мың теңге сомасында Самұрық-Қазына корпоративтік кепілдігі (2016: 12,285,000 мың теңге).
- Қазақстан Даму банкімен қарыз туралы келісімшарт бойынша 25,000,000 АҚШ доллары сомасында мемлекеттік кепілдігі (2016: 25,000,000 АҚШ доллары).
- Еуразия даму банкімен қарыз туралы шарт бойынша 91,412, 308 мың теңге сомасында Самұрық-Қазына корпоративтік кепілдемесі (2016: 93,247,975 мың теңге).

Төменде негізгі басқарушы персоналдың сыйақылары көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Негізгі басқарушы персонал	230,485	184,896
Негізгі басқарушы персоналға берілетін барлық сыйақы	230,485	184,896

Негізгі басқарушы персоналға сыйақы беру қызметкерлерге еңбекақы, сыйақы мен басқа қысқа мерзімді сыйақылардың берілуін білдіреді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, негізгі басқарушы ұжым 8 адамнан тұрады (2016 жылғы 31 желтоқсан: 8 адам).

Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелер байланысты тараптар үшін ұсынылатын тарифтер негізінде көрсетілген реттелетін қызметтердің қоспағанда, тараптардың арасында келісілген нарықтық мөлшерлемелерге міндетті түрде байланысты болмайтын жағдайларда жүзеге асырылды.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

7 Негізгі құралдар

Төменде негізгі құралдардың теңгерімдік құнының өзгерістері ұсынылған:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар және құрал-жабдықтар	Өзге	Аяқталмаған құрылыс	Барлығы
2016 жылғы 1 қаңтардағы құны	217,917,315	580,570,951	17,300,740	117,391,527	933,180,533
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(33,976,076)	(87,441,141)	(5,450,237)	(1,466,743)	(128,334,197)
2016 жылғы 1 қаңтардағы теңгерімдік құн	183,941,239	493,129,810	11,850,503	115,924,784	804,846,336
Түсімдер	94,908	1,173,712	712,761	71,168,296	73,149,677
Ауыстырулар	23,414,955	51,025,453	199,760	(74,640,168)	-
Есептік бағалаудағы өзгеріс	432,152	-	(888,477)	-	(456,325)
Тозу	(11,645,046)	(32,343,043)	(1,338,247)	-	(45,326,336)
Істен шығу	(97,240)	(247,278)	(124,059)	(804,041)	(1,272,618)
Сатуға арналған активтерге ауыстыру	(11,098,452)	(32,474,762)	(1,614,837)	(9,481,043)	(54,669,094)
2016 жылғы 1 қаңтардағы құны	222,263,504	581,115,509	13,231,710	103,875,115	920,485,838
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(37,220,988)	(100,851,617)	(4,434,306)	(1,707,287)	(144,214,198)
2016 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік құн	185,042,516	480,263,892	8,797,404	102,167,828	776,271,640
Түсімдер	472,143	917,973	565,296	48,609,235	50,564,647
Ауыстырулар	8,862,522	21,246,930	(107,315)	(30,002,137)	-
Есептік бағалаудағы өзгеріс	181,558	-	-	-	181,558
Тозу	(10,049,549)	(33,472,009)	(811,915)	-	(44,333,473)
Істен шығу	(3,239)	(134,946)	(18,922)	(799,311)	(956,418)
Пайдада немесе залалда көрсетілген құнсыздану сомасы	-	-	-	(1,162,637)	(1,162,637)
Сатуға арналған активтерге ауыстыру	(312)	-	-	-	(312)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы құны	232,596,485	601,987,987	13,553,867	121,628,104	969,766,443
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(48,090,846)	(133,166,147)	(5,129,319)	(2,815,126)	(189,201,438)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік құн	184,505,639	468,821,840	8,424,548	118,812,978	780,565,005

2017 жылғы түсімдер сомасы 2,686,880 мың теңге (2016: 6,596,352 мың теңге) сомасына қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындар кіреді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, теңгерімдік құны 5,433,561 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар (31 желтоқсан 2016 ж.: 5,601,990 мың теңге) Топтың «Қазақстан Даму банкі» АҚ-дан алған қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге ұсынылды (17-ескертпе).

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

7 Негізгі құралдар (жалғасы)

Тозу бойынша шығыстар бір жыл ішіндегі пайда мен залалдың мынадай баптарына жатқызылды:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017 ж.	2016 ж.
Сатылымдардың өзіндік құны	43,514,613	40,759,715
Жалпы және өкімшілік шығыстар	805,272	902,120
Тоқтатылған қызмет	-	3,648,870
Өзге операциялық шығыстар	13,588	15,631
Тозу бойынша барлық шығыстар	44,333,473	45,326,336

8 Материалдық емес активтер

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Лицензиялар	Бағдарламалық жасақтама	Өзге	Барлығы
2016 жылғы 1 қаңтардағы бастапқы құн	285,744	2,726,759	1,350,819	4,363,322
Жинақталған амортизация	(170,438)	(1,135,052)	(162,869)	(1,468,359)
2016 жылғы 1 қаңтардағы теңгерімдік құн	115,306	1,591,707	1,187,950	2,894,963
Түсімдер	93,621	268,314	61,094	423,029
Істен шығу	-	(1,613)	-	(1,613)
Ауыстырулар	42,850	267,250	15,854	325,954
Амортизация	(47,462)	(383,727)	(155,773)	(586,962)
Сатуға арналған активтерге ауыстыру	(14,628)	(648,420)	(187,054)	(850,102)
2016 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құн	399,744	2,330,935	1,141,941	3,872,620
Жинақталған амортизация	(210,057)	(1,237,424)	(219,870)	(1,667,351)
2016 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік құн	189,687	1,093,511	922,071	2,205,269
Түсімдер	399	1,638,462	128,240	1,767,101
Істен шығу	-	(1,742)	-	(1,742)
Ауыстырулар	-	306,996	15,650	322,646
Амортизация	(56,010)	(243,733)	(178,786)	(478,529)
Құнсыздану	-	-	(15,650)	(15,650)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құн	385,992	4,170,059	1,314,581	5,870,632
Жинақталған амортизация	(251,916)	(1,376,565)	(443,056)	(2,071,537)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік құн	134,076	2,793,494	871,525	3,799,095

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

9 Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар

Төмендегі кестеде Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салған инвестицияларының теңгерімдік құнындағы өзгерістер көрсетілген.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Бірлескен кәсіпорындар		Қауымдасқан компаниялар	Барлығы
	ЕМАЭС-2	Forum Muider B.V.	Балқаш ЖЭС	
2016 ж. 1 қаңтардағы қалдық	29,522,946	25,524,702	16,999,930	72,047,578
Инвестициялар	-	-	12,483,261	12,483,261
Жыл ішіндегі пайданың/(залалдың) үлесі	787,683	6,019,665	(1,912,668)	4,894,680
(Алынған)//қайтарылған дивидендтер	1,500,000	(5,019,479)	-	(3,519,479)
2016 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	31,810,629	26,524,888	27,570,523	85,906,040
Инвестициялардың құнсыздануы	-	-	(27,570,523)	(27,570,523)
Жыл ішіндегі пайданың/(залалдың) үлесі	(9,546,005)	10,480,790	-	934,785
Алынған дивидендтер	-	(6,382,082)	-	(6,382,082)
2017 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	22,264,624	30,623,596	-	52,888,220

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың келесі бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарында мынадай меншік үлесі бар:

- ЕМАЭС-2 – 50%. Қалған 50% меншік үлесі «Интер-РАО ЕЭС»ААҚ-ға тиесілі.
- Forum Muider B. V. – 50%. Қалған 50% меншік үлесі UC RUSAL-ға тиесілі.

«Еуразия Даму Банкі» АҚ алдында ЕМАЭС-2 қарызы бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге Кепілді келісімшарт жасалған күні 10,582,636 сомаға бағаланған «ЕМАЭС-2» АҚ-ның 100% акциясы қойылды.

2014 жылы ЕМАЭС-2 2013 жылы үшін 3,000,000 мың теңге мөлшерінде дивиденттерді жариялады. 2016 жылы ішінде ЕМАЭС-2 1,500,000 мың теңге сомасында бұрын жариялаған дивиденттерді қайтарды.

Топтың мынадай қауымдасқан компанияларға қатысу үлесі бар: Балқаш ЖЭС (50% - 1 акция): кәсіпорын ҚР-да тіркелген және 2008 жылы Балқаш жылу электр станциясын салу мақсатында құрылды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Балқаш ЖЭС-інің акционерлері «Samsung C&T Corporation» мен Компания болып табылады, олардың қатысу үлестері сәйкесінше, 50% + 1 акцияны және 50% - 1 акцияны құрайды. (2016 ж.: сәйкесінше 50% және 50%,). 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 27,570,523 мың теңге сомасында Балқаш ЖЭС-і инвестицияларының құнсызданудан болған шығынды мойындады (4-ескертпе).

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

9 Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар (жалғасы)

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы, сондай-ақ осы күнге аяқталған кезеңдерге бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың біріктірілген қаржылық ақпараты ұсынылған:

Қазақстан теңгесімен, мың	ЕМАЭС-2		Forum Mulder B. V.		БТЭС	
	31 желтоқсан 2017	31 желтоқсан 2016	31 желтоқсан 2017	31 желтоқсан 2016	31 желтоқсан 2017	31 желтоқсан 2016
Қысқа мерзімді активтер	7,774,866	9,746,166	23,412,349	21,791,864	4,128,452	397,587
Ұзақ мерзімді активтер	142,614,519	151,882,745	66,114,179	62,435,065	71,213,179	71,256,098
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(13,614,329)	(39,236,931)	(21,091,488)	(22,918,189)	(20,189,555)	(16,501,609)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(92,245,808)	(58,770,722)	(7,187,848)	(8,258,964)	-	-
Таза активтер	44,529,248	63,621,258	61,247,192	53,049,776	55,152,076	55,152,076
Топтың үлесі	50%	50%	50%	50%	49.99%	49.99%
Топтың таза активтеріндегі үлесі	22,264,624	31,810,629	30,623,596	26,524,888	27,570,523	27,570,523
Түсім	34,435,729	31,480,140	109,907,455	86,856,373	-	-
Салық салынғанға дейінгі пайда/(залал)	(20,195,090)	1,901,514	27,349,394	14,030,882	-	(4,968,327)
Барлық жиынтық кіріс /(залал)	(19,092,010)	1,575,366	20,961,580	12,039,330	-	(4,968,327)

Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардағы инвестициялардың жоғарыда көрсетілген сомалар мен теңгерімдік құнын салыстырғанда бір ғана айырмашылық - ол қауымдасқан және бірлескен ұйымдардағы басқа инвесторлардың пайдалары мен залалдарындағы үлесі болып табылады.

Топтың бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесімен байланысты шартты міндеттемелер 28-ескертпеде ашыл көрсетілген. Бірлескен кәсіпорындармен есептесу бойынша операциялар мен қалдықтар 6-ескертпеде ашып көрсетілген.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

10 Өзге ұзақ мерзімді активтер

Қазақстан теңгесімен, мың	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	11,660,781	-
Облигациялар	1,972,522	-
Пайдалануы шектелген ақшалай қаражат	880,539	895,025
Ұзақ мерзімді депозиттер	60,500	62,525
Барлық басқа қаржылық ұзақ мерзімді активтер	14,574,342	957,550
Ұзақ мерзімді активтер бойынша алдын ала төлемдер	2,281,225	15,302,114
Өтеуге арналған ұзақ мерзімді ҚҚС	1,013,112	1,429,099
Өзге	122,575	165,172
Барлық өзге ұзақ мерзімді активтер	17,991,254	17,853,935

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 11,660,781 мың теңге сомасындағы ұзақ мерзімді дебиторлық берешек Топтың 2017 жыл бойында сатылған еншілес кәсіпорындарын сатып алушылардан қалған берешекті білдіреді (15-ескертпе). Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек теңгемен көрсетілді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған дебиторлық берешек құнсызданған жоқ және мерзімі өткізілген жоқ.

Облигациялар Үкімет қаулысына сәйкес «Банк «Bank RBK» АҚ-ға салынған Топ депозитіне айырбасталған теңгерімдік құнына 767,518 мың теңге болатын купондық облигациялар кіреді (6-ескертпе). Қалған бөлігі өтеу мерзімі 2023 жылға белгіленген 8%-дық купондық мөлшерлемесі бар облигациялардан тұрады.

Пайдалануы шектелген ақшалай қаражат Standard and Poor's BB+ кредиттік рейтингімен «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ға орналастырылған. Пайдалануы шектелген ақшалай қаражат АҚШ долларымен көрсетілген. Соманың мерзімі өткен, құнсызданған болып табылмайды. Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражаттың теңгерімдік құны шамамен олардың өділ құнына сәйкес келеді.

Ұзақ мерзімді активтер бойынша алдын ала төлемдер

Басқа ұзақ мерзімді активтердің жалпы сомасы мынадай капиталды сипаттағы қызметтер мен негізгі құралдар үшін алдын ала төлемдер мен аванстардан тұрады:

Қазақстан теңгесімен, мың	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Алматы қаласы мен Алматы облысында қосалқы станциялар салу және қайта құру	1,342,245	5,479,090
Шардара ГЭС-ін жаңғырту	874,625	7,453,393
Әкімшілік ғимаратын салу	-	2,200,000
Өзге	64,355	169,631
Барлық ұзақ мерзімді активтер бойынша алдын ала төлемдер	2,281,225	15,302,114

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл****11 Тауар-материалдық қорлар**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Қосалқы өндірістік материалдар	4,751,852	5,421,363
Отын	4,282,461	4,113,423
Қосалқы бөлшектер	699,766	617,517
Шикізат	23,695	24,416
Басқа материалдар	315,333	479,012
Минус: сатудың таза бағасына дейінгі құнды азайтуға арналған резерв пен өтімді емес және ескірген тауар-материалдық қорлар бойынша резерв	(1,026,184)	(974,193)
Барлық тауар-материалдық қорлар	9,046,923	9,681,538

Төменде Топтың тауар-материалдық қорлары бойынша резервтердегі қозғалысы берілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017 ж.	2016 ж.
1 қаңтардағы жағдай бойынша резерв	974,193	1,703,492
Қорлардың құнсыздануына байланысты резервтерді қалпына келтіру	(72,170)	(805,443)
Қорлардың құнсыздануына байланысты резервтерді есептеу	287,811	152,390
Сатуға арналған активтерді ауыстыру	-	(61,495)
Жыл бойында есептен шығарылған тауар-материалдық қорлар	(163,650)	(14,751)
31 желтоқсандағы жағдай бойынша резерв	1,026,184	974,193

12 Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге дебиторлық берешек

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек	23,997,452	16,054,148
Минус: құнсыздану резерві	(198,281)	(217,216)
Барлық қаржылық дебиторлық берешек	23,799,171	15,836,932
Басқа дебиторлық берешек	4,016,576	4,147,560
Минус: құнсыздану резерві	(3,858,920)	(3,824,395)
Барлық негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге дебиторлық берешек	23,956,827	16,160,097

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Майкубен-Вест» ЖШС-ның өзге дебиторлық берешегі 3,477,982 мың теңге сомаға құнсызданды (2016 ж.: 3,477,982 мың теңге) (28-ескертпе).

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2,578,046 мың теңге сомасындағы дебиторлық берешек ресейлік рубльмен көрсетілген (2016ж. 31 желтоқсан: барлық қаржылық дебиторлық берешек теңгемен көрсетілген).

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл****12 Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге дебиторлық берешек (жалғасы)**

Төменде қаржылық активтер бойынша резервтің қозғалысы көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017 ж.		2016 ж.	
	Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек	Өзге дебиторлық берешек	Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек	Өзге дебиторлық берешек
1 қаңтардағы құнсыздану резерві	217,216	3,824,395	1,038,111	4,040,351
Құнсыздануға арналған резервті есептеу	304	66,753	3,352	5,684
Жыл ішіндегі резервті қалпына келтіру	(81)	(15,025)	-	(210,744)
Жыл ішінде есептен шығарылған дебиторлық берешек	(19,158)	(17,203)	(26,839)	(10,896)
Сатуға арналған активтерге ауыстыру	-	-	(797,408)	-
31 желтоқсандағы құнсыздану резерві	198,281	3,858,920	217,216	3,824,395

Төменде несие сапасы бойынша қаржылық дебиторлық берешектің талдауы көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 желтоқсан 2017 ж.		31 желтоқсан 2016 ж.	
	Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек	Өзге дебиторлық берешек	Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек	Өзге дебиторлық берешек
Ағымдағы және құнсызданбаған	21,505,444	157,656	14,802,371	323,165
Барлық ағымдағы және құнсызданбаған	21,505,444	157,656	14,802,371	323,165
<i>Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған</i>				
- 1 - 30 күнге дейін	1,096,101	-	58,536	-
- 30 - 90 күнге дейін	932,378	-	766,873	-
- 90 - 120 күнге дейін	58,372	-	52,318	-
- 120 - 360 күнге дейін	206,876	-	156,834	-
Барлық мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған	2,293,727	-	1,034,561	-
<i>Барлық жеке құнсызданғандар</i>				
- 90 күнге дейін	-	-	-	-
- 90 - 180 күнге дейін	-	-	-	-
- 180 - 360 күнге дейін	-	-	-	-
- 360 күннен астам	198,281	3,858,920	217,216	3,824,395
Барлық жеке құнсызданғандар	198,281	3,858,920	217,216	3,824,395
Минус: құнсыздану резерві	(198,281)	(3,858,920)	(217,216)	(3,824,395)
Барлық негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешектің және өзге дебиторлық берешек	23,799,171	157,656	15,836,932	323,165

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл****12 Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге дебиторлық берешек (жалғасы)**

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, 1,395,275 мың теңге сомадағы мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған сауда дебиторлық берешек 2018 жылы толығымен өтелді. Қалған мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған дебиторлық берешек берешек толығымен өтеледі деп күтіліп отырған тұтынушыларға қатысты.

Төменде несие сапасы бойынша сауда және өзге дебиторлық берешектің талдауы келтірілді:

Қазақстан теңгесімен, мың	31 желтоқсан 2017 ж. Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек	31 желтоқсан 2016 ж. Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек
Ағымдағы және құнсызданбаған Ірі кәсіпорындар Орташа кәсіпорындар Шағын кәсіпорындар	2,876,710 15,108,282 5,814,179	521,767 9,620,779 5,694,293
Барлығы	23,799,171	15,836,839
AAA рейтингі	-	-
AA-дан AA+ға дейінгі рейтинг	-	-
A-дан A+ ға дейінгі рейтинг	-	-
A-дан төмен рейтинг рейтингсіз	2,876,710 20,922,461	521,767 15,315,072
Барлық мерзімі өтпеген және құнсызданбағандар	23,799,171	15,836,839

13 Өзге қысқа мерзімді активтер

Қазақстан теңгесімен, мың	31 желтоқсан 2017ж.	31 желтоқсан 2016ж.
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты	6,760,611	6,399,315
Мерзімдік депозиттер	5,005,848	31,569,244
Өзге дебиторлық берешек	1,726,568	-
Алуға арналған дивидендтер	1,281,082	1,728,179
Өзге	23,732	223,491
Минус: құнсыздануға арналған резерв	(328,427)	(381,368)
Барлық қаржылық өзге қысқа мерзімді активтер	14,469,414	39,538,861
Акционердің пайдасына арналған актив	1,388,077	1,096,559
Салықтар бойынша өтеуге және алдын ала төлеуге қатысты ҚҚС	1,073,542	2,141,687
Жеткізушілерге берілетін аванстар	595,911	1,406,572
Өзге	1,392,286	851,239
Минус: құнсыздануға арналған резерв	(388,211)	(258,290)
Барлық өзге қысқа мерзімді активтер	18,531,019	44,776,628

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл****13 Өзге қысқа мерзімді активтер (жалғасы)**

Пайдалануы шектелген ақша қаражаты электр энергиясын сатудан түскен және Қытай Мемлекеттік даму банкімен жасалған кредиттік келісімге сәйкес, көпілдік шотқа BB+ кредиттік рейтингімен 6,419,624 мың теңге сомада орналастырылған (31 желтоқсан 2016 ж.: 6,017,282 мың теңге) ақша қаражатынан тұрады. Басшылық аталған ақша қаражаты қарыздар бойынша пайыздарды өтеу үшін ғана емес, сондай-ақ операциялық шығындарды жабу үшін де пайдаланылуы мүмкін деп санайды. 6,419,624 мың теңге сомасындағы пайдаланылуы шектелген ақша қаражаттары АҚШ долларымен көрсетілді. Сума мерзімі өтпеген де, сондай-ақ құнсызданған да болып табылмайды. Пайдаланылуы шектелген ақша қаражатының теңгерімдік құны шамамен олардың әділ құнынан сәйкес келеді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, өзге қаржылық дебиторлық берешек «Казинвестбанк» АҚ-дағы ағымдық шоттардағы 328,427 мың теңге сомасындағы ақша қаражатын білдіреді (31 желтоқсан 2016: 381,368 мың теңге). Топ ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №291 қаулысының салдарынан «Қазинвестбанк» АҚ банктік операциялар жүргізуге арналған лицензиясын аталған ақша қаражатына толық сомадағы резерв аударды. Акционердің тапсырмасы бойынша Топ Астана қаласында 1,174,068 мың теңге сомасына балабақша салу міндеттемесін қабылдады. Топ акционердің пайдасына өзге бөлу ретінде 1,174,068 мың теңге сомасында құрылыстың бағаланған құнына міндеттеме алды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания балабақша құрылысына байланысты 1,388,077 мың теңге сомасында шығын көрді. Аталған шығындар Акционердің пайдасына арналған ағымдағы активтер ретінде көрсетілді, себебі бұл активтер Акционердің шешіміне сәйкес кірісті бөлу есебінен 2018 жыл ішінде Акционерге беріледі деп күтілуде.

14 Ақша қаражаттары және оның эквиваленттері

Қазақстан мың теңгесімен	31 желтоқсан 2017ж.	31 желтоқсан 2016ж.
Мерзімді депозиттер	23,665,974	4,503,007
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаттары	9,040,676	12,828,149
Кассадағы ақша қаражаттары	12,393	19,305
Барлық ақша қаражаттары және оның эквиваленттері	32,719,043	17,350,461

Мерзімдік депозиттер кем дегенде үш ай ішінде немесе талап бойынша келісімшарт мерзімі бойынша өтелуі тиіс. Ақша қаражаттары және оның эквиваленттері келесі валюталарда ұсынылған:

В тысячах казахстанских тенге	31 желтоқсан 2017ж.	31 желтоқсан 2016ж.
Теңге	23,276,716	15,244,231
АҚШ доллары	8,148,596	2,042,227
Басқа валюталар	1,293,731	64,003
Барлық ақша қаражаттары және оның эквиваленттері	32,719,043	17,350,461

2018 жылғы ақпанда Qazaq Bankінің рейтингі «CCC+/C»-ге дейін төмендеді.

15 Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және істен шығарылған топ

2016 жылғы 23 қарашада Директорлар кеңесі Үкіметтің активтерді жекешелендіру туралы қаулысына сәйкес, бірқатар еншілес ұйымдарды сату шартын мақұлдады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, «Тегіс Мұнай» ЖШС (бұдан әрі - «ТМ») мен оның еншілес компаниясы «Маңғышлақ Мұнай» ЖШС-ның (бұдан әрі - ММ) барлық активтері мен міндеттемелері істен шығу тобына енгізілді. 2016 жылғы 13 қыркүйекте «Алматы электр станциялары» АҚ (бұдан әрі - АлЭС) Талғар СЭС-ін және Корпоративтік оқу орталығын сату бойынша жоспарды мақұлдады.

ТМ және ММ операциялары қызметтің бөлек маңызды түрлерін ұсынатындықтан, аталған істен шығарылған топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті тоқтатылған қызмет ретінде ұсынылды.

Істен шығарылған топта жіктелген негізгі активтер:

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

15 Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және істен шығарылған топ (жалғасы)

Қазақстан мың теңгемен	2017ж.	2016ж.
	31желтоқсан	31желтоқсан
Негізгі құралдар	96,529	54,634,486
Материалдық емес активтер	-	834,248
Барлау активтері	14,086,775	13,946,895
Өзге ұзақ мерзімді активтер	619,332	953,567
Кейінге қалдырылған салық активтері	-	37,141
Тауарлық-материалдық қорлар	3,440	789,571
Дебиторлық берешек	-	3,266,036
Өзге қысқа мерзімді активтер	2,248	1,227,053
Ақша қаражаттары және оның эквиваленттері	11,601	1,258,132
Сатуға арналған активтер деп жіктелген барлық ұзақ мерзімді активтер және істен шығарылған топ активтері	14,816,829	76,947,129
Қызметкерлерге арналған сыйақылар	-	332,644
Қарыздар	-	16,512,110
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	-	3,346,946
Өзге міндеттемелер	16,047	4,897,144
Кредиторлық берешек	56,859	6,318,803
Сатуға арналған активтер деп жіктелген істен шығарылған топ міндеттемелерінің және істен шығарылған топпен тікелей байланысты міндеттемелердің барлығы	72,906	31,407,647

Жеке табыс салығы	335,699	269,814
Әлеуметтік салық	294,398	217,877
Басқа салықтар	133 348	264,817
Табыс салығынан басқа төленетін салық	2,600,743	2,532,182
Барлық төленетін салықтар	2,970,077	2,700,869

28 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер

ҚР саяси және экономикалық жағдайы

Жалпы, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттық ерекшеліктерді көрсетеді. Бұл әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газдың және басқа минералды шикізат бағасының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер елдің шегінен тыс бос айырбастауға болмайтын ұлттық валютаның болуын және бағалы қағаздар нарығының төмен өтімділік деңгейін қосады, бірақ олармен шектелмейді.

Мұнай және басқа минералды шикізаттардың төмен бағалары, теңге бағамының тұрақсыздығы қаржы айналымының төмендеуі және халықаралық қаржыларды тартудағы қиындықтардың туындауын қоса алғанда ҚР экономикасына кері ықпалын тигізуді жалғастыруы мүмкін.

2015 жылдың 20 тамызында ҚР Ұлттық банкі мен Үкіметі теңгенің айырбастау курсына қолдау көрсетуді тоқтату және еркін айырбастау бағамына ауысу және валюта коридорынан бас тарту, инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын іске асыру туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде, 2015 жылдың тамыз-желтоқсан айларында теңгенің айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 187 – 350 теңгеден ауытқып тұрды. Осы есеп күніндегі жағдай бойынша Қазақстан қор биржасының ресми айырбастау курсы 1 АҚШ доллары үшін 321.98 теңгені құрады, салыстырмалы түрде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 332.33 теңге болған (31 желтоқсан 2016ж.: 1 АҚШ доллары үшін 333.29 теңге). Осылайша, теңгенің айырбастау курсы мен Ұлттық банк пен Үкіметтің болашақ әрекеттеріне, сондай-ақ аталған факторлардың ҚР экономикасы ықпалына қатысты тұрақсыздық бар.

2016 жылғы қаңтардың ортасында Standard & Poor халықаралық рейтинг агенттігі 2016-2019 жж. кезеңде мұнай бағасына қатысты өз болжамдарын айтарлықтай төмендетті. Қазақстан экономикасы мұнай-газ секторына біршама тәуелді болып табылатындықтан, Standard & Poor енді стагнацияны немесе ЖІӨ аздап қана өсуін күтеді. Тиісінше, 2016 жылдың ақпанында Standard & Poor шетелдік және ұлттық валюта жағдайы бойынша Қазақстанның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін BBB+ деңгейден BBB- деңгейге төмендетті. Бұған қоса, S&P шетелдік және ұлттық валюта жағдайы бойынша Қазақстанның қысқа мерзімді рейтингін "A-2" - ден "A-3"-ке, ал ұлттық шкала бойынша рейтингін "kzAA+" –дан "kzAA"ға төмендетті.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

28 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Ұзақ мерзімді рейтингтер бойынша болжам - «тұрақты». Тұрақты болжам S&P агенттігінің биліктің банктік секторды қайта капиталдандыру жоспарларына қатысты тіркелген қаржылық шығыстары мен 2020 жылға дейінгі кезеңде біршама орнықты болып қала беретін экономикалық белсенділігі туралы пікірді білдіреді.

Қаржы нарықтары бұрынғысынша тұрақтылықтың болмауымен, бағаның жиі әрі айтарлықтай өзгеруімен, сауда операциялары бойынша спредтердің өсуімен сипатталады. Аталған экономикалық орта Топтың қызметіне айтарлықтай әсерін тигізеді. Басшылық Топтың орнықты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. Солай бола тұрса да, ағымдағы экономикалық жағдайдың болашақ салдарларын болжау қиын, басшылықтың ағымдағы болжамдары мен бағасы нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

Бұлан бөлек, Қазақстан Республикасындағы энергетикалық сектор Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістерге тәуелді болып қала береді. Қазақстан Республикасының салықтық, валюталық және кедендік заңнамалары даму үстінде, оларды түрліше түсіндіруге мүмкіндіктер бар. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары белгілі бір деңгейде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылау және саяси жүйелердің дамуына, оның ішінде Топтың бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты. Басшылық ағымдағы экономикалық жағдайлар мен оның перспективаларын ескере отырып, Топтың ұзақ мерзімді активтерінің құнсыздану ықтималдығына бағалау жүргізді (4-ескертпе). Болашақ экономикалық жағдай мен нормативтік-құқықтық ортаның басшылықтың қазіргі болжамдарынан айырмашылығы болуы мүмкін.

Топтың Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық маңызы зор, өйткені ол халықты және өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр энергетикалық кешен кәсіпорындарын біріктіреді. Қазақстан Республикасының Үкіметі экономиканың энергетикалық секторын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасын қабылдады, ол жаңа электр станцияларын салуды және жұмыс істеп жатқан электр станцияларын қайта құруды көздейді. Электр энергетикасы саласы еліміздің экономикасының стратегиялық маңызды бөлігі болып табылатындықтан, басшылық Қазақстан Республикасының Үкіметі Топқа қолдау көрсетеді деп күтеді.

Басшылық ағымдағы жағдайларда Топтың қызметінің тұрақтылығы мен өсуіне қолдау көрсету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынына сенімді.

Салық заңнамасы

ҚР салық шарттары өзгерістерге және тиянақсыз қолдануға, түсіндіруге ұшырайды. Топтың және қазақстандық уәкілетті органдары қазақстан заңдарын түсінудің айырмашылығы қосымша салықтардың, айыппұлдардың және өсімпұлдардың есептелуіне әкеп соғуы мүмкін. Бұл бейрезиденттермен емес жасалған Топтың тасымалдау жөніндегі шарттарға қатысты. Нәтижесінде салық органдары мәмілелермен келіспеуі мүмкін және Топқа 2,493,778 мың теңге мөлшерінде қосымша салықтар есептелуі мүмкін.

Қазақстанның салық салу заңнамасы және тәжірибесі тұрақты даму жағдайында және олар кері күшке ие болуы мүмкін, сондықтан түрлі болжамдар мен жиі өзгерістерге тап болады. Кейбір жағдайларда, салық салу базасын анықтау мақсатында, салық заңнамасы ХҚЕС ережелеріне сілтеме жасайды, бұнда қазақстан салық органдарының ХҚЕС-тің тиісті ережелерін түсінуі Топтың қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексерісті жүргізуі мүмкін.

Топ басшылығы заңнама нормаларын дұрыс түсіндіретіне және Топтың салық, валюталық жне кедендік заңнамасы мәселелерінде ұстанымдарының негізіне сенімді. Басшылық пікірінше, Топ аталмыш шоғырландырылған қаржылық есептілікке қалыптасқан резервтерден асатын ағымдағы және әлеуетті салық арыздары бойынша көп шығындарға батпайды.

БЖЭС-тегі үлесті сатып алу міндеттемесіне байланысты шартты міндеттеме

4-ші ескертпеде атап өткендей 2016 жылы 31 тамызда Samsung C&T Компанияның атына Опциондық келісімге сәйкес акцияларды сатуға қатысты опционды орындау туралы хабарлама жіберді. Samsung C&T опционды орындау құнын 192 миллион АҚШ доллары сомасына бағалады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Samsung C & T келіссөздер процесінің белсенді сатысында. Үкіметінің ұстанымын және келіссөздердің ағымдағы нәтижесін назарға ала отырып, Топ опционды орындауға қатысты маңызды экономикалық ресурстардың кету ықтималдығы жоғары емес деп санайды. Осыған байланысты 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін және осы жылғы жағдай бойынша шоғырланған қаржылық есептілікте Топ Samsung C&T талап еткен опционды орындауға қатысты қандай да бір резервтерді құрған жоқ

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

28 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Сот талқылаулары

«Майкубен-Вест Холдинг» АҚ-мен сот талқылаулары

Есептік кезең ішінде ЕГРЭС-1 "Майкубен-Вест Холдинг" АҚ-мен сот талқылауына тартылды. "Майкубен-Вест Холдинг" тарапынан сот талқылауының пәні өзара байланысты бірқатар мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (бұдан әрі - МАЭС) талап-арыз шағымы болып табылады. Атап айтқанда, ЕГРЭС-1, "Майкубен-Көмір" ЖШС және "Майкубен-Вест" ЖШС арасындағы дебиторлық берешекті талап ету құқығынан шегіну туралы, яғни "Майкубен-Көмір" ЖШС дебиторлық берешегі "Майкубен-Вест" ЖШС-дан ЕМАЭС-2 көшетіндігі туралы келісімді жарамсыз деп тану болатын. 2016 жылғы 26 желтоқсанда Алматы қаласының МАЭС-і шешім шығарды, оған сәйкес «Майкубен Вест Холдинг» АҚ-ның талап-арыз талаптарын қанағаттандырудан бас тартылды. 2017 жылғы 20 қарашада ҚР Жоғары сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен "Майкубен-Вест" ЖШС-ға Алматы қаласының МАЭС-і шешімін қайта қараудан бас тартылды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дебиторлық берешек өтелмеді. Топ 3,477,982 мың теңге сомасында резерв қалыптастырды (2016 жылғы 31 желтоқсан: резерв сомасы 3,477,982 мың теңге).

Топ күнделікті қызметін жүзеге асыру барысында туындаған белгіленген өзге сот процестеріне қатысады. Басшылықтың пікірінше, қазіргі уақытта нәтижелері Топтың болашақ қаржылық ережесіне елеулі жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін қандай да бір ағымдағы өзге сот процесстері немесе өзге аяқталмаған талаптар жоқ.

Сақтандыру

ҚР сақтандыру нарығы енді ғана дамуда және басқа елдерде кең тараған көптеген сақтандыру түрлері Қазақстанда жоқ. Топ өзінің өндірістік ғимараттары, үшінші тұлғалар алдында қызметтің немесе міндеттемелердің тоқтауынан шығындарға батуы, Топ апаттар немесе операциялар салдарынан жылжымайтын мүлік немесе қоршаған ортаға келетін зардаптан толық сақтандырылмаған. Топтың толық сақтандыруы жоқ, тек жеке активтердің жоғалуы немесе бүлінуі Топ қызметі мен қаржылық жағдайына біршама кері әсерін тигізеді деген қауіп бар.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері

ҚР Қоршаған ортаны қорғау заңнамасы енді ғана қалыптасуда, және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының оны ұстауды қамтамасыз етуге қатысты ұстанымы әрдайым өзгеріп тұрады. Топ қоршаған ортаға әсер етумен байланысты өз міндеттемелерін кейде бағалап отырады. Міндеттеме анықталған кезде бірден есепте көрсетіледі.

Қолданыстағы нормативтік актілерде азаматтық талап арыз немесе заңнама аясындағы нәтиже бойынша өзгерістер енгізу арқылы пайда болуы мүмкін әлеуетті міндеттемелер бағаланбайды және маңызды болуы мүмкін. Дегенмен, басшылық қолданыстағы заңнаманы ағымдағы түсіндіру жұмыстарына сәйкес Топ аталмыш шоғырландырылған қаржылық есептілікке аударылған және көрсетілген сомаларға қосымша ретінде, Топтың операциялық қызметінің нәтижесіне немесе қаржылық ережесіне елеулі теріс әсерін тигізуі мүмкін ешқандай маңызды міндеттемелер жоқ деген пікірде.

Күл үйінділерін қалпына келтіру резерві

Топ табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес, Топтың операциялық қызметінің қалдықтарын орналастыру полигондарын білдіретін күл жинақтауыш учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңдық міндеттеме бар. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, күл жинақтауыштарды қалпына келтіру резервінің теңгерімдік бағасы 2,404,270 мың теңгені (31 желтоқсан 2016 ж: 1,637,097 мың теңге) құрады.

Күл жинақтауыштарды қалпына келтіру резервінің бағалауы Топтың ҚР қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасын түсіндіруіне негізделген. Және ол рекультивация бойынша жұмыстарды қалпына келтіру және өткізудің ағымдағы нормалары мен қалпына келтіру әдістеріне сәйкес, техникалық-экономикалық негіздемемен және инженерлік зерттеулермен қамтылған. Аталмыш бағалау келесі табиғатты қорғау саласын зерттеу жұмыстарын аяқтау және рекультивация мен қалпына келтіру бойынша бағдарламаларды қайта қарастыру кезінде өзгеруі мүмкін.

Капиталды сипаттағы міндеттемелер

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топтың 125,739,732 мың теңге (31 желтоқсан 2016 ж: 125,661,235 мың теңге) жалпы сомасындағы негізгі құралдарды сатып алу бойынша ұзақ мерзімді шартты міндеттемелері болды.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

28 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың капиталды сипатының міндеттемелері

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топтың Forum Muider, ЭГРЭС-2 ұзақ мерзімді шарттық міндеттемелеріндегі үлесі 45,534,696 мың теңгені құрады (31 желтоқсан 2016: 47,115,412 мың теңге). БЖЭС-тің ұзақ мерзімді шарттық капиталды сипаттағы міндеттемелеріндегі есепті кезеңдегі бағалау бойынша Топ үлесі 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 409,098,596 мың теңгені (2016 жыл: 409,098,596 мың теңге) құрады.

Қарыздар бойынша ковенанттар

Топтың қарыздар мен облигациялар бойынша белгілі бір ковенанттары бар. Аталған ковенанттарды сақтамау Топ үшін қарыздар бойынша шығындардың өсуі мен дефолт жариялауды қоса алғанда жағымсыз салдарларға алып келуі мүмкін. 2017 жыл ішінде Топ «Қазақстан Халық банкі» АҚ мен Еуропа қайта құру және даму банкінің қарыздары бойынша ковенанттардың сыйақы бойынша қарыз/EBITDA және EBITDA/шығын көрсеткіштерін сақтау бөлігін бұзды. Топ банктерден аталған шек қоятын шарттарды арттыруды қабылдау туралы хаттарды алды, сәйкесінше, бұл қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді міндеттемелерге жіктелген жоқ.

Басқа шарттық міндеттемелер

ҚР Энергетика министрлігімен жасалған инвестициялық міндеттемелер туралы келісімдіргө сәйкес, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы кезеңде электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын Топ компанияларының инвестициялық міндеттемелері 489,111 мың теңгені құрайды (31 желтоқсан 2016 ж.: 2,626,800 мың теңге). 2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топ көрсетілген келісімдер бойынша өз инвестициялық міндеттемелерін 488,890 мың теңге көлемінде орындады (31 желтоқсан 2016 ж.: 2,626,600 мың теңге).

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

29 Бақыланбайтын үлес

Төмендегі кестеде Топ үшін маңызды бақыланбайтын үлес бар барлық еншілес кәсіпорындар туралы ақпарат ұсынылған.

	Қызмет ететін жер (қызмет ететін жер тіркелгеннен жерден ерекшеленсе, тіркелген ел де көрсетіледі)	Бақыланбайтын үлес пайызы	Бақыланбайтын үлеске тиесілі дауыс құқығының пайызы	Бақыланбайтын үлеске тиесілі пайда немесе залал	Еншілес кәсіпорын дарда жинақталған бақыланбайтын үлес	Бір жыл ішінде ақыланбайтын үлеске төленген дивидендтер
Қазақстан теңгесімен, мың						
2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл						
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	9%	9%	263,762	912,073	234,640
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	8%	8%	(1,853)	28,849	-
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	10%	10%	(189)	4,233	-
«Маңғыстау электр желілік бөлу компаниясы» АҚ	Қазақстан	-	-	460,567	-	66,150
«Энергия Семиречья» ЖШС	Қазақстан	49%	49%	(41,501)	(237,515)	-
БАРЛЫҒЫ			680,786	707,640	300,790	
2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл.						
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	9%	9%	283,403	738,941	210,328
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	8%	8%	(1,202)	30,702	-
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	10%	10%	(251)	4,422	-
«Маңғыстау электр желілік бөлу компаниясы» АҚ	Қазақстан	21.36%	21.36%	396,815	2,581,942	55,902
«Энергия Семиречья» ЖШС	Қазақстан	49%	49%	(46,761)	(196,014)	-
БАРЛЫҒЫ			632,004	3,159,992	266,230	

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

29 Бақыланбайтын үлес (жалғасы)

Қазақстан теңгесімен, мың	Қысқа мерзімді активтер	Ұзақ мерзімді активтер	Қысқа мерзімді міндеттем елер	Ұзақ мерзімді міндеттем елер	Түсім	Пайда/(за пал)	Барлық жиынтық пайда	Ақшалай қаржы ағыны
2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл								
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	2,230,901	1,194,857	357,392	154,916	3,288,379	2,637,620	2,637,620	226,457
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	-	-	535,640	6,277	-	(23,579)	(23,579)	-
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	-	-	104,729	6,107	-	(1,885)	(1,885)	-
«Энергия Семиречья» ЖШС	33,255	230,254	750,925	-	-	(84,696)	(84,696)	4,919
«Маңғыстау электр желілік бөлу компаниясы» АҚ	-	-	-	-	9,307,345	3,580,283	3,580,283	127,285
Барлығы	2,264,156	1,425,111	1,748,686	167,300	12,595,724	6,107,743	6,107,743	358,661
2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл								
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	2,241,959	1,216,936	288,940	160,709	3,502,841	2,834,029	2,834,029	5,809
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	150	-	512,435	6,053	-	(15,301)	(15,301)	-
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	150	-	75,952	33,149	-	(2,505)	(2,505)	-
«Маңғыстау электр желілік бөлу компаниясы» АҚ	1,979,766	29,851,600	4,201,467	16,287,977	10,354,328	1,857,749	1,857,749	(293,718)
«Энергия Семиречья» ЖШС	11,330	65,674	478,860	863	-	(95,430)	(95,430)	2,991
Барлығы	4,233,355	31,134,210	5,557,654	16,488,751	13,857,169	4,578,542	4,578,542	(284,918)

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

30 Негізгі еншілес, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар

Кәсіпорын атауы	Қызмет түрі	% дауыс құқығы	Қатысу үлесі	Тіркелген ел
Еншілес кәсіпорындар:				
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ («АЖК»)	Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша электр қуатын беру және бөлу	100%	100%	Қазақстан
«Алматы электр станциялары» АҚ («АлЭС»)	Алматы қаласы мен Алматы облысында электр, жылу қуаты мен ыстық су өндіру	100%	100%	Қазақстан
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС («АлматыЭнергоСбыт»)	Алматы қаласы мен Алматы облысы аумағында электр қуатын сату	100%	100%	Қазақстан
«Шардара СЭС-і» АҚ («Шардара СЭС-і»)	Оңтүстік Қазақстандағы гидроэлектр станциясындағы электр қуатын өндіру			Қазақстан
«Мойнақ СЭС-і» АҚ («Мойнақ ГЭС-і»)	Алматы облысындағы гидроэлектр станциясындағы электр қуатын өндіру	100%	100%	Қазақстан
Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1 стансасы («ГРЭС-1»)	Көмір негізіндегі электр және жылу қуатын өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	Жалға берілген Бұқтырма гидроэлектр станциясының меншік иесі саналады	91%	91%	Қазақстан
«Өскемен ГЭС-і» АҚ және «Шүлбі ГЭС-і» АҚ ООО Samruk Green Energy	Гидроэлектр станцияларды жалға берген кезден бастап аталған компаниялар жұмыс істемейді	90%	90%	Қазақстан
«Бірінші жел электр стансасы» ЖШС («БЖЭС»)	Жаңартылатын электр қуатын дамыту			Қазақстан
«Энергия Семиречья» ЖШС (одан әрі «ЭС»)	Жел электр стансасында қуат өндіру.	100%	100%	Қазақстан
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	Алматы маңындағы күн электр стансасының құрылысы	51%	51%	Қазақстан
«Энергия Семиречья» ЖШС (одан әрі «ЭС»)	Жел электр станциясында электр энергиясын өндіру.	100%	100%	Қазақстан
«Қазгидротехэнерго» ЖШС	Алматы маңындағы күн электр станциясында электр энергиясын өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Теплоэнергомаш» ЖШС	Жаңартылатын энергия көздері саласында жобаларды іске асыру	100%	100%	Қазақстан
«Energy Solutions» ЖШС	Жаңартылатын энергия көздері саласында жобаларды іске асыру	100%	100%	Қазақстан
	Тасымалдау және өзге де қызметтер	100%	100%	Қазақстан

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

30 Негізгі еншілес, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар (жалғасы)

Кәсіпорын атауы	Қызмет түрі	% дауыс құқығы	Қатысу үлесі	Тіркелген ел
Қауымдасқан кәсіпорындар:				
«Балқаш ЖЭС-і»	Балқаш ЖЭС-ін салу	50%- 1 акция	50%- 1 акция	Қазақстан
Бірлескен кәсіпорындар:				
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	Көмір негізінде электр және жылу қуатын өндіру	50%	50%	Қазақстан
Forum Muider BV («Forum Muider»)	Компания Богатырь Көмір және маңызды операцияларды жүзеге асырмайтын Ресей Федерациясы мен Кипр Республикасында тіркелген бірқатар компаниялардың жарғылық капиталының 100% үлесіне ие (Компания энергетикалық көмір өндірумен айналысады)	50%	50%	Нидерланды
Тоқтатылған қызмет:				
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ («Ақтөбе ЖЭО»)	Ақтөбе қаласында электр, жылу қуатын және ыстық су өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Маңғыстау электр желілік бөлу компаниясы» АҚ («МЭБК»)	ҚР Маңғыстау облысының мұнай және басқа компанияларға электр энергиясын тасымлауда, электрді техникалық тарату бойынша, сондай-ақ шалғайдағы ауылдық аудандарға электр энегиясын сату бойынша қызметтерді ұсыну	78.6%	78.6%	Қазақстан
«Тегіс Мұнай» ЖШС («Тегіс Мұнай») және «Маңғышлақ Мұнай» ЖШС	Газ кен орнын барлау және әзірлеу	100%	100%	Қазақстан
«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ («ШҚАЭК»)	Шығыс Қазақстан облысының желісінде электр энергиясын тасымалдау, электрді техникалық тарату бойынша қызмет көрсету	100%	100%	Қазақстан
«ШығысЭнергоТрейд» ЖШС («ШЭТ»)	Шығыс Қазақстан облысы аумағында электр энергиясын сату	100%	100%	Қазақстан

2016 жылғы 31 желтоқсанда тоқтатылған қызмет ретінде көрсетілген «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ, «Шығыс Қазақстан таратушы электр желілік компаниясы» АҚ мен «ШығысЭнергоТрейд» ЖШС 2017 жыл ішінде сатылды (15-ескертпе).

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

31 Санаттар бойынша қаржылық құралдар

Қаржылық құралдар бойынша есептік саясат тұжырымдары төменде аталған баптарға қолданылды:

	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>		
Қарыздар мен дебиторлық қарыз		
Ақша қаражаттары және оның эквиваленттері	32,719,043	17,350,461
Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	7,312,723	7,294,340
Ұзақ мерзімді және мерзімді депозиттер	5,066,348	31,631,769
Қаржылық дебиторлық берешек	37,186,520	15,836,932
Алынатын дивидендтер	1,281,082	1,728,179
Басқа	371,741	-
Өтеуге дейін ұсталатындар		
Облигациялар	1,972,522	223,491
Барлық қаржылық активтер	85,909,979	74,065,172
Қаржылық міндеттемелер		
Қарыздар	358,487,044	387,560,600
Қаржылық кредит берешегі	19,415,733	16,070,997
Еншілес компаниялардың артықшылық берілген акциялары бойынша міндеттемелер	-	309,323
Барлық қаржылық міндеттемелер	377,902,777	403,940,920

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару

Қаржылық тәуекел факторлары

Топ қызметі оны бірқатар қаржылық тәуекелдерге әкеледі: нарықтық тәуекел (оның ішінде валюталық тәуекел, пайыздық мөлшерлеме өзгерісінің әсер ету тәуекелі), несие тәуекелі және өтімділік тәуекелі. Топ деңгейіндегі тәуекелдердің басқару бағдарламасы қаржылық нарықтардың белгісіздігіне және Топтың қаржылық нәтижелеріне кері әсер етуді максималды түрде қысқартуға бағытталған. Топ тәуекелге ұшырауды хеджирлеу үшін қаржылық құралдарды пайдаланбайды.

Тәуекелдерді басқару Топтың бас компаниясы бекіткен саясат несие тәуекелі, өтімділік тәуекелі және нарық тәуекелі сияқты арнайы салаларды қамтитын және тәуекелдерді басқару принциптерін қарастыратын саясатқа сәйкес жүргізіледі (1-ескертпе).

(а) Кредит тәуекелі

Топ кредит тәуекеліне ұшырауы мүмкін, атап айтқанда қаржылық құрал бойынша бір тарап басқа тарапқа қаржылық шығын әкелу тәуекеліне ұшырауы мүмкін, себебі ол өз міндеттерін орындай алмайды. Кредит тәуекелі негізінен пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты, қаржылық дебиторлық берешек, басқа қысқа мерзімді қаржылық активтер мен ақша қаражатынан және олардың баламаларынан туындайды. Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты, қаржылық дебиторлық берешек, басқа қысқа мерзімді қаржылық активтер және ақша қаражаты мен олардың баламаларының теңгерімдік бағасы кредит тәуекеліне ұшырауы мүмкін ең жоғары соманы білдіреді. Кредит тәуекеліне қатысты келесі ақпарат 10,12,13 және 14-ескертпелерде көрсетілген.

Топтың кейбір компаниялары нарықта басымдыққа ие және/немесе сәйкес аймақтарда электр және жылу қуаты бойынша табиғи монополистер саналады. Сәйкесінше, бұндай компаниялардың тұтынушылары шектелген және олар өнімдерді тұтынушының несие төлеу қабілетін ескермей сатуға мәжбүр. Топтың тұтынушылардың несие төлеу қабілетін, ішкі рейтингілерді иелену саясатын бағалау және контрагенттерге несие лимиттерін белгілеу жүйесі жоқ.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Топта актив кластары бойынша туындайтын ең жоғары кредиттік тәуекел мыналарды қамтиды:

Қазақстан теңгесімен, мың	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Өзге ұзақ мерзімді активтер		
- Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	10	11,660,781
- Облигациялар	10	1,972,522
- Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	10	880,539
- Ұзақ мерзімді депозиттер	10	60,500
Сауда және басқа дебиторлық берешек		
- Сауда дебиторлық берешегі	12	23,799,171
Өзге қысқа мерзімді активтер		
- Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	13	6,432,184
- Мерзімдік депозиттер	13	5,005,848
- Өзге дебиторлық берешек		1,726,568
- Алуға бөлінген дивидендтер	13	1,281,082
- Басқа	13	371,741
Ақша қаражаты және ақша қаражатының эквиваленттері		
- Мерзімді депозиттер	14	23,665,974
- Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты	14	9,040,676
- Кассадағы ақша қаражаты	14	12,393
		19,305
Барлық баланстық тәуекелдер	85,909,979	73,683,804
Қаржылық кепілдіктер – кепілдіктер берілген кредиттер мен қарыздар сомасы	27,117,000	21,667,000
Барлық ең жоғары кредит тәуекелі	113,026,979	95,350,804

Төменде ұйымдардың кредиттік рейтингі тұрғысынан алғанда, ақша қаражатына, депозиттер мен пайдалануы шектелген ақша қаражатына жасалған талдау келтірілген, олар осы талдауда орналастырылған:

Қазақстан теңгесімен, мың	31 желтоқсан 2017ж.	31 желтоқсан 2016ж.
BBB+	4,674	218
BBB- (негативті)	6,419,624	6,301,282
BB (негативті)	16,892,695	11,356,012
BB-	189,037	267,202
B+ (тұрақты)	1,227,606	898
B (негативті)	3,177,027	19,462,906
B- (негативті)	17,097,197	12,446,777
CCC (негативті)	59,088	5,993,986
D (негативті)	-	381,368
Жоқ	18,773	65,561
Барлық ақша қаражаты, пайдалануы шектелген депозиттер мен ақша қаражаты	45,085,721	56,276,210

Топ басшылығы сауда дебиторлық берешегі бойынша төлемдердің кешігу мерзімдері бойынша талдау жасайды және мерзімі өткен қалдықтарды бақылайды. Осылайша, басшылық 12-ескертпеде ашылған төлемдерді кешіктіру мерзімдері бойынша ақпаратты және кредит тәуекелі бойынша басқа ақпаратты ұсыну мақсатты деп санайды.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

(б) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Топтың қаржылық міндеттемелерді орындау кезінде қиындықтармен кездесу тәуекелі. Топтың қолданыстағы Даму жоспарларын қалыптастыру және мониторингілеу ережелеріне сәйкес, ақша ағымдарының қозғалысын жоспарлау және мониторингілеу қысқа мерзімді ай сайынғы негізде және 5 жылға қызметті орта мерзімді жоспарлаудықалыптастыру аясында жүзеге асады. Сондай-ақ, Компанияда 10 жылға Топты дамыту стратегиясы әзірленіп, бекітілуде (қазіргі таңда 2025 жылға дейін). Ақша ағымдарын жоспарлаған кезде депозиттерге бос ақша қаражатын орналастырудан түскен пайда есептеледі.

Төмендегі кестеде есепті кезеңнің аяғынан шарттарда көрсетілген өтеу мерзімдері талаптарының аяғына дейін қалған мерзімді көрсете отырып, Топтың қаржылық міндеттемелерінің өтеу мерзімдеріне бөлгендегі талдауы көрсетілген.

Қазақстан теңгесімен, мың	Қажет болғанға дейін және 1 айдан кем мерзімде	1-3 ай	3-12 ай	12 ай – 5 жыл	5 жылдан астам	Барлығы
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша						
Қарыздар	3,718,440	16,232,161	47,180,591	272,168,444	213,491,282	552,790,918
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	2,257,670	2,257,670
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа кредиторлық берешек	14,811,963	2,472,317	195,244	2,257,670	-	19,737,194
Барлық қаржылық міндеттемелер	18,530,403	18,704,471	47,375,831	274,426,111	215,748,951	574,785,781
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша						
Қарыздар	2,994,334	6,438,844	200,880,905	123,371,873	203,237,095	536,923,051
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	-	-	-	929,155	-	929,155
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа кредиторлық берешек	6,577,549	1,159,115	856,390			7,822,301
Барлық қаржылық міндеттемелер	9,571,883	7,597,959	201,737,295	124,301,028	203,237,095	546,445,261

2016 жылғы 31 тамызда Samsung C&T Опциондық келісімге сәйкес акцияларды сату опционын орындау туралы «Самұрық-Энерго» АҚ атына хабарлама жіберді. (4- ескертпе).

Топ Әкімдіктің алдындағы 5,841,513 мың теңге мөлшеріндегі кредиторлық берешегі бойынша ақшалай қаражаттың шығарылуын болжамайды (4- ескертпе).

(в) Нарықтық тәуекел

Валюталық тәуекел

Топтың кейбір қарыздары (17-ескертпе) және негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешегі (19-ескертпе) шетелдік валютада (АҚШ доллары мен еуро) көрсетілген, сондықтан Топ валюталық тәуекелге ұшырауы мүмкін. Қазақстан нарығында туынды қаржылық құралдарды таңдау шектеулі және бұндай құралдар қымбат болғандықтан, басшылық Топтың валюталық тәуекелін хеджирлемөу туралы шешім қабылдады, себебі мұндай құралдардың табыстары сәйкес шығындарды жаппайды. Бұған қарамастан Топ болашақта және қажет болған кезде хеджирлеу құрылымын енгізу үшін қаржылық нарықтағы өзгерістерді одан әрі бақылауды жалғастыруда.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Төмендегі кестеде валюталық тәуекелге ұшыратуы мүмкін шетелдік валюталарда белгіленген жалпы сомалар көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	АҚШ доллары	Еуро	Ресей рублі	Барлығы
<i>2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша</i>				
Активтер	18,129,531	1,293,446	2,578,331	22,001,308
Міндеттемелер	(61,214,298)	(2,349,725)	(6,538)	(63,570,561)
Таза жайғасым	(43,084,767)	(1,056,279)	2,571,793	(41,569,253)
<i>2016 жылғы 31 желтоқсан</i>				
Активтер	37,467,488	62,611	1,392	37,531,491
Міндеттемелер	(232,548,010)	(1,124,668)	(1,281,844)	(234,954,522)
Таза жайғасым	(195,080,522)	(1,062,057)	(1,280,452)	(197,423,030)

Төмендегі кестеде валюталар бағамы өзгеруінің әсері көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2017ж. 31 желтоқсан	2016ж. 31 желтоқсан
	Пайдаға немесе залалға және капиталға әсері	Пайдаға немесе залалға және капиталға әсері
АҚШ долларының [10%] бекуі (2016 ж.: [13]% бекуі)	(4,329,302)	(26,103,833)
АҚШ долларының [10%] әлсіреуі(2016 ж.: [13]%) әлсіреуі	44,329,302	26,103,833
Рубльдің [10%] бекуі (2016 ж.: [19]% бекуі)	205,743	(217,677)
Рубльдің [10%] әлсіреуі (2016ж.: [19]% әлсіреуі)	(205,743)	243,286
Еуроның [10%] бекуі (2016 ж.: [15]% бекуі)	(84,502)	(159,309)
Еуроның [10%] бекуі (2016 ж.: [15]% бекуі)	84,502	159,309
Барлығы	-	25,609

Пайыздық мөлшерлемені өзгерту тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемені өзгерту тәуекелі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыздардан туындайды. Топ ауыспалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздарға қатысты Лондон және All-in-Cost қор биржасындағы (Қазақстан Республикасындағы инфляцияның деңгейін және банктің басқа шығындарын ескеретін банктің жиынтық шығыстары) LIBOR квоталарының нарықтық тәуекеліне ұшырауы мүмкін. LIBOR мен All-in-Cost -тің ұлғаюы Топтың ақшалай қаржысының қозғалысына кері әсер етуі мүмкін. Топ LIBOR өзгерістеріне мұқият мониторинг жасауда.Топ ауыспалы мөлшерлемелердің өзгерістеріне егжей-тегжейлі мониторинг жүргізеді. Компанияның пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруімен байланысты тәуекелдерді талдау және жеңілдету бойынша ресми келісімдері жоқ. Егер 2017 жылғы 31 желтоқсанда пайыздық мөлшерлемелер 60 базистік пунктке жоғары болса және барлық басқа ауыспалы сипаттамалар өзгеріссіз қалар еді, ауыспалы пайыздық мөлшерлеме міндеттемелері бойынша аса жоғары пайыздық шығыстар нәтижесінде жылдық пайда 688,546 мың теңгеге көп/аз болушы еді (31 желтоқсан 2016: 362,319 мың теңге).

Капиталды басқару

Топтың капиталды басқарудағы міндеттері акционерлер үшін пайданы және басқа мүдделі тараптар үшін табыстарды қамтамасыз ету үшін қызметтің үздіксіздігі қағидаттарына сәйкес Топтың өз қызметін жалғастыру қабілетін қамтамасыз ету болып табылады. Топ капитал құрылымын ұстап немесе түзету үшін акционерлерге төленетін дивиденттер сомасын өзгерте алады, сондай-ақ акционерлерге капиталды қайтара алады немесе

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

қарыз ақшаны азайту үшін активтерді сата алады. Топ саланың басқа да компаниялары сияқты Топ өзінің және қарыздық капиталының арақатынасы негізінде капитал мониторингін жүргізеді. Бұндай арақатынас капиталдың жалпы сомасына бөлінген таза қарыз ақша ретінде анықталады. Таза қарыз ақша қарыздардың жалпы сомасы ретінде анықталады, (оған қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген «қысқа мерзімді қарыздар» мен «ұзақ мерзімді қарыздар» да жатады). Капиталдың жалпы сомасы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген «Барлық капитал» ретінде анықталады, оған таза қарыз ақша да кіреді. Басшылық қарыз қаражаты мен өз капиталының ара қатысын Топ тәуелінің деңгейі үшін 50% тең мөлшерде қолайлы деп қарастырады.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Ескер -тпе	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Барлық қарыздар	17	358,487,044	387,560,600
<i>Минус:</i>			
Ақша қаражаттары және оның эквиваленттері	14	32,719,043	17,350,461
Таза қарыздық ақша		325,768,001	370,210,139
Барлық меншікті капитал		479,510,676	516,596,135
Барлық капитал		805,278,677	886,806,274
Қарыздық және меншікті капиталдың арақатынасы		40%	42%

33 Әділ құн туралы ақпаратты ашу

Әділ құнды бағалау

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша былайша талданып, бөлінеді: (i) 1-деңгейге сәйкес активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеу бойынша бағалар (түзетілмейтін) жатады, (ii) 2-деңгейге – актив немесе міндеттемелер үшін тікелей (яғни, мысалы, баға) немесе жанама (яғни, мысалы, бағаның туындысы) бақыланатын болып табылатын барлық пайдаланылатын маңызды бастапқы деректері бар бағалау модельдерінің көмегімен алынғандар және (iii) 3-деңгейдің бағалары бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген) бағалар болып табылады. Қаржылық құралдарды әділ құн иерархиясындағы белгілі бір санатқа жатқызған кезде басшылық пайымдауды қолданады. Егер әділ құнды бағалауда айтарлықтай түзетуді талап ететін бақыланатын деректер пайдаланылса, онда ол 3-деңгейге жатады. Пайдаланылатын деректердің маңыздылығы әділ құнның барлық жиынтық бағасы үшін бағаланады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

34 Әділ құн туралы ақпаратты ашу (жалғасы)

Төменде әділ баға бойынша бағаланбайтын активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік бағасы мен әділ баға иерархиясы деңгейлері бойынша әділ бағаның талдауы келтіріледі

Қазақстан теңгесімен, мың	31 желтоқсан 2017 ж.				31 желтоқсан 2016 ж.			
	1-деңгей Әділ баға	2-деңгей Әділ баға	3-деңгей Әділ баға	Теңгерімді ік баға	1-деңгей Әділ баға	2-деңгей Әділ баға	3-деңгей Әділ баға	Теңгерімді ік баға
АКТИВТЕР								
Ақшалай қаражат пен олардың эквиваленттері	-	32,719,043	-	32,719,043	-	17,350,461	-	17,350,461
Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат	-	7,312,723	-	7,312,723	-	6,912,972	-	6,912,972
Тіркелген мерзімі бар депозиттер	-	5,066,348	-	5,066,348	-	31,631,769	-	31,631,769
Қаржылық дебиторлық берешек	-	23,799,171	-	25,525,739	-	15,836,932	-	15,836,932
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	-	11,660,781	-	11,660,781	-	-	-	-
Алынатын дивидендтер	-	-	1,281,082	1,281,082	-	-	1,728,179	1,728,179
Дисконтталған ең төменгі жалдау төлемдері сомаларының әділ құны	-	-	9,607,937	531,852	-	-	10,950,240	667,785
Облигациялар	1,228,736	-	767,518	1,996,254	212,098	-	-	223,491
Барлық қаржылық активтер	1,228,736	80,558,066	11,656,537	86,093,822	212,098	71,732,134	12,678,419	74,351,589
Міндеттемелер								
Қарыздар	-	333,948,588	-	358,487,044	167,789,851	218,862,253	-	387,560,600
Қаржылық кредиторлық берешек	-	17,158,063	-	17,158,063	-	15,141,842	-	15,141,842
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	-	-	2,257,670	2,257,670	-	929,155	-	929,155
Басқа міндеттемелер	-	-	-	-	-	309,323	-	309,323
Барлық қаржылық міндеттемелер	-	351,106,651	-	377,902,777	167,789,851	235,242,573	-	403,940,990

Әділ құн иерархиясының 2-деңгейіндегі және 3-деңгейіндегі әділ құнның бағасы дисконтталған ақша ағыны моделінің көмегімен орындалды. Белсенді нарықта бағасы белгіленбеген тіркелген пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қаржылық құралдардың әділ құны баланстық құнға тең болып қабылданды. Белсенді нарықта бағасы белгіленбеген тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар құралдардың әділ құны осы сияқты кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған қарызға беру нарығында қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, дисконтталған ақша ағынының моделіне негізделеді.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы құралдардың әділ құны олардың баланстық құнына тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген құралдардың бағаланатын әділ құны осы секілді кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы күтілетін болашақ ақша ағындарының сомаларын дисконттау моделіне негізделеді. Қолданылатын дисконттау мөлшерлемелері контрагент тарапынан болатын кредиттік тәуекелге байланысты.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін міндеттемелер. Облигациялардың әділ құны нарықтық баға белгілеулерге негізделеді. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қарыздардың әділ құны шамамен баланстық құнға тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың есептік әділ құны осы сияқты кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімімен жаңа құралдарға арналған күтілетін дисконтталған ақша ағынына негізделеді.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

35 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар

2018 жылғы 15 қаңтарда «Мойнақ СЭС» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арасында «Мойнақ СЭС» АҚ-ның «Қазақстан Даму Банкі» АҚ алдындағы 2018 жылға арналған міндеттемелері бойынша 2,7 млн. АҚШ доллары сомасында бланкілік контр-кепілді беру туралы келісімі жасалды.

2018 жылы 18 қаңтарда "АЖЭО" АҚ-ның 8,600,000 мың теңге сомадағы 366 768 қағаз акциясына меншік құқығы берілді.

2018 жылғы 25 қаңтарда «Самұрық-Энерго» АҚ ЕҚДБ-дан алған 2 333 665 мың теңге сомасында негізгі қарыз бен сыйлықақының өтелуін жүзеге асырды (1 521 117 мың теңге мөлшеріндегі негізгі қарызды және 812 547 мың теңге мөлшеріндегі сыйлықақыны өтеді). 2018 жылғы 8 ақпанда «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан алған 2 млрд. теңге сомасындағы қарызды мерзімнен бұрын төледі.

2018 жылғы 31 қаңтарда «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен жасалған қарыз шарты бойынша кредит желісін 2,5 млрд. теңгеден 3,5-ке дейін ұлғайтуға қосымша келісім жасалды және 6 ай мерзімге жылдық 13% мөлшерлемесі бар 1 млрд. теңге сомасында қысқа мерзімді қарыз тартылды.

2018 жылы 8 ақпанда «Екібастұз ГРЭС-1» "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-ның 2 млрд. теңге сомасындағы қарызын мерзімінен бұрын өтеді.

2018 жылы 22 ақпанда "Богатырь Көмір" ЖШС мен Еуразия Даму Банкінің арасында "Богатырь" разрезінде көмір өндіру, тасымалдау, тұрақтандыру және тиеудің циклдық-ағынды технологиясына көшу" жобасын қаржыландыру үшін 196,9 млн. еуроға кредиттік шартқа қол қойылды.

2018 жылы 28 ақпанда «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-ның 3 млрд. теңге сомадағы қарызын мерзімінен бұрын жапты.

2018 жылы 6 наурызда «Самұрық-Энерго» АҚ-ға «Сбербанк России» АҚ ЕБ-дан 2 жыл мерзімге жылдық 13% мөлшерлеменен 1,500,000 мың теңге сомада ұзақ мерзімді қарыз тартылды.

2018 жылы 7 наурызда «Самұрық-Энерго» АҚ жергілікті облигациялар бойынша 2,175,000 мың теңге сомасында алғашқы купонға төлем жасады.

2018 жылы 13 наурызда «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-ның 2 млрд. теңге сомадағы қарызын мерзімінен бұрын жапты.

2018 жылы 15 наурызда «Самұрық-Энерго» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2 538 976 мың теңге сомасындағы қарызын өтеді (2 381 109 мың теңге мөлшеріндегі негізгі қарыз бен 157 867 мың теңге мөлшеріндегі сыйақыны өтеді).

19.03.2018 ж. «Самұрық-Энерго» АҚ қаражаты есебінен «Qazaq Banki» АҚ-ның пайдасына 12 ай мерзімге 2,980,478 мың теңге сомасына «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ға қаржылай көмек берілді. Қаржылық көмекті қайтару «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы деректемелері бойынша жүзеге асырылатын болады. Негізгі мақсат – «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС мен «Қарағанды Энергоорталық» ЖШС арасында 2018ж. 16 наурызда жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарты бойынша алдын ала төлем жасау.

2018 жылы 29 наурызда «Самұрық-Энерго» АҚ ЕҚДБ-ның 4,421,698 мың теңге сомасындағы негізгі қарызын мерзімінен бұрын ішінара өтеді.

2018 жылы 29 наурызда «Самұрық-Энерго» АҚ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның қарызы бойынша 4,000,000 теңге сомада негізгі қарызын мерзімінен бұрын ішінара өтеді.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2017 жыл

35 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар (жалғасы)

2018 жылы 30 наурызда «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС «Сбербанк России» АҚ ЕБ-ның 4,725 млрд. теңге сомадағы қарызын жоспарлы түрде өтеді (2 млрд. теңге мөлшерінде негізгі қарызды және 1,925 млрд. теңге мөлшерінде сыйақыны өтеу).

2018 жылы 24 сәуірде «Самұрық-Энерго» АҚ-ға «Сбербанк России» АҚ ЕБ-дан 2 жыл мерзімге 13% жылдық мөлшерлемемен 1,500,000 мың теңге сомасында ұзақ мерзімді қарыз тартылды.

2018 жылы 25 сәуірде «Самұрық-Энерго» АҚ ЕҚДБ-дан алған қарыз бойынша 1, 495,100 мың теңге сомасында сыйақыны жоспарлы түрде өтеді.

АҚШ қазынашылық департаменті 06.04.2018ж. бірқатар Ресей компаниялары мен жеке тұлғаларына қатысты, атап айтқанда, «РУСАЛ» БК-ге («Богатырь Көмір» ЖШС-ның 50% тең акционері) қарсы санкция енгізді. АҚШ санкциялары «Богатырь Көмір» ЖШС үшін ЕАДБ-мен ЦАТ жобасын қаржыландыруға арналған 196,9 млн. еуроға жасалған кредиттік келісімді бұзу ықтималдығына байланысты төуекелдерге алып келуі мүмкін.

2018 жылы 17 сәуірде «Банк ЦентрКредит» АҚ Алматы облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына БЖЭС-ті банкрот деп тану туралы жүгінді. БЖЭС-тің 14 млрд. теңге сомада алынған қарыздары бойынша банк алдында алған міндеттемелерін орындамауы «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның жүгінуіне себеп болды. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығарған кезде іс сот өндірісінде болды, БЖЭС-ті банкрот деп тану туралы шешім шығарылған жоқ.

2018 жылы 25 мамырда Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ға қарыз бойынша негізгі қарызды 2,100,000 мың теңге сомада ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

2018 жылы мамырда Компания Сбербанк России АҚ ЕБ-ға қарыз бойынша негізгі қарызды 2,350,000 мың теңге сомада мерзімінен бұрын өтеді.

2018 жылы 31 мамырда «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның қарызын 7,000, 000 мың теңге сомада ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

Байланыс ақпараты

Есепке немесе оның мазмұнына қатысты кез келген сұрақ бойынша мына байланыс телефондары бойынша хабарласа аласыздар:

Тасбұлатов Ринат Ермекұлы, Баспасөз хатшысы

Телефон: +7 (7172) 55-30-62

email: r.tasbulatov@samruk-energy.kz

Мұхамеджанова Мақпал Өнербекқызы

**«Корпоративтік басқару және Орнықты даму»
департаментінің директоры**

Телефон: +7 (7172) 55-30-05

email: m.mukhamejanova@samruk-energy.kz

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы

Орталық басқару аппараты

010000, Ақмола обл., Астана,

Қабанбай батыр даңғылы, 15 А

“Q” бизнес орталығы, Б блогы

Телефондар: + 7 (7172) 55-30-00, + 7 (7172) 55-30-21

Факс: +7 (7172) 55-30-30

e-mail: info@samruk-energy.kz

*Жылдық есепте берілген ақпаратты қолданған кезде оған
сілтеме жасау міндетті*

